

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ БАЛАЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ
ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ
БАЯНДАМА



Астана, 2023



Қазақстан Республикасындағы балалардың 2022 жылғы жағдайы туралы баяндама, Астана, 2023, – 188 бет.

Қазақстан Республикасындағы балалардың 2022 жылғы жағдайы туралы баяндама мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынған ресми статистиканы, мәліметтерді, әлеуметтік зерттеулер деректерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы балалардың хал-ахуалы индексінің нәтижелерін талдау негізінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша дайындалды.

Авторлары: Аппельганц Е.П., Құсманова А.Г., Сатыбаева А.У., Беймішева А.С., Шайымова Д.Е., Мұқан С.М.

Безендірген: Веровская Ю.В.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
1-ТАРАУ. ҚР БАЛАЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	8
2-ТАРАУ. БАЛА	15
2.1. Демографиялық көрсеткіштер	22
2.2. Балалардың денсаулық жағдайы	23
2.3. Балалардың білімі, тәрбиесі және дамуы	34
2.4. Оқушылардың өзін-өзі басқару органдары, балалар өкілдігі	50
2.5. «Бала» бағыты бойынша балалардың хал-ахуалы индексінің қорытындылары	51
3-ТАРАУ. ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ	57
3.1. Балалы отбасылардың өмір сүру деңгейінің өзгеруі	57
3.2. Әйелдердің репродуктивті денсаулық жағдайы	64
3.3. ҰЕҰ-ның балалық шақ саласындағы қызметі	66
3.4. Өмірлік қиын жағдайдағы балалардың жағдайы	67
3.5. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (балалар үйлерін күту, алдын алу және институционализациялау)	71
3.6. Ата-аналар қауымымен жұмыс, ата-аналар комитеттері	74
3.7. Психологиялық қызметтер мен әлеуметтік пелагогтардың қызметі	80
3.8. Қамқоршылық кеңестердің қызметі	82
3.9. «Отбасы және қоғам» бағыты бойынша балалардың хал-ахуал индексінің қорытындылары	83
4-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ	90
4.1. Балалар объектілерінің инфрақұрылымын дамыту: материалдық- техникалық базаны талдау	90
4.2. Отбасы мен балаларға әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің жүйесін дамыту	100
4.3. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың, оның ішінде мүгедек балалардың жағдайы және оларды әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар	108
4.4. ҚР-дағы бала құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі	111
4.5. «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша балалардың хал-ахуалы индексінің қорытындылары	117
5-ТАРАУ. ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ	123
5.1. Әлеуметтік-экономикалық даму индикаторлары	123
5.2. Су мен ауаның сапасы	128
5.3. Елдің инфрақұрылымы	131
5.4. Елдің негізгі демографиялық сипаттамалары	137
5.5. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу	139
5.6. Балаларды тәрбиелеу мен дамыту үшін қауіпсіз жағдайлар жасау, суицидтің, буллингтің және балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу	141
5.7. «Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша балалардың хал-ахуалы индексінің қорытындылары	150
6-ТАРАУ. 2022 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІ	156
ҚОРЫТЫНДЫ	161
СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР	164

АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЕК	– Айлық есептік көрсеткіш
АӘК	– Атаулы әлеуметтік көмек
АжҚДМ	– ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
АТО	– Ақпараттық-талдау орталығы
БАҚ	– Бұқаралық ақпарат құралдары
БжҒМ	– ҚР Білім және ғылым министрлігі
БҚҚК	– ҚР ОАМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті
БҚО	– Батыс Қазақстан облысы
БҚУ	– ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкіл
БМЖ	– 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы
БП	– ҚР Бас прокуратурасы
БҰҰ	– Біріккен ұлттар ұйымы
ДДҰ	– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ДСМ	– ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
ЕжХӘҚМ	– ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЖАО	– Жергілікті атқарушы органдар
ЖАӨ	– Жалпы аймақтық өнім
ЖДО	– Жастар денсаулық орталықтары
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім
ЖКО	– Жол-көлік оқиғасы
ЖОО	– Жоғары оқу орны
ЖС	– ҚР Жоғарғы Соты
ИИДМ	– ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
ІІМ	– ҚР Ішкі істер министрлігі
КМ	– Кәсіптік мектеп
КТБО	– Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы
ҚМ	– ҚР Қаржы министрлігі
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚСжАЕК	– ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті
МДБ	– Мектепке дейінгі білім беру
МДМ	– Мектепке дейінгі мекемелер
МӘСҚ	– Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры
МЖӘ	– Мемлекеттік-жекешелік әріптестік

МЖМБС	– Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
МСМ	– ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
НҚА	– Нормативтік-құқықтық акт
ОАМ	– ҚР Оқу-ағарту министрлігі
ОЖСБ	– Оқу жетістіктерін сырттай бағалау
оқу жылы	– Оқу жылы
РҚБОӘО	– Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы
РМК, РМҚК	– Республикалық мемлекеттік (қазыналық) кәсіпорын
РММ	– Республикалық мемлекеттік мекеме
СанЕмН	– Санитарлық ережелер мен нормалар
СЖА ҰСБ	– ҚР Стратегиялық жоспарлау агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
СІМ	– ҚР Сыртқы істер министрлігі
СҚО	– Солтүстік Қазақстан облысы
СӨС	– Салауатты өмір салты
ТжКБ	– Техникалық және кәсіптік білім беру
ҮЕҰ	– Үкіметтік емес ұйымдар
ҰББД	– Ұлттық білім беру дерекқоры
ҰЭМ	– ҚР Ұлттық экономика министрлігі
ХЕҰ	– Халықаралық еңбек ұйымы
ШҚО	– Шығыс Қазақстан облысы
ШЫҰ	– Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ЭМ	– ҚР Энергетика министрлігі
ЮНИСЕФ	– БҰҰ-ның Балаларға көмек көрсету қоры

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Қазақстан Республикасындағы балалардың 2022 жылғы жағдайы туралы жыл сайынғы баяндаманы (бұдан әрі – Баяндама) ұсынады.

Баяндама «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына сәйкес әзірленді және уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған 2022 жылғы ресми статистикалық деректерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасында баланың негізгі құқықтарын іске асыру жөніндегі әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне негізделеді.

Баяндамада демография, денсаулық және қауіпсіздік, білім беру, тәрбие, демалыс, бос уақыт, әлеуметтік және құқықтық қорғау мәселелері жөніндегі Қазақстан балаларының жағдайына талдау жасалған. Онда балалар өмірінің әртүрлі аспектілері, оның ішінде балалар инфрақұрылымының жағдайы, отбасылардағы өмір сапасы және жалпы әл-ауқат мәселелері көрсетілген. Қазақстандағы балалардың жағдайы балалардың өздері тұрғысынан да, макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер призмасы арқылы да зерттелген.

Баяндаманы дайындау үшін жүргізілген әлеуметтік зерттеу шеңберінде Қазақстанның барлық 20 өңірінен 10-нан 17 жасқа дейінгі 3 мың бала мен 3 мың ата-анадан сұхбат алынды.

Бұл баяндама балалардың құқықтарын сақтау саласындағы өзекті деректердің агрегаторы бола отырып, балалармен жұмыс істейтін мамандардың, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың, Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының, халықаралық сарапшылардың, БАҚ-тың, ата-аналар қоғамының және басқа да мүдделі тараптардың балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ахуалды жақсарту үшін пайдаланылуы мүмкін.

Президенттің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығына сәйкес 2022 жыл Қазақстан Республикасында Балалар жылы болып жарияланды. 2022 жылғы 20 наурызда Үкіметтің №148 қаулысымен Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Баяндамада балалар жылын іске асыру шеңберінде іске асырылған балаларды мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілген.

Бұдан басқа, Баяндаманың құрылымы балалардың хал-ахуалы индексінің бағыттарына сәйкес және Қазақстан Республикасындағы балалардың хал-ахуалы индексінің нәтижелері негізінде құрылған.



1-ТАРАУ.

**ҚР БАЛАЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН
МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

1-ТАРАУ. ҚР БАЛАЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасы Балалардың құқықтарын қорғауды және олардың әл-ауқатын қамтамасыз етуді жоғары басымдықпен айқындайды. Осы тұрғыда Қазақстандағы қолданыстағы заңнама балалар құқықтарын қорғау саласындағы жаңа шындықтар мен халықаралық стандарттарға сәйкес үнемі жетілдіріліп бейімделуде.

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ҚР заңнамасы ҚР Конституциясының ережелеріне, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясына, «ҚР-дағы бала құқықтары туралы», «Білім туралы» ҚР Заңдарына және басқа да нормативтік құқықтық құжаттарға негізделеді.



- ✓ ҚР Конституциясы
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылдары және жасөспірімдер үйлері туралы» ҚР заңы
- ✓ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі
- ✓ ҚР Әлеуметтік кодексі
- ✓ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР заңы
- ✓ «Білім туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы
- ✓ «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» ҚР Заңы

Қазақстанда халықаралық құқықтық құжаттардың ережелері оларды ұлттық құқықтық жүйеге интеграциялау арқылы белсенді енгізіліп қолданылады. Адам құқықтарына байланысты 60-тан астам халықаралық құжат ратификацияланған, оның ішінде 16-сы балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған.



ҚР ратификацияланған

- ✓ БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы
- ✓ Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы конвенция
- ✓ Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты факультативтік хаттама
- ✓ Балалардың қарулы қақтығыстарға қатысуына қатысты факультативтік хаттама
- ✓ Хабарлама рәсіміне қатысты факультативтік хаттама
- ✓ Адамды сатуға және тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенция
- ✓ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт
- ✓ Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт
- ✓ ХЕҰ-ның Балалар еңбегінің ең жаман түрлерін жоюға тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенциясы
- ✓ ХЕҰ-ның Ананы қорғау туралы конвенциясы
- ✓ Адамды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу және жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама
- ✓ Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция
- ✓ Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенция
- ✓ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция
- ✓ Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция
- ✓ «Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы хаттама туралы» конвенция

2022 жылы балалардың құқықтарын қорғау саласында мынадай нормативтік құқықтық актілер қабылданды

Заң

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ Заңы.
2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 27 маусымдағы № 129-VII ҚРЗ Заңы.

Жарлықтар, өкімдер мен қаулылар

1. «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 853 Жарлығы.
2. «Балалардың хал-ахуал индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө өкімі.
3. «Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы № 148 қаулысы.
4. «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 Қаулысы.
5. «Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын бекіту туралы (Арнаулы бағдарлама)» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 390 қаулысы.
6. «Мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 26 мамырдағы № 339 қаулысы.
7. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 181 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 қарашадағы №904 қаулысы.
8. «Мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 қаулысына

өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 26 мамырдағы № 339 қаулысы.

9. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 962 қаулысы.

10. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 қаулысы.

11. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 25 қаулысы.

12. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 Қаулысы.

Бұйрықтар

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы.

2. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 532 бұйрығы.

3. «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 1 шілдедегі № 196 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 395 бұйрығы.

4. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 22 желтоқсандағы №510 бұйрығы.

5. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, мамандандырылған, арнайы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізі туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 510 бұйрығы.

6. «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

7. «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 490 бұйрығы.

8. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.

9. «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына өзгерістер

мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 464 бұйрығы.

10. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы.

11. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйры.

12. Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығы.

13. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі «Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» № 122 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 126 бұйрығы.

14. «Жасөспірімдер үйі туралы үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 101 бұйрығы.

15. «Баланы қабылдайтын отбасы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 қазандағы № 597 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 372 бұйрығы.

16. «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 28 шілдедегі № 343 бұйрығы.

17. «Балалар ауылындағы отбасы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № 140 бұйрығы.

2022 жылғы маңызды оқиғалардың қатарында – 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының қабылдануы.

Заң жобасының мақсаты Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру және БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетінің 2016-2020 жылдарға арналған 70 - ші сессиясының ұсынымдарын іске асыру, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Мемлекет басшысының Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында берілген тапсырмасын орындау болып табылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «баланы қорқыту (буллинг)» ұғымы, сондай-ақ білім беру органдары мен білім беру ұйымдарын лицензиялау құзыреттерін толықтыру бөлігінде бірқатар түзетулер енгізілді.

«Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» және «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына балаларды кибербуллингтен қорғауға бағытталған жаңа нормалар енгізілді.

«Неке (ерлі - зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекске баланы отбасына қабылдау кезінде психологиялық даярлықтан өту мерзімдері және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұрғын үй алу үшін есепке қою мерзімін қысқарту бөлігінде өзгерістер енгізілді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреттері мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған медициналық оңалту орталықтарын құру туралы тармақпен толықтырылды.

Сонымен қатар, 2022 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 27 маусымдағы № 129-VII ҚРЗ ҚР Заңы қабылданды. Бұл заңда мүгедектігі бар баланы санаторийде алып жүруге, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге, мүгедектігі бар адамдарға қатысты анықтамаларды өзгертуге арналған шығыстарды өтеу жөніндегі нормалар көзделеді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө өкімімен қабылданатын саяси, басқарушылық және қаржылық шешімдердің сапасын жақсартуға, халық балалардың әл-ауқаты туралы ақпаратқа қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беретін Балалардың хал-ахуал индексі енгізілді.

Индексті енгізу балалардың хал-ахуалы мәселелеріне тартылған мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыруға алып келеді, соның негізінде объективті және субъективті деректерге негізделген саяси және басқарушылық шешімдер қабылдауға болады.

Жұмыс нәтижелеріне мыналар жатады:

1) Қазақстан өңірлері бөлінісінде индикаторларды таңдау және салыстыру, сондай-ақ балалардың әл-ауқатының халықаралық индекстерімен салыстыру мүмкіндігі;

2) мемлекет пен жұртшылық тарапынан шұғыл араласуды талап ететін балалар мен отбасылардың проблемаларына қоғамның, саяси қайраткерлердің, мемлекеттік органдардың назарын аудару мүмкіндігі;

3) қоғамдық пікірді есепке алу, оның ішінде әлеуметтік сауалнамаларды балалардың хал-ахуалының интерактивті картасы жүйесі арқылы жүргізуге;

4) әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларға бюджет қаражатын тиімді жоспарлау, сондай-ақ Қазақстандағы аз қамтылған отбасылардың жағдайын қадағалау мүмкіндігі;

5) балалардың дамуын ұзақ уақыт бойы қадағалап отыру, туғаннан бастап ересек жасқа дейінгі сыни кезеңдегі балалардың дамуы мен әл-ауқатын талдау мүмкіндігі.

ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысымен «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы ұлттық жобаны іске асыру басталды. Жобаны іске асыру:

- үш ауысымды және апатты мектептер, оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешуге;

- қала мен ауыл арасындағы білім беру сапасының алшақтық факторларын жоюға;

- білім беру ортасының (инфрақұрылымның) жаңа стандарттарын енгізуге мүмкіндік береді.

Жекелеген санаттағы білім алушыларға материалдық көмек көрсетудің қолданыстағы жүйесін трансформациялау мақсатында және «Білім туралы» ҚР Заңының 4-бабының 21) тармақшасына сәйкес ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысына (ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 Қаулысы) өзгерістер енгізілді.

Балаға қатысты қорқытудың (буллингтың) алдын алу және анықтау жөніндегі қызмет тәртібін айқындайтын баланы қорқытудың (қорқытудың) алдын алу қағидалары, сондай-ақ білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын нығайту үшін мамандардың балалармен, ата-аналармен және педагогтармен жұмыс істеу алгоритмдерін сипаттайтын білім беру ұйымдары үшін психологиялық қызмет қызметінің қағидалары бекітілді.

Министрлік білім беру органдары мен ұйымдарын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің, суицидтің, құқық бұзушылықтардың (буллингтің) алдын алу мәселелері бойынша баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бөлігінде бірқатар бұйрықтарға өзгерістер енгізді.

Педагог-психологтардың, психологтардың лауазымдық міндеттеріне білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға, педагогикалық ұжымға нақты психологиялық проблемаларды шешуде көмек көрсетуді, білім алушылар арасында киберкультура мен кибергигиенаны дамытуды, тәрбиеленушілерді қорғау, қорқытудың, суицидтің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу, сондай-ақ өмірді, білім беру процесі кезеңіндегі оқушылардың денсаулығы мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуді көздейтін «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Министрдің бұйрығына өзгерістер енгізілді.

Қабылданған шаралар азаматтардың балалардың құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілігін күшейту арқылы республикадағы балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау жүйесін нығайтуға, әр түрлі мүдделі органдар мен ұйымдардың балалық шақты қорғау саласындағы мамандарының кейбір аспектілерін реттеуге мүмкіндік берді.

Жұртшылық арасында жаңа заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру бойынша кең ауқымды жұмыс жүргізілді.



2-ТАРАУ.

БАЛА

2-ТАРАУ. БАЛА

2.1. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

2023 жылдың басында 0-17 жас аралығындағы **балалар саны** 6 717 954 адамды құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 1,5%-ға жоғары. Жалпы Қазақстанда балалар саны тұрақты өсу үрдісіне ие: соңғы он жылда балалар саны 25%-ға өскен.

2023 жылдың басындағы деректерге өңірлік талдау көрсеткендей: балалар санының көбі Түркістан (911 807 адам), Алматы (538 099 адам) және Жамбыл (461 981 адам) облыстары сияқты өңірлерде, сондай-ақ Алматы (647 156 адам), Шымкент (482 954 адам) және Астанада (444 453 адам) тұрады.

Еліміздің басқа өңірлерімен салыстырғанда балалар саны ең аз Ұлытауда (74 663 адам), Солтүстік Қазақстан (128 851 адам), Абай (188 851 адам), Қостанай (209 033 адам), Батыс Қазақстан облыстарында (214 596 адам) тұрады.

Жалпы, балалар құрылымында ұлдар 3 444 693 немесе 51,3%-ды, қыздар 3 273 261 адамды немесе 48,7%-ды құрайды. Ұлдардың саны қыздарға қарағанда 171 432 адамға көп.

Еліміздің жекелеген аймақтарында балалар құрылымындағы ұлдар саны қыздардың санынан едәуір асып түсетіндігіне назар аударылады. Мәселен, ұлдар Түркістан облысында 25 543 адамға, Алматы қаласында 18 684 адамға, Астана қаласында 14 045 адамға көп.

2.1-кесте. Жыл басындағы өңірлер бойынша 0-17 жастағы балалар саны, адам

	2022 жылдың басы			2023 жылдың басы		
	Барлығы	ұлдар	қыздар	Барлығы	ұлдар	қыздар
ҚР	6617000	3401929	3215071	6717954	3444693	3273261
Абай	186790	96393	90397	188851	97562	91289
Ақмола	223606	114159	109447	224262	114604	109658
Ақтөбе	318565	164387	154178	324798	167200	157598
Алматы	530377	272732	257645	538099	273600	264499
Атырау	262387	134984	127403	267997	137133	130864
БҚО	211751	109350	102401	214596	110590	104006
Жамбыл	457058	234356	222702	461981	236280	225701
Жетісу	241220	123775	117445	243695	124469	119226
Қарағанды	316473	162814	153659	317733	163433	154300
Қостанай	209313	107439	101874	209033	107730	101303
Қызылорда	323035	166484	156551	329063	168904	160159
Маңғыстау	310483	159791	150692	318164	162378	155786
Түркістан	899220	465329	433891	911807	468675	443132
Ұлытау	73370	37303	36067	74663	37947	36716
Павлодар	205518	105528	99990	205890	105815	100075
СҚО	129590	66785	62805	128851	66582	62269
ШҚО	183222	94199	89023	183908	94753	89155
Астана қ.	427481	220260	207221	444453	229249	215204
Алматы қ.	638452	328276	310176	647156	332920	314236

Шымкент қ.	469089	237585	231504	482954	244869	238085
------------	--------	--------	--------	--------	--------	--------

Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері


Өңірлерде балалардың өздері тұратын елді мекен түріне қарай таралуы әрдайым біркелкі бола бермейді. Еліміздің бірқатар өңірлерінде қалалық елді мекендерде тұратын балалардың үлесі ауылдық елді мекендерге қарағанда бірнеше есе жоғары. Атап айтқанда, Қарағанды облысында: қалаларда ауылдарға қарағанда шамамен 4 есе көп бала тұрады, Ұлытауда 3,5 есе, Ақтөбе облысында 3 есе, Павлодар облысында 2 есе көп. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан облысындағы қалалық балалардың үлесі 2 есе жоғары.

Сонымен қатар, Алматы облысында ауылдық балалар қалалық балалардан 5 есе, Түркістан облысында 3 есе көп.

Жалпы деректердің статистикалық талдауы көрсеткендей, Қазақстанның 6 млн баласының алтыдан бір бөлігі немесе 1 133 000 бала Алматы (450 мың) немесе Түркістан (683 мың) облысының ауылдарында тұрады.

Қала/ауыл бөлінісінде балалар арасындағы ұлдар мен қыздардың үлесі бірдей. Мәселен, қалалық елді мекендерде ұлдардың үлесі 51,7%-ға, ауылдық елді мекендерде 51,1%-ға, қыздар тиісінше 48,3%-ға және 48,9%-ға тең.

2.1-диаграмма. 2023 жылдың басында қоныстану түрі бойынша 0-17 жастағы балалар саны, өңірлік бөліністе, адам.



Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

Орташа алғанда, халықтың жалпы санындағы балалардың үлесі 34%-ды қалалық жерлерде 35,8%-ды, ауылдық жерлерде 32,3%-ды құрайды. Алайда, бұл үлес облыстар бойынша өзгереді.

Балалардың ең төменгі үлес салмағы еліміздің шығыс және солтүстік өңірлері – ШҚО (25,1%), Қостанай (25%), Павлодар (27,3%) және Солтүстік Қазақстан (24%) облыстарында, оңтүстігі мен батысы – Түркістан (43,3%), Маңғыстау (41,8%) облыстары мен Шымкент қ. (40,5%) жоғары екені байқалады.

2.2-кесте. 2023 жылдың басындағы өңірлердегі балалардың үлес салмағы, %-бен

Өңір	Барлығы	Қала халқы	Ауыл халқы
ҚР	34,0%	35,8%	32,3%
Абай	30,9%	32,5%	29,3%
Ақмола	28,4%	29,7%	27,2%
Ақтөбе	35,0%	36,8%	33,3%
Алматы	36,1%	37,0%	35,1%
Атырау	38,8%	40,4%	37,3%
БҚО	31,2%	32,9%	29,6%
Жамбыл	38,0%	39,3%	36,8%
Жетісу	34,9%	36,0%	33,7%
Қарағанды	28,0%	30,0%	26,1%
Қостанай	25,0%	26,6%	23,6%
Қызылорда	39,6%	40,6%	38,6%
Маңғыстау	41,8%	43,2%	40,4%
Түркістан	43,3%	43,9%	42,6%
Ұлытау	33,7%	35,0%	32,5%
Павлодар	27,3%	29,2%	25,5%
СҚО	24,0%	25,6%	22,6%
ШҚО	25,1%	27,0%	23,4%
Астана қ.	32,8%	35,5%	30,4%
Алматы қ.	29,9%	33,2%	27,1%
Шымкент қ.	40,5%	42,5%	38,6%

Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

Бұл демографиялық үрдістердің себебі өңірлердің әлеуметтік және мәдени ерекшеліктері арқылы түсіндіріледі. Қазақстанның оңтүстігі мен батысы некеге тұрудың орташа жасының ерте болуына және солтүстік өңірлермен салыстырғанда отбасындағы балалар санының көптігіне байланысты репродуктивті мінез-құлыққа қатысты дәстүрлі құндылықтардың басым болуымен ерекшеленетіні жалпыға мәлім. Бұл ерекшеліктерді білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде ескеру қажет, өйткені жекелеген өңірлердегі балалардың үлес салмағының жоғары болуы білім беру ұйымдарында, балаларға медициналық көмекке және балаларға арналған басқа да әлеуметтік қызметтерге қосымша қажеттіліктің болатынын білдіреді.


Бала туу ананың денсаулығы, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар және т. б. сияқты халықтың денсаулығына бірқатар факторлардың әсерін көрсететін қоғамның маңызды медициналық-әлеуметтік сипаттамаларының бірі болып табылады.

2022 жылы Қазақстанда 403 893 бала дүниеге келді, оның ішінде 241 459 бала қалаларда, 162 434 бала ауылдарда дүниеге келді.

Бала туудың ең жоғары көрсеткіштері Түркістан облысында (58,2 мың), Алматы қаласында (36,1 мың), Алматы облысында (35 мың), Шымкент қаласында (31,9 мың), Астана қаласында (30,3 мың), Жамбыл облысында (26,7 мың) байқалады.

Ұлытау облысында (4,6 мың) және Солтүстік Қазақстан облысында (5,9 мың) бала ең аз дүниеге келген.

2.2-диаграмма. ҚР-да 2021-2022 жылдардағы бала туу көрсеткіші, мың адам



Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

2017 жылдан 2021 жылға дейін туғандар саны тұрақты түрде өсті, бұл ретте бұл үрдіс қалаларда байқалды, ал ауылдарда жағдай біршама өзгеше болып, туғандар саны 2020 жылдан бастап айтарлықтай өсе бастады. Алайда 2022 жылы бала туу көрсеткіші төмендеді. Бала туу деңгейінің төмендеуі, бір жағынан, пандемия нәтижесінде ниверлерлеумен, яғни бала туу коэффициентінің 2019 жылы 21,73-тен 2020 жылы 22,76-ға дейін және 2021 жылы 23,50-ге дейін күрт өсуі коронавирустық пандемия кезеңінің жағдайына байланысты және 2022 жылы коэффициенттің төмендеуі циклдің табиғи қарқынына қайта оралуына туындаған.

Сонымен қатар, ағымдағы бала туу коэффициенті 20,57-ні құрап, соңғы 7 жылдағы ең төменгі көрсеткішті көрсетіп отыр. Бұл құбылыстың себебі күрделі. Біріншіден, қазіргі уақытта бала туатын әйелдердің негізгі контингентін 90-шы жылдардағы демографиялық «шұңқыр» кезеңінде туған саны аз балалар құрайды. Екіншіден, қалаланудың жаһандық тенденцияларына, гендерлік теңдіктің күшеюіне, білім деңгейінің жоғарылауына байланысты әйелдердің құндылық көзқарастары өзгереді, ал олардың артында демографиялық трендтер – некеге тұру кезінде әйелдердің жасы артады, бірінші баланың туу кезіндегі орташа жас ұлғаяды, ажырасу саны артады.

2.3-кесте. ҚР-да бала туудың жекелеген көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
Тірі туғандар – барлығы, адам.	400 694	390 262	397 799	402 310	426 824	446 491	403 893
оның ішінде:							
қала халқы	229 731	226 847	235 014	239 496	249 627	262 507	241 459

ауыл халқы	170 963	163 415	162 785	162 814	177 197	183 984	162 434
1000 адамға шаққандағы жалпы бала туу коэффициенті	22,52	21,64	21,77	21,73	22,76	23,50	20,57

Дереккөз: ҚР ДСМ деректері


Балалар өлімі. Балалардың денсаулығын сақтау денсаулық сақтаудың, мемлекет пен қоғамның өзекті және маңызды проблемаларының бірі болып қала береді, өйткені балалар денсаулығы ересектер денсаулығының әлеуетін қалыптастырудың іргелі негізін құрайды. Ана мен баланы қорғау жөніндегі басым стратегиялық іс-шаралар «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде өз дамуын тапты.

ҚР – 2015 жылы Мыңжылдық дамудың 4-ші мақсатына жеткен («Балалардың өлімін 5 жасқа дейін төмендету») Орталық Азия өңіріндегі жалғыз ел болып, 2015 жылға қарай бала өлімінің деңгейін 2/3-ке, 1990 жылғы деңгейден 34,0-ден 1000 тірі туған балаға шаққанда 11,9-ға дейін төмендетті.

Соңғы 5 жыл ішінде Қазақстанда балалар өлімінің көрсеткіші төмендеу үрдісін көрсетуді жалғастыруда. Егер 2015 жылы бұл көрсеткіш 11,9 деңгейінде болса, 2022 жылы 9,88-ге дейін төмендеді.

Балалардың денсаулығын сақтау саласындағы көрсеткіштерді жақсартуға мемлекеттік саясат шараларының кешені: кешенді жоспарларды, Жол карталарын, Балалар мен сәбилер өлімін азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын, балалар мен босандыру жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу, жалпы әдістемелік және талдамалық жұмыс шеңберінде өңірлік медициналық ұйымдарға ұйымдық-әдістемелік көмек көрсету ықпал етті. Сондай-ақ, балалар өлімінің төмендеуіне жүктілік және босану кезінде білікті медицина қызметкерлеріне қол жетімділіктің артуы, иммундау, баланы емізу және арзан дәрі-дәрмектер сияқты өмірлік маңызды шараларды жүзеге асыру ықпал етеді.

2.3-диаграмма. 1000 туған балаға шаққанда 5 жасқа дейінгі қайтыс болған балалардың саны



Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

Ұлдар арасында балалар өлімі қыздарға қарағанда жоғары – 2022 жылғы мәліметтер бойынша сәйкесінше 10,93 және 8,76. Қыздармен салыстырғанда ұлдар арасындағы өлім-жітім деңгейінің жоғарылауы Дүниежүзілік денсаулық статистикасындағы құбылыс болып табылады, ол биологиялық, жыныстық мінез-құлық айырмашылықтарымен, кейде әлеуметтік-мәдени факторлармен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, балалар өлімінің көрсеткіштерінде мұқият назар аударуды және зерттеуді қажет ететін айтарлықтай аймақаралық айырмашылықтар бар. Өңірлік қарауда балалар өлімінің ең жоғары көрсеткіші Қостанай (1000 туған балаға шаққанда 12,65 бала), Қызылорда (12,13), Солтүстік Қазақстан (12,08) облыстарында және Шымкент қаласында (12,05) тіркелді. Балалар өлімінің ең төмен көрсеткіші Ақмола (6,05), Абай (7,02), Павлодар (8,63) облыстарында және Астана қаласында (8,88) байқалады.

Елді мекеннің типі бойынша талдау көрсеткендей, қалаларда балалар өлімі ауыл тұрғындарына қарағанда жоғары. Мәселен, 2022 жылдың деректері бойынша қалаларда балалар өлімінің деңгейі 11,63-ті, ал ауылдарда 7,27-ні құрады.

Қалалық елді мекендер арасында балалар өлімі бойынша Маңғыстау облысы (14,94), Жетісу облысы (14,78) және Солтүстік Қазақстан облысы (14,50) көш бастап тұр. Ауылдық елді мекендер қатарында 5 жасқа дейінгі балалар өлімі Қостанай облысында (12,20), СҚО-да (9,72) және Ақтөбе облысында (9,49) жоғары.

Балалар өлімінің себептері. 2022 жылы 17 жасқа дейінгі балалардың өлімі 5369 адамды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіштің төмендегенін білдіреді (-491). Қайтыс болғандардың жалпы санынан балалардың 17% (993) ЖКО, суицид, суға бату, терезеден құлау, өрт, дәрі-дәрмекпен және тұрмыстық химиямен улану және т.б. салдарынан қайтыс болады, тиісінше, Қазақстандағы әрбір бесінші балалар өлімін болдырмауға болады. Әсіресе елді мекеннің түріне байланысты айырмашылықтар алаңдатады. Ауылдарда (52%) қалаларға (36%) қарағанда сыртқы себептерден балалар жиі қайтыс болады. Бұл әртүрлі себептердің салдары болуы мүмкін, оның ішінде: 1) сапалы медициналық көмекке қол жетімділіктің шектеулі болуы және медициналық мекемелердің жетіспеушілігі, бұл жедел медициналық көмек пен жарақаттарды емдеудің кешігуіне әкелуі мүмкін және осылайша өлім қаупін арттырады; 2) дамымаған инфрақұрылым, яғни ауылдық жерлерде инфрақұрылым, оның ішінде жолдар, электр және сумен жабдықтау шектеулі болуы, бұл қауіпті жағдайлардың туындауына жағдай туғызуы мүмкін. Мысалы, жақсы жарықтандырылған жолдардың болмауы жол апаттарының қаупін арттыруы мүмкін. 3) тағы бір маңызды фактор ата аналардың тұрақты жұмысбастылығы болуы мүмкін. Ересектердің жұмыспен,

ауыл шаруашылығымен немесе тұрмыстық мәселелермен айналысуы балаға қарайтын уақыттың шектеулі болуына әкелуі мүмкін. Қадағалаудың болмауы жазатайым оқиғалар немесе жарақат алу қаупін арттырады.

Балалар өлімінің бірқатар себептерінің ең көп үлесін аурулар алады—83% (4436): тыныс алу органдарының аурулары (373), кейбір жұқпалы және паразиттік аурулар (370), ісіктер (209), қан айналымы жүйесінің аурулары (207) және басқа да ауру салдарынан қайтыс болады. Жұқпалы аурулардан балалар өлімі көрсеткішінің өсуі (+61) және ісіктерден болатын өлім-жітім санының төмендеуі (-25) өзіне назар аударады. Балалар өлімі ас қорыту органдарының аурулары (75) себебінен аз болады. Аталған себептер қалаларда тұратын балалар арасында жиі тіркеледі. Бұл жағдай әртүрлі факторлармен түсіндіріледі, оның ішінде: қоршаған ортаның ластануы, жасыл аймақтарға қол жетімділіктің шектелуі, физикалық белсенділіктің шектелуі, стресс деңгейінің жоғарылауы, бұл жеке және бірге балаларда тыныс алу жүйесі ауруларының, жұқпалы аурулар мен ісіктердің даму қаупін арттырады.

2.4-кесте. Жекелеген өлім себептерінен 0-17 жас аралығындағы балалардың өлім-жітімі

Өлім-жітім:	Барлық бала		Қала халқы		Ауыл халқы	
	2021	2022	2021	2022	2021	2022
Кейбір жұқпалы және паразиттік аурулар	309	370	199	240	110	130
Ісіктер	234	209	144	145	90	64
Қан айналымы жүйесінің аурулары	241	207	135	121	106	86
Тыныс алу органдарының аурулары	338	373	227	228	111	145
Ас қорыту ағзаларының аурулары	76	75	44	59	32	16
Өлімнің сыртқы себептері	932	933	485	439	447	494


Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

Сыртқы себептерге байланысты ұлдар қыздарға қарағанда 2 есе жиі өледі, сәйкесінше 17,85 және 9,86. Бұл гендерлік мінез-құлық айырмашылықтарымен байланысты болуы мүмкін. Ұлдар қауіпті ойындарға, экстремалды спорт түрлеріне, жол апаттарына және т. б. қатысу сияқты қауіпті мінез-құлыққа көбірек бейім, бұл өлімге әкелуі мүмкін жарақаттар мен жазатайым оқиғалардың ықтималдығын арттырады.

Өңірлік бөліністе ең жоғары көрсеткіштер Жамбыл облысында (21,29), Жетісуда (20,99) және Қостанай облысында (20,11) байқалады. Сыртқы себептерден балалар өлімінің ең азы БҚО-да (7,96), Астана қаласында (8,26) және Алматы қаласында (8,56) байқалды.

2021 және 2022 жылдардағы сыртқы себептерден балалар өлімінің өңірлік көрсеткіштерін салыстыру Жамбыл, Алматы, Қостанай, Маңғыстау, Ақтөбе облыстары сияқты 5 өңірде индикатордың өскенін көрсетеді. Жамбыл облысында өткен жылы сыртқы себептерден қайтыс болған балалардың саны екі есеге жуық өсті (2021ж. – 12,71, 2022ж. – 21,29).

2.4-диаграмма. Сыртқы себептерден 100 мың балаға шаққанда 0-17 жас аралығындағы қайтыс болған балалардың саны



Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

2.2. БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Ана мен бала денсаулығын қорғау кепілдік берілген көлем және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шеңберінде балаларға тегін медициналық көмек көрсетуді көздейтін денсаулық сақтау жүйесіндегі басым бағыттардың бірі болып табылады.

Қазақстанда әр қаладағы және ауылдағы медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) мекемелері ұсынған бастапқы деңгейден бастап, мамандар әртүрлі педиатриялық бейіндер бойынша медициналық көмек көрсететін республикалық деңгейге дейінгі балаларға медициналық көмек көрсетуге көп деңгейлі тәсіл қолданылады.

Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында жыл сайын 0 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды МСАК деңгейінде профилактикалық тексеру жүргізіледі.


Балалардың ауруларын ерте анықтау, түзету және емдеу үшін скринингтік бағдарламаларды жетілдіру және нормативтік-құқықтық базаны дамыту бойынша жұмыстар жүзеге асырылады. Ерте араласу, өмір сүру сапасын жақсарту және әлеуметтік маңызы бар ауруларды азайту мақсатында тұқым қуалайтын аурулар мен сенсорлық бұзылуларды диагностикалау мен емдеудің жаңа әдістері енгізілуде. Онкологиялық аурулармен ауыратын балаларға толық мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Балаларды оңалту дамуда.

Балалар семіздігі. ҚР ДСМ-нің деректері бойынша 2022 жылы 0-17 жас аралығындағы семіздікке шалдыққан балалардың саны 100 мың балаға шаққанда 44,08-ді құрады. Сонымен қатар, өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 7,04 тармаққа жақсарғанын көрсетті (2021 жылы – 51,12).

Өңірлер бөлінісінде ШҚО-да (112,43) және Шымкент қаласында (98,92) семіздікке шалдыққан 0-17 жастағы балалардың көпшілігі анықталды. Балалардағы семіздіктің ең төмен көрсеткіштері Ұлытауда (4,09), Жетісуда (18,66) және Түркістан облысында (18,46) байқалады.

Елді мекен типі бойынша деректерді талдау «семіздік» диагнозы қойылған балалардың ауылдарға (28,31) қарағанда қалаларда (55,0) жиі кездесетінін көрсетеді. Алайда, өткен жылдан бастап статистиканы динамикада қарау қалалық жерлерде артық салмағы бар балалар санының екі есе төмендегенін және ауылдық елді мекендерде бұл көрсеткіштің төрт есе артқанын анықтады (2021 жылы қалада семіздікке шалдыққан балалар саны 100 мыңға шаққанда 95,5, ауылдарда 7,0-ді құрады.). Қалалардағы балалар арасындағы артық салмақтың жоғары деңгейі қалалық орта жоғары калориялы тағамдарға, оның ішінде фаст-фудқа, тіскебасарларға және қант пен майға бай тағамдарға қол жеткізу үшін көбірек мүмкіндіктер ұсына алатындығына байланысты болуы мүмкін. Бұл дұрыс тамақтанбауға және балалардағы семіздік қаупін арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, проблеманың дамуына қозғалыс үшін қоғамдық көліктерді немесе автомобильдерді пайдалану салдарынан қалалардағы балалардың физикалық белсенділігінің шектеулі болуы ықпал етеді, ал ауылдардағы балалар жиі жаяу жүреді. Қазіргі уақытта балалардың гиподинамиясы мәселесін сандық гаджеттердің көптігі, интернеттің қол жетімділігі және әлеуметтік желілердегі ойын-сауық контентінің әртүрлілігі қиындатады, бұл балалардың экран алдында өткізетін уақыты олардың оффлайн режимінде белсенді қызметпен айналысуынан едәуір асып түсуіне ықпал етеді. Соңғы жағдай тек қалалық балаларға ғана емес, сонымен қатар ауылдық жерлерде тұратын балаларға да қатысты, сондықтан статистика ауылдық жерлердегі балалар арасындағы семіздік деңгейінің қалыптан тыс өсуін көрсетуі мүмкін. Тұтастай алғанда, ДДҰ-ның сарапшыларының пікірінше, мұндай алаңдатарлық үрдістер бүкіл әлем бойынша азық-түлік маркетингі мен саясатының салдары болып табылады, мұнда пайдалы және құнарлы тағамдар тым қымбат, ал қарқынды өңделген жоғары калориялы тағамдар көбінесе халық үшін бюджеттік балама болып табылады.

2.5-диаграмма. 100 мың балаға шаққанда семіздікке шалдыққан 0-17 жас аралығындағы балалар саны



Дереккөз: ҚР ДСМ деректері

Балалар арасындағы ас қорыту ағзаларының аурулары. Балалар денсаулығының тағы бір маңызды көрсеткіші – ас қорыту ағзаларының, асқазан-ішек жолдарының (бұдан әрі – АІЖ) ауру деңгейі. ҚР ДСМ-нің деректеріне сәйкес 2022 жылы 100 мың балаға шаққанда 0-17 жастағы балалар арасында ас қорыту ағзалары ауруларының саны 6412,82-ні құрады. Сонымен қатар, балалар арасындағы ас қорыту ағзалары ауруларының саны өткен жылмен салыстырғанда 3,2%-ға (5950,3) өсті.


Өңірлік деректер қиығы Түркістан облысында (9636,57), Абай облысында (9042,24), Астана қаласында (8587,98) балалар арасында ас қорыту ағзалары ауруларының саны бойынша ең жоғары көрсеткіштерді көрсетеді. Осы жас сегментінде асқазан-ішек аурулары бар балалардың ең азы Атырау (2025,25), Ақтөбе (3065,31) және Ақмола (3947,57) облыстарында тіркелген.

2021 және 2022 жылдардағы балалар арасындағы ас қорыту ағзалары ауруларының өңірлік көрсеткіштерін салыстыру олардың Қарағанды, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Астана қаласы сияқты 6 өңірде өскенін көрсетеді. Сонымен қатар, Қарағанды облысында көрсеткіштің 4 есеге жуық күрт өсуі байқалды (2021 ж. – 2085,2, 2022 ж. – 8101,48).

Ауылдарда тұратын балалардың ас қорыту ағзаларымен проблемалары қалалық елді мекендердің балаларына қарағанда жиі кездеседі, сәйкесінше 6740,1 және 6186,4.

Балалар арасындағы АІЖ аурулары динамикасының артуы күрделі сипатқа ие, оның себептері жаһандық факторлар, мысалы, экологиялық ортаның өзгеруі, сонымен қатар тамақтану мінез-құлқының өзгеруі, дұрыс тамақтанбау, ауруларды емдеуде антибиотиктерді шамадан тыс қолдану, эмоционалды стресс, физикалық белсенділіктің болмауы және т. б. сияқты мінез-құлық факторлары.

2.6-диаграмма. 0-17 жас аралығындағы балалар арасындағы ас қорыту ағзалары ауруларының саны



Дереккөз: ҚР ДСМ деректері


Дене бітімінің бұзылуы. ҚР ДСМ жедел деректеріне сәйкес 2022 жылы профилактикалық тексерулер нәтижесінде анықталған дене бітімі бұзылған 0-14 жастағы балалардың үлесі 0,18-ді құрады. Динамикалық талдау индикатордың 0,02 жағдайға (10%) төмендегенін көрсетеді.

Дене бітімі бұзылған балалардың көпшілігі Астана қаласында (0,55) және Қарағанды облысында (0,41) анықталды. Атырау (0,07), Маңғыстау (0,07), Қызылорда (0,06), Жамбыл (0,06), Түркістан (0,06) облыстарында және Шымкент қаласында (0,07) тұратын дене бітімі бұзылуға балалар аз.

Павлодар облысындағы балалар арасында дене бітімінің бұзылуымен байланысты жағдайды ерекше атап өткен жөн. Мұнда дене бітімі бұзылған балалар көп (0,83) тіркеледі, бұл ретте индикатор соңғы 2 жыл ішінде республикалық деңгейден шамамен 4 есе тұрақты түрде асып түскен.

Қалалық балаларға дене бітімінің бұзылуы диагнозы екі есе жиі қойылады, ауылдарда балалар аз зардап шегеді, тиісінше 0,24 және 0,12 жағдай. Дене бітімінің бұзылуы қалалық ортаға көбірек тән аз қимылды өмір салтының салдары болуы мүмкін. Тұрақты физикалық белсенділіктің болмауы және балалардың бос уақытында виртуалды белсенділік формаларының басым болуы түрінде балалар уақыт өте келе дене бітімінің бұзылуымен байланысты проблемаларға тап болады.

2.7-диаграмма. Профилактикалық қарап-тексерулер нәтижесінде анықталған дене бітімі бұзылған 0-14 жас аралығындағы балалардың үлесі




Дереккөз: ҚР ДСМ деректері

Көздің көргіштігі, есту қабілеті және сөйлеу кемістігі. ҚР ДСМ деректеріне сәйкес 2022 жылы профилактикалық тексерулер барысында көздің көргіштігі төмендеген 0-14 жас аралығындағы балалардың үлесі 1,26 жағдайды құрайтыны анықталды. Өткен жылмен салыстырмалы деректерді (1,25) талдау айтарлықтай айырмашылықтарды анықтаған жоқ.

Өңірлік бөліністе СҚО-да (2,30), Атырау облысында (2,09) және БҚО-да (2,06) көздің көргіштігі төмендеген балалардың көпшілігі анықталды. Жамбыл (0,23), Түркістан (0,38), Ақмола (0,51), Алматы (0,51) облыстарында көру қабілеті төмен балалардың саны аз екені анықталды. Қарағанды облысында (2,99) және Астана қаласында (3,99) тұратын балалардың көзінің көргіштігін төмендету проблемасына ерекше назар аудару қажет, бұл өңірлерде көру қабілеті төмен балалардың үлес салмағы тиісінше республикалық көрсеткіштен 3 және 4 есе асады.

Бұл ретте қалаларда тұратын балалардың ауылдық елді мекендерден келген балалармен салыстырғанда көздің көру өткірлігі проблемалары 2 есе жиі кездеседі – тиісінше 1,73 және 0,69. Денсаулық сақтау саласындағы сарапшылардың пікірінше, генетикалық факторлардан басқа, балалардың көру қабілетінің нашарлауының негізгі себебі сыртқы факторлар болып табылады, оларға оқу процесін компьютерлендіру, оқу жүктемесінің жоғарылауы, ашық ауада белсенділіктің шектелуі, бос уақыттың пассивті өткізілуі, электронды құрылғыларды шамадан тыс пайдалану және т. б. жатады.

2.8-диаграмма. Профилактикалық тексерулер нәтижесінде анықталған көздің көру өткірлігі төмендеген 0-14 жас аралығындағы балалардың үлесі




Дереккөз: ҚР ДСМ деректері

Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызмет мамандарының қызметін автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілді.

Бөлімде бұйрықтардың жобалары әзірленді:

– психологиялық қызмет тәртібіне қойылатын жаңартылған талаптарды ескере отырып, педагог-психологтардың біліктілік талаптарына өзгерістер енгізу (ҚР БЖҒМ 2009 жылғы 13 маусымдағы № 338 бұйрығы);

– педагог-психологтар үшін міндетті құжаттардың түрлерін қысқарту (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы).

2021 – 2022 жылдары ҚР БЖҒМ және ЖАО бірлесіп аудандық/қалалық білім бөлімдерінің жанындағы «Мектеп психологиялық қызметі» өңірлік жобалық кеңсесінің пилоттық режимінде апробация жүргізілді.

Қазіргі уақытта өңірлерде 1876 психологиялық қызмет жұмыс істейді, онда балалардың құқықтарын қорғау саласында 11 мыңнан астам маман жұмыс істейді.

Білім беру ұйымдарының педагог-психологтарының жұмысын үйлестіретін әдістемелік қызметтерді нығайту шеңберінде Қостанай (10 бірлік), Қарағанды (4 бірлік), Ақтөбе (9 бірлік), Батыс Қазақстан (4 бірлік) және Павлодар (5 бірлік) облыстарында, елордада (9 бірлік) және Алматы қ. (2 бірлік) психологиялық қолдау орталықтары (бөлімдері) құрылды .

Психологиялық қолдау орталықтары жанындағы фронт-офистің жұмыс тәжірибесін зерделеу және тарату мақсатында бірқатар шаралар қабылданды. Балалардың құқықтарын қорғау комитеті ҚР балаларының мүддесі үшін мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметті әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету шеңберінде «Психологиялық қолдау орталықтары жанындағы білім басқармалары мен фронт-офис жанындағы call-орталықтардың жұмыс тәжірибесі мен үздік тәжірибелері» әдістемелік ұсыныстарын әзірледі, онда фронт-офистердің тәжірибесі мен үздік тәжірибелері ұсынылған. Әдістемелік ұсыныстар жұмыс істеу үшін өңірлерге жіберілді.

Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының Психологиялық қолдау және қосымша білім беру өңірлік орталығы, Алматы облысы Іле ауданында өз жобасын іске асыратын «Жанұя «отбасын қолдау орталығы» ҚҚ, ҚР бес өңірінде кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жөніндегі жобаларды іске асыратын «Bilim Foundation» ҚҚ қызметінің тәжірибесі зерделенді және өңірлерде тарату және енгізу үшін ұсынылды.

Зертханада еліміздің жетекші ғалым-психологтарының тікелей қатысуымен мектеп психологтарын әдістемелік сүйемелдеу, сондай-ақ зертхана қызметкерлерінің өмірлік қиын жағдайдағы балалармен жұмыста психологиялық көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік жобаларды іске асыруға қатысуы жүзеге асырылады.

Зертхана жұмысы Қазақстанның мектеп психологтарын әдістемелік және практикалық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Алғаш рет «Дағдарыс психологиясы» білім беру бағдарламасы әзірленіп, білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілді, оның шеңберінде өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға да, ересектерге де психологиялық көмек көрсетуге қабілетті психология магистрлерін даярлау жүзеге асырылатын болады.

Сондай-ақ, педагог-психологтардың, психологтардың лауазымдық міндеттеріне білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға, педагогикалық ұжымға нақты психологиялық мәселелерді шешуде көмек көрсетуді, киберкультура мен кибергигиенаны дамытуды, буллингтің, суицидтің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу, сондай-ақ оқу барысында өмірді, денсаулықты және құқықты сақтауды қамтамасыз етуді көздейтін «Педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгі біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ бұйрығына⁵ өзгерістер енгізілді.

⁵ ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы

Үйлесімді адам ұлттық институты бүгінгі күні білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу, әлеуметтік-психологиялық қызметтің оңтайлы түрлері мен әдістерін іздеу және білім беру ұйымдарының педагог-психологтарын, тәрбиешілерін, әлеуметтік педагогтарын қамти отырып, әлеуметтік жетімдіктің алдын алу мәселелері бойынша 26 вебинар өткізді.

3.8. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

Балалардың құқықтарын қорғау саласында азаматтық сектормен өзара іс қимыл басым бағыт болып табылады.

Бүгінде елімізде 6459 орта білім беру ұйымдарында және барлық жетім балаларға арналған ұйымдарда Қамқоршылық кеңестер жұмыс істейді. Олар білім беру ұйымы мен қоғамның өзара іс қимылының тиімді құралы және білім беру ұйымын адал басқару, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізі болуы тиіс.

Олардың қызметі жалпы мәселелерді немесе тек (балалар үйлеріне тән) қайырымдылық мәселелерін шешуге ғана емес, сонымен қатар білім беру ұйымдарын дамытуға, ата-аналар қоғамымен өзара іс-қимылға, жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге, медиацияны дамытуға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға, балалар бастамалары мен әлеуметтік әріптестікті дамытуға бағытталуы керек.

Жаңартылған Қағидалардың негізгі айырмашылықтары: барлық деңгейдегі білім беру ұйымының ерекшелігі ескерілді, қамқоршылық кеңестердің өкілеттіктері едәуір кеңейтілді, қамқоршылық кеңестердің сапалық құрамына қойылатын талаптар және кандидаттың өзіне қойылатын талаптар күшейтілді, білім беру ұйымының басшысы қамқоршылық кеңестің шешімімен келіспеген жағдайда жанжалды шешу тетігі кестеленді, карантиндік шаралар кезеңінде кеңес отырыстарын өткізу тетігі және т. б. ескерілді.

Қазір Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың жаңартылған Үлгілік қағидаларын және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібін түсіндіру кестесінің жобасы әзірленді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті «Мектептің үздік ата-аналар/қамқоршылық комитеті – 2022» республикалық конкурсын өткізді. Байқаудың мақсаты – отбасылық құндылықтарды сақтау және нығайту, білім беру ұйымдары мен ата-аналар комитеттерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі өзара іс-қимылының үздік тәжірибелерін анықтау үшін жағдай жасау.

3.9. «ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

«Отбасы және қоғам» бағыты 14 индикатордан (4 статистикалық және 10 сауалнама индикаторы) тұрады.


2022 жылдың нәтижесі бойынша «Отбасы және қоғам» бағыты бойынша индекс мәні 49,78 балды құрайды.

Өңірлерде көрсеткіш 42,05-тен 69,83 балға дейін ауытқиды.

Индекстің ең жоғары шамасы Павлодар (69,83 балл), Қостанай (64,75 балл), және Ақтөбе облыстарында (60,22 балл) тіркелді.

Еліміздің Ақмола (42,05 балл), Шығыс Қазақстан (42,55 балл) және Алматы (43,01 балл) сияқты өңірлерінде индекс көрсеткіштері ең төмен. Тұтастай алғанда, еліміздің 12 өңірінде «Отбасы және қоғам» бағыты бойынша индекстің мәні ел бойынша орташа мәннен аспайды.

3.13-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде «Отбасы және қоғам» домені бойынша балалардың хал-ахуалы индексінің қорытындылары



Тұжырымдар мен ұсыныстар

Тұжырымдар:

1. 2 жыл ішінде динамикадағы кедейлік деңгейі негізгі тенденцияларды сақтап қалды:

- табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі ауыл тұрғындары арасында жоғары;

- табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі Түркістан және Маңғыстау облыстарында бұрынғыдан да жоғары;

- кедей халық деңгейіндегі жіктелудің жоғары дәрежесі Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарында қалалық және ауылдық тұрғындар арасында сақталуын жалғастыруда.

Қазақстанда ұсынылған тұрғын үй жағдайлары халықаралық ұйымдардың ұсыныстарынан айтарлықтай ерекшеленеді. Мәселен, БҰҰ-ның

халықаралық стандарттарына сәйкес бір адамға шаққандағы тұрғын үйдің жалпы ауданының талап етілетін нормасы 30 шаршы метрді құрауы тиіс, ал Қазақстанда тұрғын үйлерді жобалау және қайта құрылымдау кезінде бір адамға шаққандағы тұрғын үй алаңының мөлшері кемінде 15 шаршы метр есебінен айқындалады. Бірақ Қазақстанда талаптар 2 есе аз екенін ескерсек те, әрбір 5-ші баланың ғана тұрғын үй жағдайлары ұсынылған деңгейде, жекелеген өңірлерде көрсеткіш одан да төмен.

2. Елдің жекелеген аймақтарында тұрғын үйді жалға алатын балалары бар отбасылардың үлесі айтарлықтай жоғары. Біз бірінші кезекте Алматы қаласы (56,0%) және Шымкент қаласы (33,5%) туралы айтып отырмыз. Бұл ретте ипотекалық тұрғын үйде тұруға мәжбүр болған балалары бар отбасылардың үлесі назардан тыс қалады, бұл іс жүзінде отбасылық бюджетке түсетін қаржылық жүктеме деңгейі және тұрғын үйді жалға алу тәуекелдері бойынша тең.

3. Барлық балаларда оқуға арналған компьютерлік техника және қосымша оқуға арналған кітаптар жоқ. Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстары балаларының 35%-дан астамында, яғни шартты түрде әрбір 3-ші балада оқуға арналған компьютерлік техника жоқ. Атырау, Маңғыстау және Қызылорда облыстарындағы балалардың шамамен 40%-ының үйінде қосымша білім алуға арналған кітаптар жоқ.

4. Елдегі балалардың тек 1/4 бөлігі күн сайын көкөністер мен жемістерді жейді. Сауалнамаға сәйкес, Абай облысында, сондай-ақ Қызылорда және Атырау облыстарында күн сайын жемістер мен көкөністерді жейтін балалар саны аз. Қазақстандық қоғамда жемістер мен көкөністерді күнделікті тұтыну әдеті әлсіз көрінеді. Егер ересек адам үшін бұл оның жеке таңдауы болуы мүмкін болса, ал бала үшін бұл дененің дамуына қажетті пайдалы және дұрыс тамақтанудың маңызды элементтерінің бірі. Мұның себебі азық-түліктің қымбаттығында да, халықтың мінез-құлқындағы ұстанымдар да болуы мүмкін.

5. 2022 жылы іске қосылған отбасының цифрлық картасы, әрине, әлеуеті зор және сөзсіз жағымды жақтары бар. Алайда әзірге халықтың көпшілігі үшін түсініксіз және жабық құрал болып қала береді.

6. 2020-2021 жылдардағы пандемия кезеңінде ана өлімі күрт көтерілгеннен кейін пандемияға дейінгі көрсеткіштерге қайта орала бастады, бірақ әлі де пандемия қарсаңында қол жеткізілген көрсеткіштерден асып түсті.

7. Өмірлік қиын жағдайдағы балалардың үлесі еліміздің 6 өңірінде: Түркістан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Алматы облыстарында және Шымкент қаласында 1000 балаға шаққанда 90 адамнан асады. Бұл қатардағы аймақтардың көпшілігі елдің оңтүстік аймақтары деп аталады.

8. Соңғы 3 жылда өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталықтарына (БҚО) орта есеппен бұрынғыларға қарағанда бала 3 есе аз

түседі. 2022 жылы БҚО-ға 95 бала көбірек жеткізілгеніне қарамастан, теріс тенденция туралы айтуға әлі ерте.

9. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 1000 балаға шаққандағы балалардың үлесі елдің белгілі бір аймақтарында әлдеқайда жоғары. Олардың көпшілігі еліміздің солтүстік өңірлері деп аталатын, атап айтқанда, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстары туралы сөз болып отыр. Сондай-ақ жоғары көрсеткіш Қарағанды облысына тән. Бірақ ең жоғары көрсеткіш Шығыс Қазақстан облысында байқалды.

10. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қамқорлық көрсетудің негізгі көріністерінің бірі – оларды баспанамен қамтамасыз ету. Өткен жылы еліміздің кейбір өңірлерінде бұл шара мүлдем іске асырылмады. Мәселен, Алматы, Атырау, Жамбыл, Жетісу және Қызылорда облыстарында тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үлесі нөлге тең немесе нөлге жақын болды. Сондай-ақ, тұтастай алғанда, елдің оңтүстік облыстары жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткіштерінің өте төмен болуымен сипатталатынын атап өткен жөн.

11. Егер ел бойынша орта есеппен ата-аналардың шамамен 1/4 бөлігі мектеп жиналыстарына, ата-аналар чаттарына қатысу және сынып жетекшілерімен үнемі өзара әрекеттесу арқылы балаларының мектеп өміріне қатыспаса, онда елдің кейбір аймақтарында бұл көрсеткіш шамамен 3 есе жоғары. Мәселен, ата-аналардың 70%-дан астамы Астана, Абай және Ұлытау облыстарында мұны жұмысбастылық пен уақыттың жетіспеушілігінен жасай алмайды.

Ұсыныстар:

1. Отбасының цифрлық картасы бүгінде қоғам тарапынан аралас реакцияны тудырады, оның жұмысына қатысты жалған материалдар мен бұрмаланған түсініктер пайда болады. Жоба қазірдің өзінде іске қосылды, бірақ ең мүдделі тарап болып саналатын ата-аналар үшін ол жабық және түсініксіз болып қалуда. Қазірдің өзінде отбасылардың цифрлық картасына қатысты халықпен ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді бастау және мұны түсіндірудің екіұштылығынан аулақ бола отырып, мүмкіндігінше қол жетімді және түсінікті етіп жасау керек. Жоба ашық, ал деректер мен талдау нәтижелері ата-аналарға танысу үшін қол жетімді болуы керек.

2. Тәрбие жұмысының әртүрлі нысандарын (семинарлар, арнайы курстар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, талқылаулар және т. б.) пайдалана отырып, бала құқықтарына қатысты педагогтерді құқықтық ағарту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет, бірақ бұл ретте жұмысты нақты кейстер түрінде жасау маңызды.

3. Мектептердегі балаларға психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету әлі де алаңдаушылық туғызады. Әдетте, бір мектепке бір психолог пен бір әлеуметтік педагог келеді. Оқушылары көп мектептерде бұл жағдай осы мамандардың әр балаға тиісті көңіл бөле алмайтындығына әкеледі. Нәтижесінде психологиялық, әлеуметтік жұмыстың жүктемесі көбінесе сынып жетекшісінің мойнына түседі, ал психологтар мен әлеуметтік мұғалімдердің жұмысы жоспарлы немесе тек «көрсету үшін» орындалады. Осыған байланысты осы тәжірибені қайта қарап, жалпы білім беретін мектептерді психологтар мен әлеуметтік педагогтардың санымен қамтамасыз етуде жаңа тәсіл әзірлеу керек, бұл балалармен жұмыс тиімділігін арттыруға, тәсілді дербес етуге мүмкіндік береді.

4. Мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтардың, сондай-ақ мектеп инспекторларының біліктілік деңгейі де алаңдаушылық туғызады. Мысалы, мектеп инспекторлары көбінесе әлеуметтік педагогика және әлеуметтік психология бойынша қосымша білімге ие емес, яғни нақты балалармен психологиялық және педагогикалық жұмыс жүргізе алмайды. Алайда, әлеуметтік педагогтар сияқты, олар көбінесе басқа салалардың мамандары болып табылады. Осылайша, мектептер жанындағы психологиялық және әлеуметтік қызметтің кадрлық әлеуетін арттыру үшін қосымша қаражат бөле отырып, ұзақ мерзімді стратегияларды әзірлеу қажет. Оның ішінде мамандарды жұмысқа қабылдау критерийлерін қайта қарау, жоғары білікті мамандарды тарту үшін түрлі қаржылық және басқа да ынталандырулар беру, кәсіби даму және біліктілікті арттыру мүмкіндіктерін кеңейту және т. б. керек.

5. Балалардың өз құқықтары туралы хабардар болуы өте жоғары болуы мүмкін, бірақ олар оларды әрдайым жүзеге асыра бермейді. Патриархалдық-авторитарлық типтегі отбасылық қатынастарды құрудың ерекшелігі, тәрбиенің белгілі бір түрі, зорлық-зомбылық тақырыбын тыйым салу ата-аналардың өздері балалардың құқықтық санасының өсуіне және олардың мүдделерін қорғауға кедергі болатындығына әкеледі. Нәтижесінде, отбасында бала әрқашан дауыс беруге, таңдау құқығына ие бола бермейді және оның құқықтарын ата-аналар барлық жерде бұзады. Бала туыстарының тарапынан зорлық-зомбылық туралы өзі мәлімдей алатын сценарий, негізінен, қазақстандық қоғамда жұмыс істемейді. Осыған байланысты педагогтармен және балалармен ғана емес, ата-аналармен де белсенді ағартушылық, ақпараттық жұмыс жүргізу қажет.

6. Балалардың құқықтарын ақпараттандыру және қорғау үшін ресурстарда қалалық және ауылдық елді мекендер арасында белгілі бір алшақтық бар. Қалаларда балалардың құқықтарын ақпараттандыру және қорғау үшін үлкен ресурстар шоғырланған, оларды пайдалану тиімдірек. Осыған байланысты ресурстық базаға және оны ауылдық елді мекендерде

пайдаланудың тиімділігіне ерекше назар аудару, ауылдық елді мекендерде ата-аналармен балалардың құқықтарын қорғау туралы, оның ішінде ауылдық жерлерде балалардың құқықтарын қорғаумен айналысатын қызметкерлердің құзыреттерін арттыру және қолдау, ата-аналарға арналған оқыту бағдарламаларын жүргізу арқылы ақпараттық-ағарту жұмыстарын күшейту, ауылдарда жергілікті балаларды қолдау және қорғау орталықтарын құру және нығайту, ауылдық аудандарда және т.б. балалардың құқықтарын қорғауға маманданған әлеуметтік ұйымдар мен ресурстарға қолжетімділікті кеңейту қажеттілігі бар.

7. Толық емес отбасылардағы балаларға әлеуметтік қолдауды күшейту қажет. Аз қамтылған және әсіресе көп балалы отбасылардан шыққан балалардан айырмашылығы, толық емес отбасылардан шыққан балалар әлеуметтік қолдауды, оның ішінде оқу орындарында өте аз алады.

8. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары қызметкерлерінің жұмыс сапасын арттыру бойынша жұмыс істеу қажет. Елдегі балаларға қатыгездік пен өлім-жітім жағдайларына байланысты соңғы оқиғалар қорғаншылық және қамқоршылық органдары қызметкерлерінің жұмысының бірқатар кемшіліктері бар екенін және балалардың мүдделерін қорғауды әрдайым қамтамасыз ете алмайтындығын көрсетеді.



4-ТАРАУ.

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

4-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

4.1 БАЛАЛАР ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ: МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ ТАЛДАУ

Балалар бюджеті. Балалар бюджеті бойынша статистикалық деректерді талдау Қазақстандағы бюджеттік қаржыландырудың үштен бір бөлігі балалардың қажеттіліктеріне бағытталғанын көрсетеді (34,8%). Өңірлік карауда балаларды дамыту мен қорғауға арналған бюджет шығынының ең жоғары көрсеткіштері Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Түркістан облыстарында байқалып, тиісінше 66,2%, 55,1% және 49,9%-ды көрсетеді. Кері жағдай Алматы, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында байқалады, онда осы өңірлердегі балалардың қажеттілігіне бағытталған бюджет шығынының үлес салмағы 20% деңгейінде.

4.1-диаграмма. Балалардың қажеттіліктеріне бағытталған бюджеттік шығындардың үлесі



Дереккөз: ЖАО деректері


Апатты, үш ауысымды мектептер. Оқушылардың білім сапасына оқу ортасы және оның жабдыкталу деңгейі әсер етеді. Орта білім беру жүйесінде өткір проблемалардың бірі оқушы орындарының жетіспеушілігі және үш ауысымды және апатты мектептердің жұмыс істеуі болып қала береді.

2022 жылы Қазақстандағы үш ауысымды мектептердің жалпы саны 139 бірлікті құрады. Пайыздық арақатынаста жалпы білім беретін мектептердің жалпы санынан үш ауысымды жалпы білім беретін мектептердің үлесі 2022 жылы 2,23%-ды құрады. 2021 жылмен салыстырғанда жағдайдың жақсарғаны байқалады, өйткені үш ауысымды мектептер саны азайып келеді (2021 жылы – 3,36%).

Өңірлік бөліністе үш ауысымды мектептердің ең көп саны Алматы (11,61%), Маңғыстау (9,14%), Атырау (5%), Түркістан (5,14%), Астана қаласында (4,85%) байқалады.

Үш ауысымды мектептер мәселесі Қостанай және Шығыс Қазақстан, Абай, Жетісу, Павлодар, Ұлытау облыстары мен Алматы қаласы үшін өзекті емес.


4.2-диаграмма. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санынан үш ауысымдық жалпы білім беретін мектептердің үлесі, %-бен



Дереккөз: ЖАО деректері

Үш ауысымды мектептерден басқа, Қазақстан үшін апатты жағдайдағы мектептер мәселесі проблемалы болып қала береді. 2022 жылы ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің саны 47 бірлікті құрады. 2022 жылы жалпы білім беретін мектептердің жалпы санынан апатты жалпы білім беретін мектептердің үлесі салыстырмалы мәнде 0,74%-ды құрады. Апатты мектептердің басым бөлігі БҚО (2,9%), Атырау (1,9%), Қызылорда (1,8%), Түркістан (1,7%) және Ақтөбе (1,4%) облыстарында орналасқан.

4.3-диаграмма. Жалпы білім беретін мектептердің жалпы санынан апатты жалпы білім беретін мектептердің үлесі, %-бен



Дереккөз: ЖАО деректері

Үш ауысымды мектептермен байланысты мәселелерді шешу үшін әртүрлі стратегиялар мен механизмдер қолданылады. Осы тетіктердің қатарына мемлекеттік бюджет есебінен мектептердің нысаналы құрылысы, сондай-ақ білім беруді дамыту үшін жеке секторды тартуға мүмкіндік беретін

мемлекеттік-жекешелік әріптестікті пайдалану кіреді. Сонымен қатар, мектептерді тез және тиімді салу үшін модульдік құрылымдар (тез салынатын ғимараттар) енгізілуде.

Бұдан басқа, Қазақстанда оқушы орындарының тапшылығы проблемасын шешу үшін «Жайлы мектеп» ұлттық пилоттық жобасы іске қосылды, оны іске асыру 2023 жылдан 2025 жылға дейін көзделген. Ұлттық жоба аясында 401 орта білім беру ұйымы салынады, бұл 842 мың оқушы орнын құруға мүмкіндік береді. 2023 жылы 467,8 мың оқушы орнын ұсынатын 221 мектептің құрылысын бастау жоспарлануда. Жобаны іске асырудың жалпы құны 2,6 трлн теңгені құрайды.

Бұл ретте мектеп кеңістігінің заманауи, эстетикалық тартымды сыртқы түрімен, оқушылар мен педагогтардың қауіпсіздік режимін қамтамасыз ете отырып, оқу жабдықтары мен жиһаздардың толық жиынтығымен мектеп құрылысының бірыңғай стандарттарын қолдануды, сондай-ақ МЖМБС сәйкес алаңдар мен кабинеттер санының сәйкестігін қамтамасыз ету жоспарлануда. Сондай-ақ ерекше тәртіп бойынша құрылысты «толық аяқтау» (құрылыс мерзімдерін қысқарту, қымбаттауға жол бермеу) көзделген.

Мектептерде бастауыш сыныптар үшін, асханалар, спорт залдары бар негізгі және орта мектептер үшін бөлек блоктар болады. Білім алушыларға арналған жеке шкафттарды, әр оқушыға арналған мобильді парта-трансформерлерді орнату көзделеді. Мектептің барлық үй-жайлары, жиһаздары оқу процесін ыңғайлы, қауіпсіз және тиімді ұйымдастыру үшін білім алушылар мен педагогтардың оқу, материалдық және рухани қажеттіліктеріне жауап беретін эргономика талаптарына сәйкес ұйымдастырылады және жабдықталады.

Басқа тетіктерді (жалпы сипаттағы трансферттер, бюджеттік инвестициялық жоба, МЖӘ, білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен, жекеменшік мектептердегі мемлекеттік тапсырыс) іске асыру шеңберінде 2023 – 2025 жылдары 660 мыңнан астам жаңа оқушы орнын іске қосу жоспарлануда. Білім беру саласында жеке әріптесті айқындау және мемлекеттік жеке әріптестік шартын жасасу қағидалары әзірленетін болады.

Бұдан басқа, 2026 – 2029 жылдары жыл сайын 160 мыңнан астам жаңа оқушы орнын іске қосу жоспарлануда.

2023-2025 жылдар аралығында 6 бағыт бойынша 3000 мектепті (жыл сайын 1000 мектептен) жаңғырту көзделген. 2023 жылдың соңына дейін 1000 мектепті жаңғырту шеңберінде 111 мектепте күрделі жөндеу, 507 мектепте ағымдағы жөндеу жүргізу, 559 мектепке 793 пәндік кабинет сатып алу, 541 мектепте жиһазды жаңарту, 282 мектеп асханасы мен 639 мектеп кітапханасын жаңғырту, сондай-ақ 505 мектепте қауіпсіздік жағдайларын жақсарту жоспарлануда.

2023-2029 жылдар аралығында кемінде 7000 заманауи мектеп робототехника, химия, биология, физика, STEM кабинеттерін ашу көзделген.


2023 жылдан бастап жыл сайын кемінде 200 мектепке күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда.

Оқу үдерісі үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету. Қазақстандағы білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес білім беру ұйымдары жылы санитариялық тораптарды, ауызсу режимін ұйымдастыруды, қол жууға арналған құралдармен қамтамасыз етуді, медициналық кабинеттің болуын, мектепте сапалы тамақтануды және т. б. қоса алғанда, оқу процесі үшін қажетті жағдайлар жасауға тиіс.

Алайда, бұл талаптар барлық мектеп ұйымдарында орындалмайды. ЖАО ақпараты бойынша, бүгінгі таңда 5 692 орта білім беру ұйымы немесе мектептердің 82%-ында «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы) сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар.

Бұл жағдай әлеуметтік сауалнама деректерімен расталады. Орта есеппен Қазақстанда ауыз судың базалық көздерімен, жылы дәретханалармен және қол жууға арналған құралдармен қамтамасыз етілмеген мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мектеп ұйымдарының үлесі 4,1% деңгейінде. Ақмола, Қарағанды, Абай, Ұлытау облыстарында ауыз су көздерімен, ауладағы дәретханалармен және гигиена құралдарымен қамтамасыз ету мәселесі өзекті емес. Бұл мәселе Түркістан, Атырау, Ақтөбе, Қостанай облыстарында шұғыл шараларды талап етеді, онда мектептердің 21,4%, 15,6%, 14,1% және 10,4%-ы сәйкесінше базалық ресурстармен қамтамасыз етілмеген.

4.4-диаграмма. Ауыз судың негізгі көздері, жылы дәретханалар және қол жууға арналған құралдармен қамтамасыз етілмеген мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мектеп ұйымдарының үлесі, %-бен



Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

Осылайша, еліміздің барлық мектептерінде оқушылар үшін қолайлы жағдайлар жасалған, соның ішінде ауыз сумен, санитариямен және гигиенамен қамтамасыз етілген.

Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру. Білім беру ұйымдарында жоғары сапалы тамақтануды қамтамасыз ету Қазақстандағы мемлекеттік органдар мен жұртшылық тарапынан ерекше назар аударылатын негізгі стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады.

ЖАО мәліметтері бойынша, 2022 жылы ыстық тамақ 6057 білім беру ұйымында ұйымдастырылды, 89,3% мектеп қамтылды.

3 356 862 бала немесе оқушылардың 97,4%-ы ыстық тамақпен қамтылған, атап айтқанда 957 162 адам (29%), оның ішінде 419 281 (100%) аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар тегін ыстық тамақпен қамтылған.

2021 жылмен салыстырғанда оң динамика байқалады: жалпы балаларды ыстық тамақпен қамту 88 194 адамға артты, қосымша 205 742 бала тегін тамақпен қамтамасыз етілді.

1-4 сынып оқушысының әлеуметтік мәртебесіне қарамастан білім алушыларды тегін тамақтандыру 8 өңірде (Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау, Павлодар облыстары, Астана, Алматы, Шымкент қалалары), 2 өңірде (Ақмола және Маңғыстау облыстары) тек 1 сыныпта қамтамасыз етіледі.

4.1-кесте. ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету, 2022ж.

Облыстардың (қалалардың) атауы	Ыстық тамақ ұйымдастырылған мектептер саны, бірі.	Ыстық тамақпен қамтылған білім алушылардың саны, адам	Тегін ыстық тамақпен қамтылған білім алушылар саны, адам.
Абай	272	98 474	19 257
Ақмола	452	129 640	41 998
Ақтөбе	367	163 653	15 250
Алматы	337	296 844	41 680
Атырау	182	135 019	63 264
ШҚО	300	95 176	15 087
Жетісу	253	113 645	20 234
Жамбыл	402	234 826	48 263
БҚО	328	113 676	53 790
Қарағанды	329	161 300	82 203
Қостанай	355	106 577	14 296
Қызылорда	276	169 763	32 918
Маңғыстау	138	164 167	41 455
Павлодар	346	110 257	56 038
СҚО	439	72 395	11 128
Түркістан	768	453 166	33 774
Ұлытау	77	38 371	19 292
Астана	96	199 100	98 239


Алматы	203	292158	132391
Шымкент	137	208655	116 605
2022 жыл	6057	3 356 862	957 162
2021 жыл	6021	3 268 668	751 420
Динамика	36	88 194	205 742

Дереккөз: ЖАО деректері

Мектептегі тамақтану сапасына қанағаттану. Балалардың мектептегі тамақтану сапасына қанағаттану мәселесі сауалнамаға қатысқан балаларды субъективті бағалау арқылы зерттелді. Балалар «Сіз мектептегі тамақтану сапасына қаншалықты ризасыз?» деген сұраққа жауап берді. Әлеуметтік сауалнама көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан балалардың төрттен бірінен астамы мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанбайды (28,48%). Алматы облысының (36,91%), Ақмола облысының (35,19%), Астана қаласының (35,9%) және Маңғыстау облысының (35,43%) балалары қанағаттанбайтынын жиі білдірді.

Павлодар (85,29%) және Қостанай облыстарында (81,82%) балалар мектептегі тамақтану сапасына қанағаттану көрсеткішінің жоғары екендігін көрсетті.

4.5-диаграмма. Мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанған балалардың үлесі, %-бен



Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ сауалнамасы

Қазіргі уақытта Қазақстан өңірлерінде білім беру ұйымдарының асханалық блоктарын бейнебақылау камераларымен жарақтандыру және қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды кезең-кезеңімен енгізу жөніндегі шаралар кешені іске асырылуда. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу 1 874 мектеп асханасына, оның ішінде 547 мектепте-ата-аналарды балалардың тамақтануы, электрондық әмиянды пайдалану туралы автоматты түрде хабардар ете отырып енгізілді.

2021 жылмен салыстырғанда қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүзеге асырылатын мектептер санының 3 есеге (1 419) ұлғайғаны байқалады. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу енгізілген мектептердің ең көп қамтылуы Шымкент (100%), Алматы (98,5), Астана (97,9%) қалаларында байқалады.

Бейнебақылау камералары мектеп асханаларының 3 418 ас блогында (2 146 – ауылдық мектеп) орнатылған. Бейнебақылау камералары орнатылған мектептер санының 24%-ға өскені байқалады (662 мектеп). Мектептер Алматы қаласында (100%), Шымкент қаласында (100%), Ұлытау облысында (98,7%) ең көп қамтылған. Жамбыл (18,4%), Түркістан (26%), Алматы (30%) облыстарында көрсеткіштер ең төмен.

Қарағанды облысында 20 мектеп «Imou life» қосымшасына қосылған, ол арқылы нақты уақыт режимінде тамақ дайындау процесін бақылау жүзеге асырылады. Алматы қаласында 3 жаңа мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру процесін оңтайландыру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Мектептегі түскі ас металл ланч-бокстарда беріледі. Бейнебақылау камераларынан ақпарат мектеп сайттарында онлайн режимде трансляциялау үшін ақпараттық жүйеге түседі.

Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру. Қазақстанда 2022-2023 жылдардағы оқу кезеңінде күн сайын және апта сайын 2302 ауылдан оқушыларды тасымалдау жүзеге асырылды. Оның ішінде 1209 елді мекеннің өз мектептері жоқ, ал 1093 елді мекеннің бастауыш (1-4 сыныптар) және негізгі (1-9 сыныптар) мектептері бар.

Осы елді мекендерде тұратын мектеп жасындағы балалардың жалпы саны 90 000 адамды құрайды. Оның ішінде 37057 оқушы елді мекендердегі мектептерге барады, ал қалған 52943 бала көлікпен : күн сайын 50242 және апта сайын 2701 бала жеткізіледі (оның ішінде 2435 оқушы интернаттарда, 184 бала туыстарының үйлерінде және 82 оқушы пәтерлерде тұрады).

Барлығы 1006 білім беру ұйымы оқушыларды тасымалдауды қамтамасыз етеді. Осы мақсатта 1319 көлік тартылды, оның ішінде 1173 күнделікті автобус (873 (67%) мектептерге тиесілі, 15 (1%) әкімдіктердің балансында және 431 (32%) жалға алынған.

Жергілікті бюджеттерге жүктемені азайту үшін республикалық деңгейде лизинг бойынша 515 мектеп автобусын беру туралы шешім қабылданды. Ағымдағы жылдың 1 маусымына өңірлерге 365 автобус жеткізілді.

Спорттық және ойын орындарының қолжетімділігі. Балаларды спортпен және шығармашылықпен айналысуға тарту мақсатында 2021 жылдың мамыр айында «Soft Deco»ЖІПС әзірлеген Artsport.edu.kz платформада мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыс іске қосылды. 2022 жылы оның тетігін жетілдіру үшін Мәдениет және спорт министрлігі шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына қаржыландыру ережелеріне өзгерістер енгізді. Нәтижесінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша 4 жастан 17 жасқа дейінгі 400 мыңнан астам бала 13 мыңнан астам

спорт секциясы мен шығармашылық үйірмеге тегін барады, оған 80,0 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жергілікті атқарушы органдардың жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру үшін платформаны өз бетінше таңдау құқығы бар. Осы НҚА іске асыру үшін бүгінгі күні кейбір жергілікті атқарушы органдар ақпараттық жүйені айқындауға конкурстық рәсімдерді жүргізуде.

Балалар мен жасөспірімдер клубтарында оқитындар саны бойынша 27940 адамға, оның ішінде ауылда 10632 адамға ұлғайғаны байқалады. Түркістан облысында 7569 адам, Маңғыстау облысында 7434 адам, Түркістан облысында ауылдық жерлерде 3497 адам, Маңғыстау облысында 3568 адам жұмыспен қамтылды, бұл ретте Қарағанды облысында балалар-жасөспірімдер клубтарында 315 адам, Жамбыл облысында 441 адам жұмыспен қамтылды.

Сонымен қатар, «Сарыарқа», «Qazaqstan», «JJ Fitness» фитнес-орталықтары елорданың ең көп баратын фитнес-орталықтары болып табылады. Фитнес-орталыққа 7 жасқа дейінгі балалар, көп балалы отбасылардан шыққан оқушылар, балалар үйінен келген оқушылар, оқушылар тұрақты түрде тегін немесе жеңілдікті шарттармен баратынын атап өткен жөн.

Мектептен тыс мекемелер желісін және қосымша білім беруді дамыту. Білім алушыларға білім мен шығармашылыққа тұрақты қажеттілік алуға, өзін-өзі көрсету мен өзін-өзі тануға мүмкіндік беретін жалпы білім берудің ажырамас бөлігі – балаларға қосымша білім беру.

ҰБДБ деректеріне сәйкес, 2022 жылы Қазақстанда 1625 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істеді. Оның ішінде білім беру жүйесінде – 1150 (71%), мәдениет және спорт жүйесінде – 475 (29%).

Қосымша білім беру бағыттары бойынша ұйымдардың басым бөлігі БЖСМ – 396 (24%), балалар өнер мектептері (музыкалық, көркем, көркем-эстетикалық бағыттағы) – 337 (21%), оқушылар сарайлары – 218 (13%), балалар аула клубтары – 195 (12%).

Қосымша біліммен қамтылған оқушылардың жалпы саны 1087231 немесе балалардың 64,3%-ын құрады.

4.2-кесте. Қосымша білім беру ұйымдарының желісі және контингенті


	Барлық ұйымдар	Оқушылар саны	Білім беру жүйесіндегі барлық ұйымдар	Олардың ішінде оқушылар саны	Мәдениет және спорт жүйесіндегі барлық ұйымдар	Олардың ішінде оқушылар саны
ҚР	1 625	1087231	1150	718 076	475	369 155
Абай	45	33899	36	22 975	9	10 924

Ақмола	251	47 382	225	32 399	26	14 983
Ақтөбе	116	62 634	87	42 644	29	19 990
Алматы	61	42 713	42	22 296	19	20 417
Атырау	64	54 497	48	40 128	16	14 369
БҚО	78	77 881	53	63 849	25	14 032
Жамбыл	112	99 105	76	73 851	36	25 254
Жетісу	50	35 067	27	15 551	23	19 516
Қарағанды	99	74 572	63	48 704	36	25 868
Қостанай	76	57 461	47	37 346	29	20 115
Қызылорда	61	56 020	39	35 823	22	20 197
Маңғыстау	63	51 679	39	28 325	24	23 354
Павлодар	95	73 957	72	47 837	23	26 120
СҚО	88	45 293	61	31 812	27	13 481
Түркістан	125	95 561	69	50 457	56	45 104
Ұлытау	19	15 082	12	9 942	7	5 140
ШҚО	71	47 321	52	33 462	19	13 859
Астана қ.	26	39 116	12	30 189	14	8 927
Алматы қ.	71	40 812	59	27 621	12	13 191
Шымкент қ.	54	37 179	31	22 865	23	14 314

Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

Қазақстанда соңғы 5 жыл ішінде абсолютті шамада қосымша білім беретін ұйымдар санының өсуі байқалады. Мәселен, 2018 жылы 1303 ұйым жұмыс істеді, 2019 жылы – 1256, 2020 жылы – 1272, 2021 жылы – 1523. Алайда, қосымша білім беру ұйымдары санының өсуіне қарамастан, қосымша белсенділікпен қамтылған балалардың үлесі 8%-ға төмендеді (2021 жылы – 71,8%).

4.6-диаграмма. Соңғы 5 жылдағы қосымша білім беру ұйымдарының желісі




Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

Өңірлік бөліністе қосымша білім берумен қамтылған балалардың ең көбі Ақтөбе облысында (83,7%), Абай облысында (80,3%), Шығыс Қазақстан облысында (84,1%) байқалады. Маңғыстау (37,9%), Жамбыл (52,5%), Түркістан (53,5%), Алматы (54,4%), Атырау облыстарында (55,1%) қосымша біліммен бала аз қамтылды. Еліміздің оңтүстік өңірлеріне назар аударған жөн,

өйткені бұл өңірлерде балалар көп тұрады, бірақ олардың тек бір бөлігі ғана қосымша белсенділік шараларына қатысады.


4.7-диаграмма. Қосымша біліммен қамтылған балалардың үлесі



Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

Гендерлік бөліністе қосымша білім беретін балалар контингентін талдау балалардың жынысы бойынша қамтудың біркелкі еместігін көрсетеді. Орташа алғанда, ұлдар қыздарға қарағанда қосымша білім беру ұйымдарына жиі барады, сәйкесінше 55% және 45%. Алайда, кейбір аймақтарда гендерлік диспропорциялар республикалық деңгейден едәуір асып түседі. Түркістан облысында қыздар қосымша білім беру ұйымдары контингентінің жалпы санының үштен бірін ғана құрайды (32%). Алматы, Жетісу және Абай облыстарындағы жағдай ұқсас, мұнда қосымша білім алушылардың құрылымындағы қыздардың үлес салмағы тиісінше 39%, 39% және 40%-ды құрайды.

4.8-диаграмма. Гендерлік бөліністе қосымша білім беру ұйымдарының контингенті



Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

Оқушыларды қосымша біліммен қамтуды ұлғайту мақсатында 150 мың оқушыны қамти отырып, жұмыс істеп тұрған қосымша білім беру ұйымдарының базасында 40 балалар технопаркi және 20 бизнес-инкубатор ашылды. 7 өңірде (Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы) 40 қосымша білім беру нысаны қайта ұйымдастырылды. Бұл ретте қосымша білім беру мекемелерінің ғимараттарын, тәрбиеленушілер контингентін, оқу үшін ата-ананың ақы төлеу мөлшерін және қызмет көрсетуші персоналдың мөлшерлемелерін толық көлемде сақтау қамтамасыз етілді.

Әкімдердің балаларды қосымша біліммен қамту жөніндегі жұмысын бағалау өлшемшарттарын айқындау мәселесі пысықталды.

Таланттарды анықтау және ауылдық жерлердегі дарынды балаларды қолдау үшін «Мың бала» ұлттық зияткерлік турнирін өткізу жоспарланған «ЕЛ ҮМІТІ» жобасы іске қосылды.

Олимпиадалық резервтегі 14 мамандандырылған мектеп-интернат, 3 облыстық мектеп-интернат және республикалық спорт колледжі спорттағы дарынды балалар арасынан спорт резервін дайындаумен айналысады.

БАҚ-та балалардың ЖАО секциялары мен үйірмелеріне қатысуын насихаттауды ұйымдастыру мақсатында халықтың барлық жас топтары үшін, оның ішінде қоғамдық денсаулықты сақтау және дене белсенділігін дәріптеу бойынша 29 ұлттық бағдарлама іске асырылуда. 214,7 мыңнан астам адамды, оның ішінде мектеп жасындағы балаларды тарта отырып, 16,9 мың іс-шара ұйымдастырылды.

Жалпы, бүгінгі таңда қалалар мен елді мекендердің инфрақұрылымын дамытуға, аулаларды, балалар мен спорт алаңдарын қайта құрылымдауға ерекше назар аударылуда. Мәселен, Өңірлерді дамыту жоспарында қауіпсіздік үшін елді мекендердің (аулалар, ойын алаңдары, бала болатын орындар) инфрақұрылымын дамыту жөніндегі шаралар кешені көзделген. ЖАО мәліметінше, ағымдағы жылы балаларға арналған 1 691 нысан ашылды:

- 547 білім беру және қосымша білім беру объектісі;
- 1 144 спорт, денсаулық сақтау және мәдениет объектілері.

4.2. ОТБАСЫ МЕН БАЛАЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Қазақстанда балалары бар отбасыларды қолдаудың кешенді моделі құрылды, ол олардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және қолдауға бағытталған, мұнда мемлекеттік жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер қолдаудың негізгі құралы болып табылады.

Жалпы, 2022 жылы республикалық бюджеттен және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мемлекеттік жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер алатын балалары бар отбасылардың жалпы саны 2 миллионнан асты. Бұл қолдауды қамтамасыз ету үшін 917,0 млрд теңге (республикалық бюджеттен 547,3 млрд теңге және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 369,7 млрд теңге) бөлінді, бұл 2021 жылғы көрсеткіштерден 21%-ға асып түсті (757,9 млрд теңге: республикалық бюджеттен 479,8 млрд теңге және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 278,1 млрд теңге). Сонымен қатар 2022 жылы мемлекеттік жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің барлық мөлшері 9%-ға индекстелді.

Қазақстандағы Отбасы мен балаларды әлеуметтік қолдау жүйесінің 3 негізгі бағыты бар:

- 1) Балалары бар отбасыларды қолдау;
- 2) Табысы төмен отбасыларды қолдау;
- 3) Мүгедек балаларды және олардың отбасыларын қолдау.

Балалары бар отбасыларды қолдау жүйесі. Балалары бар отбасыларды қолдау жүйесі бала тууды ынталандыруға, балаларды отбасылық ортада тәрбиелеу үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ көп балалы аналардың престижі мен беделін арттыруға бағытталған. Бұл жүйе аясында отбасылар мен балаларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған бірнеше шара қарастырылған.

Қолдаудың бірінші түрі бала тууға арналған біржолғы жәрдемақымен ұсынылған. Бұл жәрдемақының мөлшері әр түрлі және бірінші, екінші және үшінші бала үшін 38 АЕК, төртінші және одан кейінгі балалар үшін 63 АЕК құрайды. 2022 жылы жәрдемақы жалпы сомасы 63,8 млрд теңгеге 470,2 мың отбасына тағайындалды.

Қолдаудың тағы бір түрі — жұмыс істемейтін әйелдерге арналған бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы. Жәрдемақы мөлшері отбасындағы балалардың санына байланысты және 5,76-дан 8,90 АЕК-ке дейін. Орташа алғанда мұндай жәрдемақыны 58,6 мың адам жалпы сомасы 18,8 млрд теңгеге алды.

Сонымен қатар, жүктілік және босану бойынша төлемдер бар, олардың мөлшері әйелдің орташа айлық табысына байланысты. 2022 жылы мұндай төлемдерді жалпы сомасы 197,9 млрд теңге 251,1 мың адам алды.

Сондай-ақ, жұмыс істейтін әйелдер үшін 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы қарастырылған, оның мөлшері соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40%-ды құрайды. 2022 жылы бұл жәрдемақыны жалпы сомасы 171,9 млрд теңге 642,6 мың адам алды. 2023 жылғы қаңтардан бастап бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімі 1,5 жасқа дейін ұлғайтылды. Бұл

ретте, бұл шара жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін ата-аналарға да қолданылады.

Аталған қолдау шараларынан басқа, жүйе бала күтімі бойынша демалыста жүрген жұмыс істейтін әйелдер үшін міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялауды да қамтиды. Бұл олардың зейнетақы жинақтарының ұлғаюына және зейнетақымен қамсыздандырудың барабар деңгейіне қол жеткізуге ықпал етеді. 2022 жылы 9,5 млрд теңге сомасына 111,9 мың адамға субсидия төленді.

Сондай-ақ, көп балалы аналарға табысына қарамастан төленетін мемлекеттік жәрдемақы қарастырылған. Бұл жәрдемақының мөлшері 6,4 АЕК құрайды және «Алтын алқа» немесе «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған аналарға, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған батыр аналарға төленеді. 2022 жылы 55,7 млрд теңге сомасына 229,2 мың адам осындай жәрдемақы алды.

Сондай-ақ төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға жәрдемақы төленеді. Жәрдемақы мөлшері отбасындағы балалардың санына байланысты және 16,03-тен 28,06 АЕК-ке дейін болады. 2022 жылы мұндай жәрдемақыны орта есеппен 501,2 мың отбасы жалпы сомасы 346,8 млрд теңге төленді.

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК). Табысы төмен отбасыларға негізгі қолдау «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңға сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар көмек алушылар арасындағы балалардың үлесі 64%-ды құрайды.

Атаулы әлеуметтік көмек екі түрде көрсетіледі: шартсыз және шартты ақшалай көмек. Еңбекке қабілетті мүшелері жоқ отбасылар үшін шартсыз көмек көрсетіледі, ал еңбекке қабілетті отбасы мүшелері әлеуметтік келісімшарт арқылы қосымша көмек ала алады.

Аз қамтылған отбасылардың балаларына кепілдендірілген әлеуметтік пакет және тамақтану мен жол жүру жеңілдіктері беріледі. 2023 жылдың қаңтарынан бастап ақшалай төлем мектеп жасына дейінгі әрбір балаға беріледі.

2022 жылы атаулы әлеуметтік көмек 724,7 мың адамды қамтыған 141,5 мың отбасына тағайындалды, оның ішінде 468,1 мың бала, 61,8 мың көпбалалы отбасы алды. 70,1 млрд. теңге көлеміндегі бюджет қаражаты көмекке және кепілдендірілген әлеуметтік пакетке бөлінді. Кепілдендірілген әлеуметтік пакет 1 жастан 6 жасқа дейінгі 204,6 мың баланы қамтыды.

Жалпыға бірдей білім беру қоры. АӘК-тен басқа, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан отбасылардың балаларына жалпыға бірдей міндетті орта білім беру (жалпыға бірдей оқыту) бағдарламасы шеңберінде жыл сайын материалдық көмек көрсетіледі.

Жекелеген санаттағы білім алушыларға көмек көрсету үшін киім, аяқ киім, мектепте жазуға арналған керек-жарақтарды сатып алу, тамақтануды ұйымдастыру, қаржылық көмек, санаторий-курорттық ұйымдар мен демалыс лагерлеріне жолдамалар, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысу, сондай-ақ қосымша сабақтар ұйымдастыру сияқты түрлі мақсаттарға бағытталатын қаржы қаражаты көзделген.

Жекелеген санаттағы білім алушыларға материалдық көмек көрсетудің қолданыстағы жүйесін трансформациялау мақсатында және «Білім туралы» ҚР Заңының 4-бабының 21) тармақшасына сәйкес ҚР ОАМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 қаулысымен ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысына өзгерістер енгізілді.


Ата-аналардың карточкалық шотына ақша қаражатын аударуға қатысты көмек көрсету құралы қайта қаралды және жыл сайынғы инфляцияны ескере отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен емес мөлшерде киім, аяқ киім, мектеп-жазу керек-жарақтарын сатып алу үшін әрбір білім алушыға кемінде 37 мың теңге қаражат көлемі белгіленді. 2022 жылы осы мақсаттарға 48 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Жалпыға бірдей білім беру қоры аясында аз қамтылған отбасылардан шыққан 441 мыңнан астам баланы киіммен және мектеп керек жарақтарымен қамтамасыз ету үшін 17 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді.

Сондай-ақ, 2022 жылы ата-аналарға мектеп киімін жеткізушіні таңдау құқығын беретін жақсартылған көмек әдісі енгізілді. Бұл жаңашылдық ата-аналар арасындағы әлеуметтік шиеленістің төмендеуіне оң әсер етті.

Сонымен қатар, аз қамтылған отбасыларға «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында қосымша көмек көрсетілді. Барлығы демеушілер мен меценаттар 3,8 млрд теңгеден астам сомаға 204 498 оқушыға көмек көрсетті.

Осылайша, мемлекеттік білім беру ұйымдарында балалардың орта есеппен 14,2%-ы қаржылық және материалдық көмекпен қамтылған. Ең көп қаржылық және материалдық көмекпен Шымкент қаласынан (26,3%), Маңғыстау (22,1%), Жамбыл (21,2%), Абай (20,9%), Қызылорда (20,3%) облыстарының балалары қамтамасыз етілді. Алматы қаласында (6,9%), БҚО-да (7,1%), Қарағанды облысында (7,3%), Астана қаласында (8,4%), Ұлытау облысында (9,0%) білім беру ұйымдарында балалар мемлекеттік көмекті аз алады.

4.9-диаграмма. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында қаржылық және материалдық көмекпен қамтылған балалардың үлесі, %-бен



Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

Мүгедек балаларды және олардың отбасыларын қолдау. Қазіргі уақытта Қазақстанда 104,3 мың мүгедек бала тұрады.

4.3-кесте. Қазақстанда мүгедек балалар

	7 жасқа дейін	I топтағы 7 жасан 18 жасқа дейін	II топтағы 7 жасан 18 жасқа дейін	III топтағы 7 жасан 18 жасқа дейін
Мүгедектігі бар балалар саны	33,7 тыс.	11,1 тыс.	22,7 тыс.	36,8 тыс.
Барлығы	104,3 тыс.			

Дереккөз: ҚР ЕЖХӘҚМ деректері

Мүгедек адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін көп деңгейлі тәсілге негізделген әлеуметтік қорғау жүйесі іске асырылады. Бұл жүйе әлеуметтік жәрдемақылар мен төлемдер, әлеуметтік оңалту шеңберінде жоғалған дене функцияларын өтеу және арнайы әлеуметтік қызметтерді ұсыну сияқты әртүрлі мемлекеттік көмек пен қолдау шараларын қамтиды.

Осылайша, мүгедек балаларды және олардың отбасыларын қолдау мақсатында Қазақстанда мүгедектік бойынша ай сайынғы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы көзделген, оның мөлшері мүгедектіктің тобы мен себебіне, сондай-ақ қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты. Сонымен қатар, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға және асырап алушыларға кәмелетке толғанға дейін мемлекеттік жәрдемақы төленеді, оның мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,4-ін құрайды. 2022 жылы осы жәрдемақыны алушылардың орташа саны жалпы сомасы 62,3 млрд. теңгеге 97,9 мың адамды құрады.

Бұған қоса, мүгедек балалардың ата-аналары мен заңды өкілдеріне жергілікті өкілді органдар айқындайтын үйде оқытуға жұмсалған шығындарды

өтеу құқығы беріледі. 2022 жылы үйде оқитын 15,7 мың балаға 1,1 млрд. теңге сомасында төлем жүргізілді.

2022 жылғы маусымда «Мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды. Бұл заңда мүгедектігі бар баланы санаторийде алып жүруге, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге, мүгедектігі бар адамдарға қатысты анықтамаларды өзгертуге арналған шығындарды өтеу жөніндегі нормалар көзделген.

Білім министрлігі «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзету арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 8-бабының 3-тармағына бір ПМПК ашу нормативін 60 мыңнан 50 мың балаға дейін төмендетуге қатысты өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізді. Түзету «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы (әзірлеуші – ЕжХӘҚМ) шеңберінде көзделген және Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары мақұлдаған. Бұдан басқа, «Білімді ұлт « ұлттық жобасына өңірдің қажеттіліктерін ескере отырып және қазіргі заманғы талаптар мен стандарттарға сәйкес (50 мың балаға 1 ПМПК) ПМПК желісін кеңейту» іс-шарасы енгізілді. Көрсеткіштің 100%-ына қол жеткізу 2025 жылға жоспарланған.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтуды ұлғайту мақсатында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру жөніндегі нормалар Заңмен⁶ бекітілді.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі⁷ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативін қабылдады. 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап мемлекеттік тапсырысты іске асыру жеке сектордың дайын әлеуетін пайдалана отырып, түзету кабинеттерінің, оңалту орталықтарының желісін кеңейтуге бюджеттің күрделі шығыстарынсыз осы санаттағы балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтуды ұлғайтады.

Мүгедектігі бар балалардың оңалту мен абилитациялауда мемлекеттің көмегіне, абилитация мен оңалтудың жеке бағдарламасын (АОЖБ) әзірлеуге


⁶ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 26 маусымдағы

⁷ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы

және іске асыруға, сондай-ақ әлеуметтенуге, әлеуметтік бейімделуге және қалыпты өмір сүру жағдайларына әлеуметтік ықпалдасуға құқығы бар. Сондай-ақ, балалар қарапайым және арнайы білім беру мекемелерінде әлеуметтік қызмет көрсетуге, тәрбиелеуге және оқуға, сондай-ақ денсаулықты сақтауға құқылы. АОЖБ мүгедектігі бар әрбір бала үшін олардың оңалту әлеуетін ескере отырып әзірленеді және ағзаның бұзылған және жоғалған функцияларын қалпына келтіруге және/немесе өтеуге бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалту іс-шараларын қамтиды.

ҚР ДСМ деректері бойынша, 2022 жылы Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалардың 29%-ы медициналық оңалтумен қамтылған. Медициналық оңалтумен балалардың Алматы қаласынан – 61,3%; Ақтөбе облысынан – 49,7%, Қарағанды облысынан – 47,3%, Ақмола облысынан – 44,2% және Шымкент қаласынан – 43,1% ең көп қамтылды. Медициналық оңалтумен ең аз қамтылған балалар Маңғыстау облысында – 6% және Атырау облысында – 8,6%.

4.10-диаграмма. Медициналық оңалтумен қамтылған мүмкіндігі шектеулі балалардың үлесі



Дереккөз: ҚР ЕжХӘҚМ деректері

Психоневрологиялық патологиясы және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға әлеуметтік проблемаларды еңсеру және қоғамдық өмірге қатысудың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында Арнаулы әлеуметтік қызметтердің сегіз түрі ұсынылады. Бұл қызметтер стационар, жартылай стационар және үйде күтім жасау жағдайында көрсетіледі:

- әлеуметтік-тұрмыстық,
- әлеуметтік-медициналық,
- әлеуметтік-психологиялық,
- әлеуметтік-педагогикалық,
- әлеуметтік-еңбек,
- әлеуметтік-мәдени,
- әлеуметтік-экономикалық,

- әлеуметтік-құқықтық қызметтер

Қазіргі уақытта жартылай стационарлық және үйде күтім көрсету қызметтері стационарлық ұйымдарға балама болып табылады және отбасында мүгедек балаларды сақтауға бағытталған. 3,6 мыңнан астам бала 74 күндізгі мекемеде қызмет алады. Сонымен қатар, 18 оңалту орталығында 1,3 мыңға жуық балаға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

Әлеуметтік қорғау жүйесі шеңберінде 90-нан астам баланы қамтитын тірек-қимыл аппаратының бұзылуымен байланысты мүгедек балаларға арналған стационарлық үлгідегі төрт әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, сондай-ақ 1,3 мыңнан астам балаға қызмет көрсететін психоневрологиялық патологиясы бар балаларға арналған 16 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді.

Елімізде барлығы 12,2 мыңнан астам балаға қызмет көрсететін үйде 239 әлеуметтік көмек бөлімшесі жұмыс істейді. Бұдан басқа, 182 үкіметтік емес ұйым өмірлік қиын жағдайға тап болған 15,2 мыңнан астам адамға, оның ішінде мүгедектігі бар 6 мыңнан астам балаға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде 50 баланы қамтитын жартылай стационарлық үлгідегі бір мекеме жұмыс істейді.

Министрлік мүгедектігі бар адамдар үшін оңалту қызметтерін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, еліміздің 12 өңірінде 150 орындық оңалту орталықтарын салуды жоспарлады. Қазіргі уақытта бес өңірде құрылыс жүргізілуде.

Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдар мүгедек балаларды әлеуметтік оңалту шеңберінде өтемақы құралдарын, арнайы жүріп-тұру құралдарын және санаторий-курорттық емдеу қызметтерін қамтамасыз етеді. Бұл қызметтер әр адамның жеке қажеттіліктерін ескере отырып ұсынылады және жоғалған өмірлік функциялардың орнын толтыру мен ауыстыруды қоса алғанда, жүйелі оңалтуға бағытталған.

Сонымен, мүмкіндігі шектеулі балаларға күтім жасаудың маңызды аспектісі қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету болып табылады. Осылайша, Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Т.М. Сүлейменовтің 2021 жылғы 17 қазандағы хаттамалық тапсырмасын орындау барысында орфандық аурулары бар балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің проблемалық мәселелерін шешу үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілік қалыптастырылды. Ұлттық қордан 2022 жылға қосымша 16,5 млрд. теңге бөлінді.

Ағымдағы жылы сирек кездесетін аурулары бар науқастар 20 млрд теңгеге дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген. 2022 жылы жергілікті бюджет қаражатынан 2 мыңнан астам пациент 13,1 млрд. теңгеге дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді.

«Қазақстан халқына» Қорының қатысуымен жұлын бұлшықет атрофиясы бар 4 бала 1 қаптамасы 1 млрд теңгеден асатын «Золгенсма» препаратымен қамтамасыз етілді, тағы да бірқатар қымбат препараттар сатып алынды.

Орфандық және басқа да ауыр аурулары бар балаларға арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды орталықтандырылған сатып алуды тиімді ұйымдастыру үшін ДСМ-нің 2022 жылғы 16 тамыздағы бұйрығы бекітілді, оның шеңберінде 4 орфандық ауру және 19 дәрілік зат тегін амбулаториялық қамтамасыз ету үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне енгізілді. Қазіргі уақытта орфандық ауруларды емдеуге арналған қосымша дәрілік заттардың өтінімдерін жинау және сатып алу рәсімдері жүргізілуде.

4.3. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ МҮГЕДЕК БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

ҚР ОАМ деректері бойынша 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі (МШ) балалардың жалпы саны 188144 адамды құрады. МШ балалардың көпшілігі мектеп жасында байқалады – 132699 (70,5%). МШ балалар арасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың үлесі – 25%, ерте жастағы балалардың үлесі 4%-дан аспайды.

Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарында, қоғамдық және жеке ұйымдарда білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, тәрбиелеу және түзету-педагогикалық қолдау көрсетумен 183159 бала немесе 97,4%-ы қамтылды. Жас бөлінісінде мектеп жасындағы балалар (99,1%) психологиялық-педагогикалық қолдаумен көбірек қамтылды, 3-6 жастағы балалар сәл аз – 94,1%, 3 жасқа дейінгі балалар аз қамтылды – 86,5%.

2022 жылдың соңында елімізде 99 арнайы мектеп, сондай-ақ 92 психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия, 208 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 14 оңалту орталығы, 10 аутизм орталығы жұмыс істеді. Сондай-ақ мектептерде 640-тан астам инклюзияны қолдау кабинеті, 1600-ден астам логопедиялық пункт жұмыс істейді. Арнайы ұйымдар мүмкіндігі шектеулі 17 771 балаға арнайы оқу бағдарламалары бойынша білім берді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың инклюзивті ортасында оқыту және мінез-құлық ерекшеліктері бар балаларға толыққанды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін мамандандырылған педагогтар: дефектолог-мұғалімдер, дефектологтар, логопед-мұғалімдер, логопедтер, олигофренопедагогтар, сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, сондай-ақ педагог-психологтар мен педагог-ассистенттер жетіспейді.

4.4-кесте. ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту

	ЕБҚ бар балалар саны	Абсолютті шамада қамту	Қамту %-бен
ЕБҚ бар 18 жасқа дейінгі барлық балалар	188144	183159	97,4
Бүлдіршін (0-3 ж.)	7719	6678	86,5
Мектепке дейінгі жас (3-6 ж.)	47726	44931	94,1
Мектеп жасында (6-18 ж.)	132699	131550	99,1

Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

Өңірлік бөліністе ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту Қарағанды облысында (100%), Астана қаласында (100%) және Шымкент қаласында (100%) ең жоғары шамаға жетеді. ЕБҚ бар балаларды қолдау және түзету іс-шараларымен қамтудың ең аз пайызы Ақтөбе облысында байқалады – барлығы 78%. Басқа аймақтарда бұл көрсеткіш 90-99% аралығында өзгереді.

4.5-кесте. Облыстар бөлінісінде ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту (0-17 жас)

Облыстар	ЕБҚ бар балалар саны	Абсолютті шамада қамту	Қамту %-бен
Абай	5838	5697	97,6
Ақмола облысы	12636	12460	98,6
Ақтөбе облысы	7321	5712	78
Алматы облысы	7207	7171	99,5
Атырау облысы	6153	6076	98,7
ШҚО	10896	10454	95,9
Жамбыл облысы	7922	7818	98,7
Жетісу	7072	7003	99
БҚО	6265	5663	90,4
Қарағанды облысы	14870	14870	100
Қостанай облысы	9684	9265	95,7
Қызылорда облысы	6711	6711	100
Маңғыстау облысы	8210	7430	90,5
Павлодар облысы	7489	7245	96,7
СҚО	4397	4374	99,5
Түркістан облысы	20619	20557	99,7
Ұлытау	1771	1770	99,9
Астана	16527	16527	100
Алматы	15828	15628	98,7
Шымкент	10728	10728	100
ҚР	188144	183159	97,4

Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

Балалық шақты қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі оның инклюзивті сипаты болып табылады. Осыған сәйкес әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар ерекше қажеттіліктері бар балаларды дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізеді.

Норма шығармашылық қызмет саласында 2022 жылы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары бекітілді, білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары жетілдірілді, ЕБҚ бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру жөніндегі нормалар бекітілді. Бұл жеке сектор мен үкіметтік емес ұйымдардың ресурстарын тарту арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мамандандырылған психологиялық-педагогикалық қолдауға қолжетімділігін кеңейтуге ықпал ететін болады.

ҚР МжСМ қолдауымен 2022 жылғы 27 мамырда ҚР Ұлттық музейінде «МЕЙІРІМ»: «Бақытты бала» атты балалар шығармашылығының IV инклюзивті музей фестивалі өтті. Фестивальдің мақсаты ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін олардың шығармашылық әлеуетін ашуға, таланттарды, мәдени бірегейлікті дамытуға, балаларды түсіну, төзімділік, айырмашылықтарды құрметтеу рухында инклюзивті қоғамда тәуелсіз өмірге дайындауға ықпал ететін инклюзивті шығармашылық кеңістік құру болды. Фестивальге 7 жастан 18 жасқа дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін 60 бала мен жасөспірім, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балалар қатысты. Іс-шара саз терапиясы, киіз басу, интуитивті кескіндеме, сурет салу, пластилинмен пейзаж, этникалық стильде тауарлар жасау және т. б. бойынша шеберлік сыныптары форматында өтті.

Денсаулық сақтау министрлігі проактивті бақылау мен скринингтік зерттеулерге бағытталған шаралар қабылдауда. Скринингті ұйымдастыру қағидалары (пренатальды, неонаталдық, психофизикалық, аудиологиялық, офтальмологиялық скринингтер) қайта қаралды, педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын қайта қарау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Психофизикалық даму скринингі психофизикалық дамуында артта қалу қаупі бар балалар тобын анықтау және оларға түзету-дамытушылық көмек көрсету үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберу мақсатында 3 жасқа дейінгі балаларды жаппай стандартталған тексеру болып табылады. Скринингті босандыру мекемелерінің, балалар емханаларының және медициналық-санитарлық алғашқы көмек мекемелерінің медицина қызметкерлері жүргізеді. 2022 жылы ҚР ДСМ деректеріне сәйкес психологиялық-физикалық скринингпен қамтылған жас балалардың үлесі 0,23%-ды құрады. 2021 жылмен салыстырғанда қамтудың төмендеуі байқалады

(–0,07). Скринингпен қамтудың ең жоғары көрсеткіштері СҚО-да (1,07), БҚО-да (0,73), Жетісуда (0,53), Павлодар облысында (0,56) тіркеледі. Бүлдіршін балаларды психофизикалық даму скринингімен қамтудың ең аз үлесі Түркістан (0,01), Ұлытау (0,01), Қызылорда (0,05), Маңғыстау (0,07) облыстарында байқалады.

4.10-диаграмма. Психофизикалық даму скринингімен қамтылған бүлдіршін (3 жасқа дейінгі) балалардың үлесі, %-бен

	Барлығы	
	2021	2022
ҚР	0,30	0,23
Абай		0,30
Ақмола облысы	0,73	0,26
Ақтөбе облысы	0,05	0,06
Алматы облысы	0,51	0,26
Атырау облысы	0,42	0,23
ШҚО	0,16	0,21
Жамбыл облысы	0,14	0,39
Жетісу		0,53
БҚО	0,46	0,73
Ұлытау		0,01
Қарағанды облысы	0,16	0,12
Қостанай облысы	0,25	0,28
Қызылорда облысы	0,06	0,05
Маңғыстау облысы	0,18	0,07
Павлодар облысы	0,39	0,56
СҚО	0,96	1,07
Түркістан облысы	0,005	0,01
Шымкент	0,26	0,20
Алматы	0,44	0,23
Астана	0,93	0,17

Дереккөз: ҚР ДСМ деректері

4.4. ҚР-ДАҒЫ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚЫЗМЕТІ

ҚР-дағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты 2016 жылы елдегі балалардың құқықтарын қорғау жүйесін жақсарту мақсатында құрылды. Бұл Қазақстанның БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын сақтауға және халықаралық қоғамдастықтың балалар үшін қолайлы және достық орта құрудағы күш-жігерін қолдауға ұмтылысын айғақтайды.

Балалар омбудсмені мемлекеттік және қоғамдық институттармен, оның ішінде ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-

демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, ҚР Үкіметі жанындағы кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия, түрлі министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің комитеттерімен бірлесе отырып, балалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне кепілдік беруді, сонымен қатар балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

2019 жылдан бастап БҚУ балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды, олардың ішінде мыналар бар:

БҚУ тұрақты негізде балалардың құқықтарын бұзумен байланысты азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың өтініштерімен жұмыс істейді. Мұндай өтініштерді талдау және өңдеу аймақтағы балалардың құқықтарын бұзу жағдайларын анықтауда және тіркеуде маңызды рөл атқарады. 2022 жылы жалпы 343 өтініш түскен. Өтініштердің үштен бірінен астамы қылмыстық сот ісін жүргізумен, сот істерімен, қорғаншылық және қамқоршылық мәселелерімен, сондай-ақ біліммен байланысты, ал өтініштердің қалған мәселелеріне алимент тағайындау және өндіріп алу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсету, мүгедектік мәселелері, тұрғын үй мәселелері, балаларды құжаттандыру, мәдениет және спорт объектілері мен қызметтерінің қолжетімділігі, мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне шағымдар мен құқықтық көмек көрсету жатады.

БҚУ жұмысының тағы бір бағыты балалардың құқықтары мен әлауқатына елеулі қатерлердің бірі болып табылатын балаларды саудалау схемаларының жолын кесу болды. Осы бағыт аясында БҚУ жедел іс-шаралар жүргізді және осындай схемаларды анықтау және жолын кесу мақсатында құқық қорғау органдарымен ынтымақтас болды.

Интернат үлгісіндегі балалар мекемелерінде тұратын балалардың құқықтарын қорғау БҚУ жұмысының келесі маңызды аспектісін құрады. ҚР Қаржы мониторингі агенттігімен бірлесе отырып, БҚУ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қорғау жүйесіндегі құқық бұзушылықтар мен «әлсіз» нүктелерді анықтау бойынша жұмыс жүргізеді. 2022 жылдың басында Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі (СДТБТ) үшін бірлескен жұмыс нәтижелері бойынша 798 баланы қамтамасыз етуде тұрған 34 мекемеге қатысты қылмыстық құқық бұзушылық анықталды.

БҚУ жұмысындағы маңызды қадам интернат үлгісіндегі балалар мекемелеріне балама ретінде кәсіби отбасылар институтын енгізу болды. Бұл тәсілдің негізгі мақсаты балаларға олардың өсуі мен дамуы үшін отбасылық және жеке ортаны қамтамасыз ету болды. 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап

«АНА ҮЙІ» ҚҚ-мен бірлесіп Ақмола облысында кәсіби отбасыларды қабылдауды енгізу бойынша пилоттық жоба іске асырылуда. Ақкөл кентінің пилоттық жобасы аясында «Үйдегідей» моделі бойынша 8 баладан тұратын 2 топ ұйымдастырылды, онда балалар үйінің тәрбиеленушілерін дамыту мен өмір сүрудің 85 жеке жоспары әзірленді, асырап алушы кәсіби ата-ана болғысы келетін 21 отбасына оқыту жүргізілді, сондай-ақ алмастырушы отбасыларды қолдайтын мамандар үшін әлеуметтік жетімдіктің алдын алу қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстардың жобалары және асырап алынған кәсіби отбасыларды қолдау бағдарламасының жобасы әзірленді..

БҚУ сонымен қатар орфандық аурулары бар балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде белсенді. БҚУ қызметінің нәтижесі денсаулық сақтау министрлігінің амбулаториялық деңгейде орфандық аурулары бар пациенттерді қамтамасыз ету үшін дәрілік препараттар тізбесін кеңейту және ТМККК тізбесіне және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне МӘМС 4 орфандық ауру мен 19 дәрілік затты қосу болды.

Балалардың мүгедектігін төмендетуге бағытталған реформалар БҚУ жұмысында да маңызды орын алады. Жас балалардың мүгедектігін төмендету жөніндегі шаралар кешені бойынша БҚУ бастамалары Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған жол картасында бекітілген, оның ішінде Скринингті ұйымдастыру қағидаларын, Педиатриялық көмек стандартын қайта қарауды, балаларға неонаталдық хирургияны, онкогематологиялық, онкологиялық және паллиативтік көмекті жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді қайта қарау кіреді.

БҚУ сонымен қатар әлеуметтік әділеттілікті және білімге тең қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдады. Осының аясында, БҚУ барлық оқушылар үшін тегін ыстық тамақ пен жеңілдетілген мектеп формасын енгізуге, бұл білім беру ортасындағы барлық балалардың тең мүмкіндіктері мен әл-ауқатына ықпал ететін жағдайлар жасауға ықпал етті.

БҚУ-дің халықаралық институттармен және ҚР СІМ-мен ынтымақтастығы шетелге заңсыз әкетілген балаларды қайтаруға бағытталған және балаларды қорғау мен әл-ауқаттың маңызды аспектісін құрады. БҚУ Бағдадтан балаларды әкету жөніндегі «Русафа» операциясына қатысты. Сондай-ақ, «Жусан» арнайы операциялар шеңберінде Қазақстан террористік белсенділік аймағынан 725 адамды шығарды, оның 500-і балалар. Сонымен қатар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау шеңберінде еуропалық *sociеux+* қорымен балалар интернаттық мекемелерін институттандырудан шығару бойынша жоба іске асырылуда.

Осылайша, БҚУ Балалардың құқықтарын қорғайтын институт ретіндегі рөлі мен функцияларын белсенді түрде дамытады.

Мигрант балалардың жағдайы. ҚР қолданыстағы заңнамаға сәйкес БҰҰ-ның ҚР ратификациялаған Бала құқықтары туралы конвенциясының⁸ 28-бабын орындау бойынша дәйекті шаралар қабылдайды.

Мигрант балалардың, босқын балалардың және қандастардың орта білім алуға құқықтары «Білім туралы» (8-бап), «Бала құқықтары туралы» (4-бап), «Көші-қон туралы» (13-бап), «Босқындар туралы» (16-бап) ҚР Заңдарымен реттелген.

- «ҚР-дағы бала құқықтары туралы» ҚР заңында тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүлкітік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие екендігі айқындалған.

- «Білім туралы» ҚР Заңында ҚР-да тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға білім алу құқығын беру бекітілген.

- «Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу ережесінде» мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу үшін білім беру ұйымдарына: шетелдіктердің балаларын; ҚР-да тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарды (*оның ішінде қандас*); ҚР-да уақытша тұратын адамдарды қабылдау регламенттеледі.

2022 жылдың соңында Ұлттық білім беру деректер базасының деректері бойынша Қазақстанның білім беру ұйымдарында 39461 мигрант бала оқиды, оның ішінде 27849 – басқа елдердің азаматтығы бар балалар, 10002 – қандас, 1058 – босқын балалар, 552 – азаматтығы жоқ балалар. Мигрант балалардың басым бөлігі орта білім беру ұйымдарында оқиды: қандастар қатарынан 84% (8414), босқын балалар қатарынан 59% (628), басқа елдердің азаматтығы бар балалар қатарынан 88% (24476), азаматтығы жоқ балалар қатарынан 69% (380).

4.7-кесте. Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі мигрант балалардың саны

	Қандастар	Босқындар	Басқа елдердің азаматтығы бар	Азаматтығы жоқ
Мектепке дейінгі ұйымдар	654	375	1274	109
Орта білім беру ұйымдары	8414	628	24476	380
ТЖКБ	934	55	2099	63
Барлығы	10002	1058	27849	552

Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

⁸ ҚР Жоғарғы Кеңесінің 08.06.1994 ж. қаулысы

Қазақстанда ата-анасыз қалған мигрант балалардың, босқын балалардың жағдайы реттелді. Мұндай жағдайларда балалар өздерінің отбасыларына орналасқанға дейін не өз Отанына оралғанға дейін өңірлік КБО және БҚО-ға жіберіледі.

Мигрант балалар КБО және ӨҚЖ балаларға арналған орталығында болған кезеңде арнаулы әлеуметтік қызметтер стандартында айқындалған арнаулы әлеуметтік қызметтерді алады. Орталықтарда балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңымен және білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартымен регламенттелген⁹.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер кешеніне әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық қызметтер кіреді.

Сонымен қатар, ҚР ОАМ Қазақстандағы БҰҰ-ның Балалар қорымен (ЮНИСЕФ) бірлесіп 2017-2022 жылдар кезеңінде «Қазақстандағы көші-қон процестеріндегі балаларды қорғау» бағдарламасын пилоттық режимде іске асырды.

Жобамен Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен Түркістан облысы қамтылды, оның барысында көші-қон үдерістеріндегі 1273 бала КБО және БҚО базасында қорғау, әлеуметтік, құқықтық және психологиялық қызметтерін алды.

Осылайша, Типтік қорғаныс қызметтері жоғарыда аталған үш аймақта сыналды, қазіргі уақытта осы жобаның нәтижелері шығарылуда.

Балалардың білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында және Бала құқықтары туралы конвенцияны басшылыққа ала отырып, «Білім туралы» (8, 47-бап), «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» (10-бап) ҚР заңдарына оларға немесе олардың ата-аналарына немесе өзге заңды өкілдеріне қатысты уәкілетті органдардың іс жүргізу шешімін қабылдауға дейін қылмыстық істер бойынша күдіктілерді немесе айыпталушыларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктердің білім алу құқығын қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды енгізу орынды деп санаймыз.

Арнаулы білім беру ұйымдарындағы, ерекше режимдегі ұйымдардағы балалардың, сондай-ақ тәрбие колонияларында жазасын өтеп жүрген кәмелетке толмағандардың жағдайы. Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдары мен ұстау режимі ерекше ұйымдардың қызметі мынадай нормативтік құжаттармен:

⁹ ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 17 бұйрығы

- «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңымен (13, 14-баптар);

- ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен реттеледі.

Арнаулы білім беру ұйымдарына 11 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар:

- әкімшілік ықпал ету шараларына әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды жүйелі түрде жасайтындар;
- білім алудан қасақана жалтарушылар;
- отбасынан және балалар ұйымдарынан өз бетінше кететіндер және өзге де қоғамға жат әрекеттер жасайтындар бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге жіберіледі.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге 11 жастан 18 жасқа дейінгі:

- қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа жетпеуіне не татуласуына байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылған аса ауыр қылмыстар немесе екі және одан да көп қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасаған;
- ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған және сот татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатылған кәмелетке толмағандар жіберіледі.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда жалпы контингенті 86 бала бар 5 арнаулы ұйым (Жамбыл (19 бала), ШҚО (22), Қызылорда (5), Маңғыстау (6), Алматы қ. 29) және ерекше режимде ұстайтын 1 ұйым (Абай (5) жұмыс істейді.

4.8-кесте. Өңірлер бөлінісінде арнаулы білім беру ұйымдарында және ерекше режимде ұстайтын ұйымдарда балалар саны

	Арнайы білім беру ұйымдары	Ұстау режимі ерекше ұйымдар
Жамбыл облысы	19	0
ШҚО	22	0
Қызылорда облысы	5	0
Маңғыстау облысы	6	0
Алматы	29	0
Абай облысы	0	86


Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

2022 жылы аталған ұйымдарға барлығы 196 бала келіп түсті, 108 бала шығарылды, оның ішінде жалпы білім беретін мектептерге – 54, ТЖКБ – 34, жұмысқа орналастырылды – 18, жұмысқа орналастырылмады – 2 (1 тергеуде, 1 шет елге кетті).

Тәрбиеленушілердің жалпы санынан жасына қарай бөлу келесідей: 11-13 жас аралығында – 23 адам, 14-16 жаста – 93 адам, 17-18 жаста – 80 бала. Балалардың әлеуметтік мәртебесіне сүйене отырып, олардың көпшілігі толық емес отбасылардан шыққан (136), толық отбасылардан шыққан 42 бала, 18 бала жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мәртебесіне ие.

6 жыл ішінде қабылданған тәрбиеленушілер контингенті біртіндеп төмендегенін көрсетеді: Егер 2017 жылы тәрбиеленушілердің жалпы саны 269 адам болса, 2022 жылы олардың саны 196 балаға дейін төмендеді.

4.11-диаграмма. 2017-2022 жылдарға арналған арнайы білім беру ұйымдары мен ұстау режимі ерекше ұйымдардың тәрбиеленушілерінің саны



Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

6 ұйымды ұстауға 2022 жылы жергілікті бюджеттен 817 млн. теңге бөлінді. Жылына 1 тәрбиеленушіні қамтамасыз ету 5,6 млн. теңгені құрайды.

2022 жылы ұйымдардың толымдылығы орта есеппен 44%-ды құрады. Қызметкерлер саны 306 адамды құрайды, оның ішінде педагогтар саны – 135.

4.5. «МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

«Мемлекеттік саясат» бағыты (14 индикатор). Есептеулерге сәйкес, «Мемлекеттік саясат» бағыты бойынша орташа балл 54,86 балға тең. Былтырғы өлшеумен көрсеткішті салыстырмалы талдау 2,38 балға өскенін көрсетеді (2021 ж. – 52,48).

Балаларды қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша жоғары көрсеткіштер Павлодар облысында (67,54 балл), Шымкент қаласында (65,73 балл) және Қызылорда облысында (64,69 балл) байқалады.

Алайда Ақтөбе, Ақмола, Батыс Қазақстан, Түркістан, Атырау, Алматы, Маңғыстау облыстары және Алматы, Астана қалалары сияқты Қазақстан өңірлерінде көрсеткіштер орташа республикалық деңгейден төмен екені байқалады. Әсіресе Алматы облысында (42,37 балл), Астана қаласында (40,96

балл) және Маңғыстау облысында (38,12 балл) өте төмен нәтижелер ерекше алаңдатады.

4.12-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде «Мемлекеттік саясат» домені бойынша балалардың хал-ахуалы индексінің қорытындылары



Тұжырымдар мен ұсыныстар

Тұжырымдар:

1. Жалпы, елдегі бюджеттік қаржыландырудың үштен бір бөлігі балалардың қажеттіліктеріне жұмсалады. Қызылорда, Батыс Қазақстан және Алматы облыстары сияқты кейбір өңірлер балалық шақты дамыту мен қорғауға ресурстардың орташа шамасынан артық бөледі. Алайда, Астана, Алматы қалалары мен Атырау облысы балалардың қажеттіліктеріне жұмсалатын бюджет шығыстарының үлесі төмен екенін көрсетеді, бұл шамамен 20%-ды құрайды.

2. Қазақстанда үш ауысымды мектептердің жалпы саны азайып келеді және олардың жалпы білім беретін мектептер санының үлесі 2,23%-ды құрайды. Үш ауысымды мектептердің ең көбі Алматы, Маңғыстау, Атырау, Түркістан облыстарында және Астана қаласында байқалады. Апатты жағдайдағы мектептердің үлесі шамалы болса да, мұндай проблема бар. Мұндай мектептердің басым бөлігі БҚО, Атырау, Қызылорда, Түркістан, Ақтөбе, Ұлытау және Маңғыстау облыстарында орналасқан.

3. 2022 жылы Қазақстанның көптеген білім беру ұйымдарында ыстық тамақ ұйымдастырылып, мектептердің 89,3% және білім алушылардың 97,4%-ы қамтылды. Балалардың едәуір бөлігі (29%) тегін ыстық тамақ алады, оның ішінде барлық бала аз қамтылған отбасылардан шыққан. 2021 жылмен салыстырғанда оң динамика байқалады: балаларды ыстық тамақпен қамту ұлғайды, қосымша 205 742 бала тегін тамақ ішті. Алайда 11 өңірде 1-4 сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін 26,3 млрд теңге көлемінде қосымша қаржыландыру қажет.

4. Қазақстанда 2022-2023 жылдардағы оқу кезеңінде 2302 ауылдан келген оқушыларды тасымалдау жүргізілді. Осы елді мекендерде тұратын мектеп жасындағы балалардың жалпы саны 90 000 адамды құрайды. Оның ішінде 37057 оқушы өз елді мекендеріндегі мектептерге барады, ал қалған 52943 оқушы көлікті пайдалана отырып оқуға жеткізіледі. Оқушыларды тасымалдауды қамтамасыз ету үшін республикалық деңгейде лизингке берілген 365 автобусты қоса алғанда, 1319 көлік құралы жұмылдырылды.

5. 2022 жылы Қазақстанда балалардың 64,3% қамтыған 1625 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істеді. Негізгі бағыттарға БЖСМ, балалар өнер мектептері, оқушылар сарайлары және балалар аула клубтары кіреді. Соңғы 5 жыл ішінде Қазақстанда қосымша білім беретін ұйымдар санының өсуі байқалады. Алайда, осы өсімге қарамастан, өткен жылы қосымша белсенділікпен қамтылған балалардың үлесі 8%-ға төмендеді. Бұл балаларды қосымша білім алуға тиімді тарту және оның қолжетімділігін арттыру қажеттілігін көрсетеді.

6. Қосымша білім беретін балалар контингентін талдау жыныс белгісі бойынша қамтудың біркелкі еместігін көрсетеді. Әсіресе кейбір аймақтарда гендерлік диспропорциялар орташа республикалық деңгейден едәуір асып түседі. Түркістан облысында қыздар қосымша білім беру контингентінің жалпы санының үштен бірін ғана құрайды (32%). Осындай жағдай Алматы, Жетісу және Абай облыстарында байқалады. Бұл деректер осы аймақтардағы қыздарға қосымша білім алуға қол жеткізудің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейту қажеттілігін көрсетеді.

7. 2022 жылы республикалық бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мемлекеттік жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер алатын балалары бар отбасылардың жалпы саны 2 миллионнан асты. Бұл қолдауды қамтамасыз ету үшін 917,0 миллиард теңге бөлінді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 21%-ға артты.

8. Қазақстанда 18 жасқа дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы саны 188144 баланы құрайды. Олардың көпшілігі мектеп жасында (70,5%). ЕБҚ бар балалардың 97,4%-ы әртүрлі ұйымдарда білім және қолдау алады.

9. 2022 жылдың соңында Қазақстанның білім беру ұйымдарында басқа елдердің азаматтығы бар балаларды, қандастарды, босқын балаларды және азаматтығы жоқ балаларды қоса алғанда, 39461 мигрант бала оқыды.

10. Қазақстанда 5 Арнайы білім беру ұйымы және ерекше режимде ұстайтын 1 ұйым жұмыс істейді. 2022 жылы бұл ұйымдарға 196 бала қабылданды, ал 108 бала шығарылды, олардың көпшілігі жалпы білім беретін мектептерге ауыстырылды немесе жұмысқа орналастырылды. Оқушылардың жасына қарай бөлінуі 14-16 жас аралығындағы балалардың ең үлкен тобын

көрсетеді. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, тәрбиеленушілердің көпшілігі толық емес отбасылардан шыққан. Соңғы 6 жылда оқуға түскен оқушылар саны біртіндеп азайып келеді.

Ұсыныстар:

1. Үш ауысымды мектептер проблемасын шешу мақсатында білім беру ұйымдарында құрылысын және оларды жаңартуды мемлекеттік қаржыландыру саясатын жалғастыру қажет. Сонымен қатар, мектеп жобаларына инвестиция салуға дайын инвесторлар үшін салықтық жеңілдіктер мен ынталандырулар енгізу және мемлекеттік мектептердегі оқушылардың жүктемесін азайту үшін жеке мектептердің әлеуетін пайдалану қажет.

2. Болашақта олардың тапшылығын болдырмау үшін демографиялық тенденциялар мен білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді қажеттіліктерін ескере отырып, балалар объектілерінің инфрақұрылымын талдау және жоспарлау өте маңызды.

3. Сондай-ақ балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ инклюзивтілікті қолдайтын және балалардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеретін білім беру жағдайларын жасау маңызды.

4. Ерекше білім беру қажет ететін балаларды тиімді оқыту мен дамытуды қамтамасыз ету үшін арнайы және психологиялық-педагогикалық білім беру саласында білікті мамандарды даярлау мен тартудың шұғыл қажеттілігі атап өтіледі.

5. Балаларды қосымша білім беру мүмкіндіктерімен кеңірек қамту үшін халық тығыз орналасқан өңірлердегі білім беру ұйымдарының желісін кеңейту қажет, өйткені мұнда балаларды оқудан тыс біліммен қамтудың төмен пайызы тіркеледі. Сондай-ақ, балаларға арналған икемді оқу кестелері мен форматтарын ұсыну, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға қаржылық қолдау көрсету, қосымша білім алуға қол жетімділігі шектеулі шалғай және халқы аз аудандарға мезгілді баратын мобильді қосымша білім беру орталықтарын құру маңызды.

6. Қазақстанның жекелеген өңірлерінде қосымша білім берумен қамтудағы елеулі гендерлік диспропорцияларды ескере отырып, Түркістан облысында, Алматы облысында, Жетісу облысында және Абай облысында қыздардың қосымша білім алуға қолжетімділігін арттыру және тарту мақсатында арнайы бағдарламалар мен іс-шараларды іске асыру ұсынылады. Бұл қыздардың қызығушылығын ескере отырып, қосымша білім беру бағдарламалары мен үйірмелерін құруды, стереотиптерді жеңуге бағытталған ақпараттық науқандар мен іс-шараларды өткізуді және қыздардың қосымша білім алуға қатысуын ынталандыруды қамтуы мүмкін.



5-ТАРАУ.

ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

5-ТАРАУ. ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

5.1 ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ИНДИКАТОРЛАРЫ


Экономикалық көрсеткіштер елдің әл-ауқатын қалыптастыруда маңызды болып табылады. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің индикаторларының бірі жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) болып табылады.

Жалпы аймақтық өнім. Елдің экономикалық дамуындағы әкімшілік-аумақтық бірліктердің рөлін арттыру жағдайында өңірлердің динамикасы мен әлеуметтік-экономикалық әлеуетін бағалау үшін қазіргі заманғы көрсеткіштерді неғұрлым белсенді пайдалану талап етіледі. Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) – бұл белгілі бір өңірде өндірілген барлық тауарлар мен қызметтердің құны, өңірдің экономикалық қызметінің және оның нәтижелілігінің жалпылама көрсеткішін білдіреді. ЖАӨ аймақтың тұрғындарының, яғни балалардың да хал-ахуалына әсер етеді.

ҚР СЖА ҰСБ ұсынған соңғы деректер бойынша жан басына шаққандағы ЖАӨ 2022 жылы 5 240,5 мың теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда жоғары және соңғы жылдары ЖАӨ өсімі байқалады.

Жан басына шаққандағы ЖАӨ бойынша бірінші орынды Атырау облысы (20 541,2 мың теңге), Алматы қаласы (8 944,8 мың теңге) және Астана қаласы (7 881,9 мың теңге) алады. Соңғы позицияларда Жамбыл облысы (2 264,8 мың теңге), Жетісу (1 985,9 мың теңге) және Түркістан облысы (1 666,6 мың теңге) бар. Еліміздің бірқатар өңірлерінде 2020 – 2021 жылдары ЖАӨ (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау облыстары, Астана қ.) деңгейінің төмендеуі байқалды.


5.1-диаграмма. Жан басына шаққандағы ЖАӨ, млн теңге



Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

ЖАӨ-нің нақты көлем индексі (НКИ) 2022 жылы (алдын ала деректер бойынша) 2021 жылға қатысты 103,3%-ды құрады. ЖАӨ НКИ-нің өсуі өткен жылы Ақтөбеден басқа еліміздің барлық өңірлерінде белгілі бір дәрежеде орын алды, онда өндіріс көлемінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

5.2-диаграмма. ЖАӨ нақты көлемінің индексі, %-бен



Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері


2022 жылғы ЖАӨ НКІ өңірлік жағынан ерекшеленеді. Салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштер Ақмола облысында (108,4), Шымкент қаласында (106,8) және Алматы облысында (106,3) тіркелді. Ақтөбе (100), Павлодар (100,2), Қарағанды (100,3) және Түркістан (100,5) облыстары сияқты ел өңірлерінде ЖАӨ НКІ көрсеткіштері ең төмен. Диаграммадан көріп отырғаныңыздай, ЖАӨ-нің өсуі әрдайым ЖАӨ-нің НКІ-мен байланысты бола бермейді.

Жұмыссыздық деңгейі. Елдегі жұмыссыздық халықтың экономикалық дамуы мен өмір сүру сапасына теріс әсер етеді, осылайша елдің әл-ауқатының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

ҚР СЖА ҰСБ деректері бойынша 2022 жылы Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ды құрады. Бір жыл бұрын жұмыссыздық деңгейі осындай көрсеткішке ие болды.

Өңірлер бөлінісінде жұмыссыздық деңгейінде елеулі айырмашылықтар байқалмайды, ал көрсеткіштер 4,3-5,2% шегінде ауытқуларға ұшырайды. Осыған қарамастан, еліміздің Ұлытау облысы және Қарағанды облысы (4,4%) сияқты өңірлерінде жұмыссыздық деңгейі салыстырмалы түрде төмен, Түркістан облысында (5,2%), Маңғыстау облысында (5,1%), Жетісу облысында (5,1%) салыстырмалы түрде жоғары екенін атап өткен жөн.

5.3-диаграмма. Жұмыссыздық деңгейі, %-бен



Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

Еліміздің көптеген аймақтарында жұмыссыздық деңгейі 0,1% шегінде ауытқуларға ұшырайды. Бұл ретте Маңғыстау облысында жұмыссыздық деңгейі өткен жылы 0,2%-ға өсті, ал Алматы қаласында, керісінше, 0,2%-ға төмендеді.

2022 жылы жалпы ел бойынша жұмыссыздық деңгейі әйелдер арасында еркектерге қарағанда жоғары болды (1,2%). Бұл жағдай елдің көптеген аймақтарына тән. Сонымен қатар, олардың кейбіреулерінде әйелдердің жұмыссыздығы айтарлықтай жоғары. Мысалы, Маңғыстау облысында әйелдер жұмыссыздығы 3 есе жоғары және 8%-ға жетеді. Сондай-ақ, әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі Ұлытау облысында 3,9%-ға, Қарағанды облысында 3,7%-ға, Жетісу облысында 2,9%-ға жоғары.

Еліміздің 5 өңірінде, керісінше, ерлер арасында жұмыссыздық деңгейі жоғары – бұл Алматы, Қостанай, Ақтөбе, Атырау және Павлодар облыстары. Алайда айтарлықтай айырмашылық тек Алматы (2,7%-ға) және Ақтөбе (1,1%-ға) облыстарына ғана тән.

Қала және ауыл тұрғындары бөлінісінде жұмыссыздық деңгейі жалпы ел бойынша қала тұрғындары арасында біршама жоғары (0,1%-ға). Өңірлік жағдай әр түрлі болуы мүмкін: еліміздің 7 өңірінде ауыл тұрғындары арасында жұмыссыздық деңгейі жоғары, бұл Солтүстік Қазақстан (1%-ға), Ақтөбе (0,9%-ға) және Ақмола (0,8%-ға) облыстарында көбірек байқалады. Басқа өңірлерге келетін болсақ, онда көп жағдайда қала тұрғындары арасында, әсіресе Алматы облысында (2,5%-ға) және Жетісу облысында (2,2%-ға) жұмыссыздық басым болады.

5.1-кесте. 2022 жылғы жұмыссыздық деңгейі, жынысы, елді мекен түрі және елдің аймағы бойынша, %-бен

Өңірлер	Еркектер	Әйелдер	Қала халқы	Ауыл халқы
ҚР	4,3	5,5	4,9	4,8
Абай	4,6	5,4	5,3	4,6

Ақмола облысы	4,6	4,9	4,4	5,2
Ақтөбе облысы	5,3	4,2	4,6	5,5
Алматы облысы	3,4	6,1	6,9	4,4
Атырау облысы	4,8	4,9	4,8	4,9
БҚО	4,5	5,5	4,9	5,1
Жамбыл облысы	4,8	5,1	5,4	4,6
Жетісу	3,7	6,6	6,3	4,1
Қарағанды облысы	2,7	6,4	4,7	3,3
Қостанай облысы	5	4,7	5	4,7
Қызылорда облысы	4,9	4,9	5,1	4,7
Маңғыстау облысы	2,7	7,9	5,1	5,1
Павлодар облысы	4,8	4,7	4,9	4,3
СҚО	4,6	5,1	4,3	5,3
Түркістан облысы	4,4	6,1	4,8	5,3
Ұлытау	2,5	6,4	4,3	4,1
ШҚО	4,7	4,8	4,7	4,8
Астана	4,6	4,6	4,6	
Алматы	3,9	6,2	5	
Шымкент	4,9	5,1	5	

Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

«Қазақстан балалары» (2017-2021 жж.) қол жетімді соңғы статистикалық жинаққа сәйкес 2021 жылы Қазақстанда жұмыс істемейтін және оқымайтын 15-17 жас аралығындағы жастардың үлесі 1,2%-ды құрады. Бұл көрсеткіш соңғы 5 жылдағы ең төмен көрсеткіштердің бірі. Өңірлік көрсеткіш Ақмола (2,9%), Қарағанды (2,4%), Павлодар (2,4%) және Түркістан (2,0%) облыстарында жоғары болды. Айта кету керек, Ақтөбе облысында көрсеткіш 5 жыл ішінде біртіндеп өсуде.

5.2-кесте. Жұмыс істемейтін және оқымайтын 15-17 жас аралығындағы жастардың үлесі, %-бен

Өңірлер	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
ҚР	1,7	2,8	2	0,9	1,2
Абай	1,6	1,6	1,3	2,5	2,9
Ақмола облысы	0	0,2	0,3	0,9	1,5
Ақтөбе облысы	2,2	1	0,2	0,1	0,1
Алматы облысы	0,5	0,6	1,5	0,9	0,5
Атырау облысы	0,1	0,3	0,1	0,1	-
БҚО	1,6	3,2	1,4	0,9	1,1
Жамбыл облысы	1,3	2,7	1,8	1,7	2,4
Жетісу	1,1	1,2	1,3	0,8	0,6
Қарағанды облысы	0,4	0	1,3	1,5	0,7
Қостанай облысы	0,3	1	0,7	0,1	0,4
Қызылорда облысы	2,6	4,6	2,3	1,3	2,4
Маңғыстау облысы	2,7	1,6	1,4	1,5	1
Павлодар облысы	-	10,6	11	0,2	2
СҚО	1,2	0,8	0,3	0,7	1,7
Түркістан облысы	0	0,2	0	0,3	0,6

Ұлытау	0,2	0,2	0	0,3	-
ШҚО	-	7,4	2,5	0,7	1,9

Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

Балаларды жұмысқа орналастыру балалар еңбегін пайдалануға жол бермеу мақсатында ҚР Еңбек кодексімен реттелетінін атап өткен жөн.

Еңбек шартына оның заңды өкілдерінің бірі кәмелетке толмаған баламен бірге қол қоюы керек.

ҚР ЕК-нің 31-бабына сәйкес он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі. Өзге жағдайларда еңбек шарты: 1) орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайларда он бес жасқа толған азаматтармен; 2) он төрт жасқа толған оқушылармен оқудан бос уақытында денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмыстарды орындау үшін; 3) он төрт жасқа толған оқушылармен; кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығармалар жасауға және (немесе) орындауға қатысу үшін жасалуы мүмкін.

ҚР ЕК-нің 69-бабына сәйкес 18 жасқа толмаған қызметкерлер үшін жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді: 14 жастан 16 жасқа дейін аптасына 24 сағаттан аспайды; 16 жастан 18 жасқа дейін аптасына 36 сағаттан аспайды. Еңбек министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығымен он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін қолдануға тыйым салынатын, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың еңбегі жиі пайдаланылатын ауыл шаруашылығы өндірісі көзделген жұмыстардың тізбесі бекітілді (барлығы 103 кәсіп пен жұмыс анықталды).

Кедейлік деңгейі. «Қазақстан балалары» статистикалық жинағының деректері бойынша (2017 – 2021 жж.) кәмелетке толмаған қазақстандықтар 2021 жылы табысы күнкөріс деңгейінен төмен барлық халықтың 47,2%-ын құрады.

Халықтың жалпы құрылымында табысы күнкөріс деңгейінен төмен балалар халқының үлесі сол 2021 жылы 7,7%-ды құрады. Бұл ретте ауылдық елді мекендерде қалаларға қарағанда үлесі жоғары. Соңғы жылдардағы көрсеткіштердің серпіні елде балалар кедейлігінің төмендеуі байқалмағанын көрсетеді.

5.3-кесте. Табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, %-бен

	2017 ж.	2018 ж.*	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
0-17 жас аралығындағы халық	4,4	7	6,6	7,9	7,7
оның ішінде:					
қала халқы	2,1	4,3	4,3	5,7	6

ауыл халқы	7,1	10,3	9,5	10,7	9,9
------------	-----	------	-----	------	-----

* 2018 жылғы қаңтардан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейінің құрылымы өзгертілді. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығындардың тіркелген үлесі ең төменгі тұтыну себетінің құнына 45% мөлшерінде белгіленген (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 7 қыркүйектегі №296 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы №354 бірлескен бұйрығы).

Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ деректері

2021 жылы балалар кедейлігімен ең нашар жағдай Түркістан (11,6%), Маңғыстау (10,4%), Солтүстік Қазақстан (9,8%), Ақмола (9,2%) және Шығыс Қазақстан (9,1%) облыстары, сондай-ақ Алматы қаласы (9,1%) сияқты өңірлерде болды.

Сол жинаққа сәйкес, отбасында баланың/балалардың болуы кедейлік деңгейімен тікелей байланысты екені анық. Осылайша, балалары жоқ үй шаруашылықтарында табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 2021 жылы 0,9%-ды, балалары бар үй шаруашылықтарында 6,9%-ды құрады, яғни кемінде 7 есе жоғары болды. Кедейлік деңгейімен және үй шаруашылығындағы балалар санымен байланысты. Мәселен, егер 1 баласы бар үй шаруашылықтарында табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 2,3%-ды құраса, онда 4 және одан да көп баласы бар үй шаруашылықтарында – 16,2%¹⁰.

5.2. СУ МЕН АУАНЫҢ САПАСЫ

Қоршаған елдің жағдайы мен экологиялық проблемалар халықтың денсаулығы мен өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді.

Ауа сапасы. ҚР СЖА ҰСБ деректері бойынша Қазақстандағы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі 2022 жылы 2314,7 мың тоннаны, бір жыл бұрын 2 407,5 мың тоннаны құрады. 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы ластаушы заттар шығарындыларының нақты көлемі 3,8%-ға төмендеді. Соңғы бірнеше жылда атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының біршама төмендегені байқалды.

5.4-кесте. Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, тоннамен (метрикалық)

2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл (алдын ала. деректер)
2 357,8	2446,7	2483,1	2441	2407,5	2314,7

Дереккөз: ҚР ЭжТРМ «Қазгидромет» РМК деректері

¹⁰ Қазақстан балалары / Статистикалық жинақ / орыс тілінде / 119 бет. Жинақ ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында www.stat.gov.kz қолжетімді.

2022 жылы атмосфералық ауаға шығарылған ластаушы заттардың жалпы көлемінің 79,6%-ы газ тәрізді және сұйық заттар, 20,4%-ы қатты заттар болды.

2022 жылы республиканың ауа бассейніне қорғасын және оның 213,4 тонна мөлшеріндегі қосылыстары, марганец және оның қосылыстары – 73,9 тонна, мыс оксиді – 103,1 тонна, күкірт қышқылы – 382,2 тонна, хлор – 53,8 тонна, сынап – 264 килограмм сияқты ерекше ластаушы заттар түсті. Осы заттардың нақты шығарылуы белгіленген шекті жол берілетін шығарындылар (ШЖШ) көлемінен аспады.

Ластаушы заттардың негізгі көлемі Павлодар (724,2 мың тонна) және Қарағанды (469 мың тонна) облыстарының аумақтарында қалыптасты. Атмосфералық ауа мониторингінің деректері көрсеткендей, 45 елді мекеннің ішінде атмосфералық ауаның ластануының жоғары деңгейіне 10 қала жатады: Астана, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған және Риддер.¹¹

5.5-кесте. Өңірлер бойынша ластаушы заттардың шығарындылары, тоннамен (метрикалық)

Өңірлер	2021 ж.	2022 ж.
ҚР	2407,5	2314,7
Абай	40,9	39,0
Ақмола облысы	77,3	69,5
Ақтөбе облысы	137,4	136,5
Алматы облысы	30,3	28,8
Атырау облысы	160,3	132,1
БҚО	26,0	25,8
Жамбыл облысы	55,8	52,9
Жетісу	17,7	13,1
Қарағанды облысы	488,0	469,0
Қостанай облысы	137,9	121,4
Қызылорда облысы	29,2	23,4
Маңғыстау облысы	75,2	78,7
Павлодар облысы	736,1	724,2
СҚО	61,2	52,7
Түркістан облысы	29,0	25,2
Ұлытау	81,7	105,1
ШҚО	87,2	83,3
Астана	62,2	57,7
Алматы	40,8	41,4
Шымкент	33,2	34,9

Дереккөз: ҚР ИИДМ деректері

Ауа сапасына оның құрамындағы PM_{2.5} ұсақ бөлшектерінің мөлшері әсер етеді. Ірі бөлшектерден айырмашылығы, олар биологиялық кедергілерді

¹¹ <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/v-minekologii-podveli-itogi-raboty-za-2022-god-1203351>

жеңе отырып, денеге енеді, сондықтан адам денсаулығына қауіп төндіреді. Осы ластаушы ауа өнімі жанатын заттар, ол автомобильдердің пайдаланылған газдарында кездеседі, сүрек пен көмірді жағу кезінде, сондай-ақ орман өрттері кезінде бөлінеді.

2022 жылы Қазақстан AQI Ауаның ластануының жаһандық рейтингінде 131 елдің ішінде 40-орынға ие болды. Орташа концентрациясы PM_{2.5}¹² ДДҰ ұсынған ауа сапасының орташа жылдық шамасынан 4,6 есе жоғары болды¹³.

Қоршаған ортаның ластануының негізгі себептері өнеркәсіптің барлық дерлік салаларындағы негізгі өндірістік қорлардың тозуы, ескірген технологиялар, сондай-ақ уыттылық деңгейі бойынша шығарындылары мұнай өңдеу өнеркәсібінен кейін екінші орында тұрған автокөлік құралдары санының айтарлықтай өсуі болып табылады. Мегаполистерде автокөліктен басқа ауаның ластануына жылу энергетикалық орталықтары, қазандықтар және көмірмен жылытылатын жеке үй иелері үлкен үлес қосады¹⁴. Осыған қарамастан, ҰСБ деректері бойынша 2022 жылы еліміздің кәсіпорындары барлық стационарлық ластау көздерінен шығатын ластаушы заттардың жалпы санынан ластаушы заттардың 93,4%-ы табылып және залалсыздандырылғанын атап өткен жөн.

Судың сапасы. ҚР ЭЖТРМ деректері бойынша 2022 жылдың 9 айында су сапасы жақсы су объектілерінің үлесі бойынша Алматы (100,0%), Павлодар (100%), Шығыс Қазақстан (72,2%) және Атырау облыстары (66,7%) көш бастап тұр. Сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан облысында судың сапасы жақсы су объектілерінің үлесі 50%-ды құрайтынын атап өткен жөн.

Бірқатар өңірлерде мониторинг қорытындысы бойынша 2022 жылдың 9 айында судың сапасы жақсы объектілердің үлесі 0,0%-ды құрады. Атап айтқанда, біз Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай және Қарағанды облыстары туралы айтып отырмыз. Ақмола облысында да су объектілерінің сапасы нашар – мұнда су объектілерінің тек 16,7%-ының суының сапасы жақсы. Сондай-ақ, Қарағанды облысындағы су сапасы жақсы су объектілерінің 30%-дан аспайды.

2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Ақмола және Алматы облыстарындағы су объектілерінде су сапасының көрсеткіштерін жақсарту бойынша тұрақты оң динамика байқалатынын атап өткен жөн.

5.6-кесте. Су ресурстарының сапа деңгейі, су сапасы жақсы су объектілерінің үлесі, %-бен

¹² PM_{2.5} бөлшектері – ауадағы қатты микробөлшектер және сұйықтықтың ең кішкентай тамшылары (диаметрі 10 нм - 2,5 мкм).

¹³ Қазақстандағы ауа сапасы. Жаңартылған күні: 26.06.2023. URL: <https://www.iqair.com/ru/kazakhstan>

¹⁴ Қоршаған ортаның жай-күйі және ҚР Табиғи ресурстарын пайдалану туралы 2020 жылғы ұлттық баяндама. Жаңартылған күні: 26.06.2023. URL: https://www.gov.kz/uploads/2022/1/21/195d4245b75123a2c2aeece3ed1ccb39_original.38998496.pdf

Өңірлер	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021ж.	2022 ж. 9 ай
ҚР	4.38	3.60	24.66	30.76	31.77	41,5
Ақмола облысы	0	0	8,33	8,30	16,60	16,7
Ақтөбе облысы	0	0	0,00	9,10	0	0
Алматы облысы	0	0	66,67	83,30	89,50	100,0
Атырау облысы	80,0	80,0	0,00	16,70	0	66,7
БҚО		0	11,11	25,0	0	0
Жамбыл облысы	0	0	0	0	0	0
Қарағанды облысы	0	0	0	0	0	28,6
Қостанай облысы	0	0	0	0	9,10	0
Қызылорда облысы	0	0	0	0	0	0
Маңғыстау облысы	100,0	100,0	0	-	-	-
Павлодар облысы	0	0	40,00	100,0	100,0	100,0
СҚО	0	0	0	0	0	50,0
Түркістан облысы	-	12,50	25,00	25,00	42,80	42,8
ШҚО	7,69	0,00	57,14	43,75	71,42	72,2

Дереккөз: ҚР ЭЖТРМ «Қазгидромет» РМК деректері

ҚР ЭЖТРМ 2020 жылғы Қоршаған ортаның жай-күйі және ҚР Табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндамасында ашық су айдындары суының сапасына әсер ететін негізгі себептер: су қорғау аймақтарының мөлшерін сақтамау, стихиялық тұрмыстық қоқыс үйінділерінің пайда болуы, өндірістік және ауыл шаруашылығы объектілерінің ағындары, өзен арналарының жағасында тұрғын және өндірістік объектілерді орналастыру, кәріз желілерінде апаттардың болуы және басқалар¹⁵.

5.3. ЕЛДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Қатты жабынды автожолдар. ҚР Автомобиль жолдары желісінің жалпы ұзындығы 94 781,1 мың км құрайды, оның ішінде қатты жабыны бар – 86 311,6 мың км. бұл ретте республикалық желінің ұзындығы 24 920,0 мың км (24 801,0 мың км – қатты жабыны бар), жергілікті желінің ұзындығы – 69 861,1 мың км (61 510,5 мың км – қатты жабыны бар)¹⁶.

5.7-кесте. Автожолдардың ұзындығы, мың км.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль	Оның ішінде		
	халықаралық және республикалық	облыстық маңызы бар	аудандық маңызы бар

¹⁵ Қоршаған ортаның жай-күйі және ҚР Табиғи ресурстарын пайдалану туралы 2020 жылғы ұлттық баяндама. Жаңартылған күні: 26.06.2023. URL:

https://www.gov.kz/uploads/2022/1/21/195d4245b75123a2c2aeece3ed1ccb39_original.38998496.pdf

¹⁶ Автомобиль жолдары. Жаңартылған күні: 26.06.2023. URL:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/miid/activities/252?lang=ru>

	жолдарының ұзындығы		маңызы бар					
	барлығы	олардың ішінде – қатты жабыны бар	барлығы	олардың ішінде – қатты жабыны бар	барлығы	олардың ішінде – қатты жабыны бар	барлығы	олардың ішінде – қатты жабыны бар
ҚР	94 781,1	86 311,6	24 801,0	24 801,0	31 788,0	30 672,5	38 078,1	30 838,1

Дереккөз: ҚР ИИДМ деректері

ҚР ИИДМ деректері бойынша 2022 жылы жалпы пайдаланымдағы қатты жабыны бар автожолдардың үлес салмағы 91,1%-ды құрады. 2017 жылдан бастап мұндай жолдардың үлес салмағы 5,3%-ға өсті.

Өңірлік 2022 жылдың қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан (70,5%), Атырау және Солтүстік Қазақстан (79,6%) облыстарында қатты жабыны бар жолдардың үлесі салыстырмалы түрде төмен.

Өңірлерде облыстық маңызы бар жолдардан басқа аудандық маңызы бар жолдардың жай-күйі жеке қаралады. Бұл жағдайда барлық жерде дерлік қатты жабындысы бар жолдардың үлесі қатты жабындысы бар облыстық маңызы бар жолдарға қарағанда төмен. Қатты жабыны бар жолдар проблемалары бірінші кезекте Батыс Қазақстан, Қостанай, Атырау, Солтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстары сияқты өңірлерге тән.

5.8-кесте. Қатты жабыны бар аудандық/облыстық маңызы бар жолдардың үлесі

Өңірлер	2021 жыл			2022 жыл		
	Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы, км	олардың ішінде – қатты жабыны бар	үлесі, %	Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы, км	олардың ішінде – қатты жабыны бар	үлесі, %
ҚР	95767,8	83387,4	87,1	94 781,1	86 311,6	91,1
Абай	-	-	-	6 713,1	6 414,5	95,6
Ақмола облысы	7958	7462	93,8	7 973,0	7 936,1	99,5
Ақтөбе облысы	6831,9	5530,5	81,0	6 309,2	6 081,1	96,4
Алматы облысы	9632,3	9483,2	98,5	5 608,8	5 485,1	97,8
Атырау облысы	3046,5	2322,3	76,2	3 052,5	2 429,5	79,6
БҚО	6496,7	4676,2	72,0	6 176,1	4 352,1	70,5
Жамбыл облысы	4329,6	4314,5	99,7	4 338,2	4 326,8	99,7
Жетісу	-	-	-	3 989,3	3 949,0	99,0
Қарағанды облысы	8780,6	8481,6	96,6	6 631,0	6 600,2	99,5
Қостанай облысы	9288,8	6763,9	72,8	9 173,8	7 244,6	79,0
Қызылорда облысы	3397,7	2970	87,4	3 403,6	3 044,6	89,5
Маңғыстау облысы	2955,3	2633,9	89,1	2 957,8	2 696,0	91,1
Павлодар облысы	5382,3	4919	91,4	5 504,9	5 071,0	92,1
СҚО	8996	6981	77,6	8 996,0	7 173,2	79,7

Түркістан облысы	6674,5	6496,4	97,3	6 508,1	6 313,6	97,0
Ұлытау	-	-	-	2 167,1	2 167,1	100,0
ШҚО	11997,6	10352,9	86,3	5 278,6	5 027,2	95,2

Дереккөз: ҚР ИИДМ деректері

Жалпыға ортақ пайдаланылатын қатты жолдарды ресми санау бұл сапалы жолдарға қатысты дегенді білдірмейтінін атап өткен жөн. Еліміздегі жол сапасы мәселесі өзекті болып қала береді.

Орталық кәріз. ҚР СЖА ҰСБ деректері бойынша 2022 жылы кәрізбен жабдықталған жалпы алаңның үлес салмағы Қазақстанда 74,0%-ды құрады. Соңғы 5 жылда кәрізбен жабдықталған жалпы аумақтың үлес салмағы бүкіл ел бойынша өсуде. Алайда өсу қарқыны әлсіз, 2017 жылдан бастап өсім 6%-дан аспады.

Өңірлерде кәрізбен жабдықталған жалпы аумақтың үлес салмағы әртүрлі. Жекелеген өңірлерде көрсеткіш өте жоғары: Маңғыстау (98,2%) және Жамбыл облысы (98,4%), Алматы қаласы (97,9%) және Астана қаласы (100,0%). Бірқатар өңірлерде көрсеткіш өте төмен: Түркістан (25,3%), Қызылорда (44,5%), Солтүстік Қазақстан (42,9%), Алматы (56,5%), Жетісу, Абай (57,7%) және Ақмола облыстары (61,0%).

Алматы, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстары кәрізбен жабдықталған алаңның үлес салмағының тұрақты өсуімен (өткен 5 жылда кемінде 10%-ға) ерекшеленеді.

Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында орталық кәріз жүйесіндегі жағдай іс жүзінде өзгермейді.

Басқа аймақтардың көпшілігі кәрізбен жабдықталған жалпы аумақтың үлес салмағының біртіндеп өсуімен сипатталады.

5.9-кесте. Кәрізбен жабдықталған жалпы алаңның үлес салмағы, %-бен*

Өңір	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
ҚР	68,4	69,7	70,4	71,4	72,5	74,0
Абай	-	-	-	-	-	57,7
Ақмола облысы	60,9	59,7	59,9	60,2	60,6	61,0
Ақтөбе облысы	77,3	79,0	79,8	81,6	83,1	84,1
Алматы облысы	43,3	46,9	48,6	51,1	54,0	56,5
Атырау облысы	86,9	87,3	87,4	87,8	88,4	89,3
БҚО	58,5	59,7	60,4	61,9	62,7	64,7
Жамбыл облысы	97,0	98,0	98,2	98,3	98,3	98,4
Жетісу						57,4
Қарағанды облысы	84,7	85,2	85,4	85,8	86,2	85,7
Қостанай облысы	63,2	64,8	65,6	66,2	67,1	68,3
Қызылорда облысы	31,4	35,8	38,2	39,3	41,1	44,5
Маңғыстау облысы	97,2	97,5	97,7	97,9	98,1	98,2
Павлодар облысы	70,6	70,8	70,8	70,8	70,8	71,0

СҚО	38,7	39,5	40,6	40,9	41,8	42,9
Түркістан облысы	-	21,6	21,4	21,5	22,6	25,3
Ұлытау	-	-	-	-	-	91,8
ШКО	61,4	62,3	62,7	63,6	64,6	73,7
Астана	100,0	100,0	99,9	100,0	100,0	100,0
Алматы	97,2	97,3	97,5	97,6	97,8	97,9
Шымкент	-	76,8	78,0	79,2	80,6	83,3

* Түсі орталық кәрізбен әлсіз қамтуды ғана емес, сонымен қатар 2017 – 2022 жж. динамикасында орталық кәрізбен қамтудың ұлғаюына елеулі өзгерістер болмайтын өңірлерді белгіледі.

Сондай-ақ тұрғын үй қорының орталық кәрізбен қаншалықты жабдықталғанын қарастыру маңызды. Мұнда көрсеткіштер көбінесе айтарлықтай төмен. Ресми деректер бойынша орталық кәрізбен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы ауданы 2022 жылы 74,0%-ды құрады. 2021 жылғы көрсеткішке қатысты өсім небәрі 1,5%-ды құрады. Бұл ретте ауылдық елді мекендерде көрсеткіш қалалық көрсеткіштен 2 есе төмен (тиісінше 44,5% және 89,8%).

Түркістан облысы (25,3%), Солтүстік Қазақстан (42,9%), Қызылорда (44,5%), Абай (57,7%) және Жетісу (57,4%) облыстарындағы жағдай өте нашар.

Еліміздің барлық өңірлерінде тұрғын үй алаңын орталық кәрізбен жабдықтау деңгейі бойынша бірінші орында тұрған қала мен ауыл арасында алшақтық бар. Бірқатар өңірлерде алшақтық өте жоғары: Павлодар (6 есе), Абай (5,5 есе), Солтүстік Қазақстан (5 есе дерлік), Батыс Қазақстан (4 есе), Қостанай (3 есе), Түркістан (3 есе дерлік), Қызылорда (2,5 есе), Шығыс Қазақстан облыстарында (2 есе дерлік).

5.10-кесте. Орталық кәрізбен жабдықталған барлық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлесі, %-бен

Өңір	2021 ж.			2022 ж.		
	Барлығы	Қалалық елді мекендерде	Ауылдық елді мекендерде	Барлығы	Қалалық елді мекендерде	Ауылдық елді мекендерде
ҚР	72,5	89,0	42,4	74,0	89,8	44,5
Абай				57,7	85,1	15,5
Ақмола облысы	60,6	73,6	47,4	61,0	72,7	48,9
Ақтөбе облысы	83,1	92,7	50,7	84,1	93,3	51,8
Алматы облысы	54,0	71,0	48,0	56,5	70,6	53,7
Атырау облысы	88,4	98,3	74,6	89,3	98,4	76,7
БҚО	62,7	91,2	20,2	64,7	91,6	23,6
Жамбыл облысы	98,3	98,8	97,8	98,4	98,9	97,9
Жетісу				57,4	73,5	43,0
Қарағанды облысы	86,2	93,9	54,9	85,7	93,7	51,5
Қостанай облысы	67,1	91,2	30,6	68,3	91,5	32,1
Қызылорда	41,1	60,9	22,0	44,5	63,0	26,6

облысы						
Маңғыстау облысы	98,1	99,5	96,7	98,2	99,6	97,0
Павлодар облысы	70,8	93,0	15,6	71,0	92,9	16,0
СҚО	41,8	74,9	14,8	42,9	75,6	15,8
Түркістан облысы	22,6	42,9	15,8	25,3	46,9	17,5
Ұлытау				91,8	96,0	77,8
ШҚО	64,6	84,8	29,9	73,7	88,0	45,9
Астана	100,0	100,0		100,0	100,0	
Алматы	97,8	97,8		97,9	97,9	
Шымкент	80,6	80,6		83,3	83,3	


Дереккөз: ҚР ИИДМ деректері

Ауыз су. 2022 жылдың қорытындысы бойынша республика бойынша сумен жабдықтаудың қолжетімділігі қалаларда 98,4%-ға, ауылдарда 94,5%-ға жетті. Қалаларда ауыз сумен қамтудың ең төмен деңгейі Жамбыл облысында (91,9%), Қостанай (80,4%), Ақмола (89,8%) және Солтүстік Қазақстан облыстарында (85%) байқалады.

Белгіленген сапа нормаларына сәйкес келмейтін ауыз судың үлесі өңірлерде әр түрлі. Мәселен, 2022 жылдың деректері бойынша ең жоғары көрсеткіштер Ақмола (17,6%), Батыс Қазақстан (15,1%) және Шығыс Қазақстан (11,2%) облыстарында байқалады. Сонымен қатар, бұл өңірлер 2021 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда теріс динамиканы көрсетеді. Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарында сапа нормаларына сәйкес келмейтін ауыз су сынамаларының үлесі айтарлықтай өсті.

Қызылорда және Павлодар облыстарында жақсы оң динамика тіркелді.

5.4-диаграмма. Белгіленген сапа нормаларына сәйкес келмейтін ауыз су сынамаларының үлесі, %-бен



Дереккөз: ҚР ИИДМ деректері

Ағымдағы жылы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуға және реконструкциялауға республикалық бюджеттен 280 млрд теңге бөлінді. Бұл

қаражатқа 402 жобаны іске асыру, оның ішінде қалаларда 167 млрд теңгеге 135 жоба, ауылдарда 113 млрд теңгеге 267 жоба жоспарлануда. Жыл қорытындысы бойынша сумен жабдықтауға қолжетімділік деңгейі: қалаларда 98,8%-ға, ауылдарда 96,3%-ға жетуі тиіс.


Бүгінгі таңда 600 мыңнан астам қазақстандықты ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу қажет. Әлі шешімін таппаған бірқатар жүйелік проблемалар бар. Мәселен, бірқатар өңірлерде су тазарту құрылыстарын салу (Ұлытау облысындағы Эскулинск су құбыры, Қызылорда облысындағы талап су құбыры, Пресновск су құбыры және Солтүстік Қазақстан облысындағы Соколов су құбырының екінші кезегі) бойынша «долгострой» жобалары бойынша жұмыстар кешіктірілуде. Сонымен қатар, инфрақұрылымның тозуына және оның уақтылы жаңартылмауына байланысты судың үзілуінің көптеген жағдайлары туындайды.

Жоғары жылдамдықты интернет. Қазіргі жағдайдағы ел инфрақұрылымының жай күйінің өзекті индикаторларының бірі жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізу болып табылады.

Қазақстан Республикасында 2022 жылы жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізе алатын елді мекендердің үлесі 57,8%-ды құрады. Сонымен қатар, елдің жекелеген аймақтарында көрсеткіштер өте жоғары. Мысалы, көрсеткіш Павлодар облысында 90,6%-ды құраған немесе Жамбыл облысында көрсеткіш 80,6%-ды құраған.

Ресми статистика деректеріне сәйкес, Ақмола (33,8%), Атырау (35,0%), Шығыс Қазақстан (35,7%), Түркістан (36,4%) және Абай облыстарында (39,9%) жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізу жағдайы нашар.

5.5-диаграмма. Жоғары жылдамдықты интернет. Жоғары жылдамдықты Интернетке қол жеткізе алатын елді мекендердің үлесі, %-бен




Дереккөз: ЖАО деректері

Автобус аялдамаларының қолжетімділігі. Автобус аялдамаларының қолжетімділігін зерттеу үшін ата-аналардың сауалнамасы аясында автобус аялдамасынан 15 минуттан аз қашықтықта тұратын 10-18 жас аралығындағы балалардың үлесін анықтау мақсатында сұрақ қойылды.

Сауалнама нәтижелері бойынша тиісті жастағы балалардың шамамен 66,5%-ы автобус аялдамасына жақын тұрады. Ең төмен көрсеткіштер еліміздің Шымкент қаласы (50,0%), Ұлытау облысы (56,3%), Қызылорда облысы (54,6%), Алматы облысы (60,9%), Астана қаласы (62,2%), Абай облысы (62,5%), Жетісу облысы (62,6%) және Түркістан облысы (63,4%).

5.6-диаграмма. Автобус аялдамасынан 15 минуттан аз қашықтықта тұратын 10-18 жастағы балалардың үлесі (ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері бойынша), %бен



Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ сауалнамасы

5.4. ЕЛДІҢ НЕГІЗГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

ҚР СЖА ҰСБ деректеріне сәйкес 2023 жылдың басында Қазақстан халқының саны 19 766 807 адамды құрады. 1999 жылдан бастап Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы алғашқы санақ жүргізілген кезде ел халқының саны өсуде, халық өсімі 23,5%-ды құрады.

Халықтың құрылымында ер адамдар 9 647 701 адамды немесе 48,8%, әйелдер 10 119 106 адамды немесе 51,2%-ды құрайды. Ауылдық елді мекендерде еркектер үлесі әйелдерге қарағанда біршама жоғары (тиісінше 50,7% және 49,3%). Қалалық елді мекендерде, керісінше, әйелдердің үлесі 4,8%-ға жоғары.

Еліміздің қала халқы соңғы санақ бойынша 12 209 302 адамды, ауыл халқы 7 557 505 адамды құрады. Яғни, қалалық елді мекендерде халықтың 61%-дан астамы, ауылдық елді мекендерде 38%-дан сәл астамы тұрады. Қала халқының үлесі ең көп Қарағанды (81,3%), Ұлытау (79,1%) және Ақтөбе (74,6%) облыстарында, ал ең азы Алматы (16,2%), Түркістан (24,5%) және Жамбыл (43,3%) облыстарында байқалды.

Соңғы жылдары қала халқы үздіксіз өсіп келеді. Соңғы онжылдықта қала халқының өсуі 31%-дан асты, ал ауылдық елді мекендерде 2023 жылға қарай халық саны 1%-ға азайды.

5.11-кесте. 2023 жылдың басындағы ҚР халық саны, адам

	Барлық халық	Қала залқы	Ауыл халқы	Еркектер	Әйелдер
ҚР	19 766 807	12 209 302	7 557 505	9 647 701	10 119 106
Абай	610 205	370 739	239 466	298 791	311 414
Ақмола облысы	788 023	441 998	346 025	385 161	402 862
Ақтөбе облысы	928 161	692 445	235 716	455 087	473 074
Алматы облысы	1 505 968	243 830	1 262 138	752 438	753 530
Атырау облысы	693 085	382 431	310 654	342 180	350 905
БҚО	688 129	386 749	301 380	336 364	351 765
Жамбыл облысы	1 218 170	526 910	691 260	604 369	613 801
Жетісу	698 729	310 575	388 154	345 385	353 344
Қарағанды облысы	1 134 854	922 368	212 486	542 991	591 863
Қостанай облысы	832 237	515 243	316 994	402 275	429 962
Қызылорда облысы	833 676	391 180	442 496	418 357	415 319
Маңғыстау облысы	767 107	346 906	420 201	381 368	385 739
Павлодар облысы	754 949	532 888	222 061	362 566	392 383
СҚО	534 108	258 927	275 181	258 007	276 101
Түркістан облысы	2 119 320	519 205	1 600 115	1 079 143	1 040 177
Ұлытау	221 426	175 100	46 326	108 446	112 980
ШҚО	730 236	483 384	246 852	349 527	380 709
Астана	1 354 507	1 354 507	-	645 722	708 785
Алматы	2 161 797	2 161 797	-	1 003 881	1 157 916
Шымкент	1 192 120	1 192 120	-	575 643	616 477

Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ сауалнамасы

Еліміздің көптеген аймақтарында халық санының өсуі байқалды. Жалпы, бұл үрдіс көбінесе батыс, оңтүстік аймақтар мен республикалық маңызы бар қалаларды сипаттайды.

Алайда, халық азая бастаған аймақтар бар. Бұған Солтүстік Қазақстан облысы мен Қостанай облысы және Шығыс Қазақстан облысы (-0,4%) жатады.

Өткен 10 жыл ішінде қала халқының өсуі қандай да бір дәрежеде еліміздің барлық өңірлерінде тіркелді. Ауыл халқының өскені туралы не айтуға болмайтын еліміздің 7 өңірінде ауыл халқының азайғаны тіркелді (Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары).


2023 жылдың басында ел халқының этникалық құрамы төмендегідей ұсынылды: қазақтар – 13 965 957 адам (70,7%), орыстар – 3 000 611 адам (15,2%), өзбектер – 643 363 адам (3,3%). Басқа этникалық топтардың өкілдері халықтың 10,8%-ды құрайды.

5.5. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС ПЕН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған құқық бұзушылықтар. ҚР БП ҚСЖАЕК деректері бойынша 2022

жылы Қазақстанда кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен 14-17 жас аралығындағы 100 000 балаға 26.0 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Бір жыл бұрын бұл көрсеткіш 100 000 балаға шаққанда 23,9 құқық бұзушылықты құрады. Осылайша, 2022 жылы көрсеткіш өсті.

5.7-диаграмма. Кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 14-17 жас аралығындағы 100 000 балаға шаққанда, бірл.



Дереккөз: ҚР БП ҚСЖАЕК деректері

Елдің әр түрлі аймақтарында кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен 100000 балаға 14-17 жас аралығындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны айтарлықтай ерекшеленеді.

Бұл көрсеткіш еліміздің келесі өңірлерінде салыстырмалы түрде төмен: Түркістан облысы (17,0), Қостанай облысы (18,2), Шымкент қаласы (18,9), Павлодар облысы (19,0%).

Еліміздің жаңа өңірлері 2022 жылғы есептеулер бойынша өте төмен шамаларға ие: Ұлытауда 1,4, Жетісуда 3,7 және Абай облысында 6,4.

Ең жоғары көрсеткіштер Шығыс Қазақстан (75,8), Батыс Қазақстан (45,0), сондай-ақ Қарағанды облыстарына (32,8) тән.

Екі жылдағы динамикаға келетін болсақ, көрсеткіштердің төмендеуі еліміздің 3 өңірінде ғана болды (Шымкент қ., Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстары). Бұл ретте көрсеткіштердің едәуір төмендеуі Қостанай облысына (2 есеге жуық) және Шымкент қаласына (орта есеппен 10%-ға) тән.

Сонымен қатар, кейбір аймақтар көрсеткіштің айтарлықтай өскенін көрсетті. Мәселен, Шығыс Қазақстан, Алматы және Атырау облыстарында көрсеткіш шамамен 2 есеге, сондай-ақ Жамбыл және Маңғыстау облыстарында шамамен 10%-ға өсті.

Абсолютті сандарда 2018 жылдан бастап жасөспірімдер қылмыстарының саны жартысына жуық қысқарды: 42%-ға, 2018 жылғы 2,9 мыңнан 2022 жылы 1,7 мыңға дейін. Жалпы, соңғы 5 жылда мемлекет пен азаматтық қоғам

институттары қабылдаған шаралар жасөспірімдер қылмысының тұрақты төмендеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы ортаға тартудың негізгі факторларының бірі – отбасындағы қолайсыздық. Сондай-ақ, ата-аналардың жұмыссыздығы, баспананың болмауы, алкогольдік ішімдіктерді теріс пайдалану және соның салдарынан бала тәрбиесінен жалтару сияқты әлеуметтік факторлар теріс әсер етеді.

Кәмелетке толмағандар негізінен ұрлық, ұсақ ұрлық, тонау және бұзақылық жасайды. Көбінесе жасөспірімдер заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта тұрғын үй-жайлардан тыс және ойын-сауық орындарында болғаны үшін ұсталады.

Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында болуына жол бергені үшін 760-қа жуық кәсіпкер жауапқа тартылды. 2 мыңға жуық қараусыз қалған жасөспірімдер кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізілді.

ҚР ІІМ жасөспірімдер қылмысының жай-күйіне республикалық деңгейде атаулы ықпал ету мақсатында мүдделі мемлекеттік органдар, «Аманат» партиясы, ҰЕҰ және жұртшылық өкілдерінің қатысуымен жедел-профилактикалық іс-шаралар («Жасөспірім», «Жұмыспен қамту», «Бітіру кештері», Түнгі қаладағы балалар) және акциялар («Жасөспірім – Заң – Қауіпсіздік», «Мен және менің полицейім») жүргізіледі. Бұл ретте құқыққа қайшы мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ оларды құқық бұзушылық жасауға тартатын адамдарды анықтауға басты назар аударылады. Әрбір іс-шара кәмелетке толмағандар арасында белгілі бір мақсаттарға жетуге, құқықтық сана мен олардың мінез-құлқына мақсатты әсер етуге бағытталған.

2022 жылы 14 мыңнан астам осындай рейдтік және жергілікті пысықтаулар жүргізілді, олардың барысында әртүрлі құқық бұзушылықтар жасағаны үшін полиция органдарына 118 мыңнан астам кәмелетке толмағандар жеткізілді, олардың 111 мыңнан астамы әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін ұсталған.

Кәмелетке толмағандардың ойын-сауық орындарында немесе түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде болғаны үшін 67 мыңнан астам ата-ана (ӘҚБтК 442-бабы) және 847 кәсіпкер (ӘҚБтК 132-бабы) әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша 24 мыңнан астам сұхбат ұйымдастырылды.

Бүгінгі күні алдын алу шараларымен полиция органдарының есебінде тұрған 5 мыңнан астам кәмелетке толмаған және 6 мың ата-ана қамтылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджер лауазымын енгізу тәжірибесі табысты болды. Бүгінгі таңда мұндай лауазымдар еліміздің 137 мектебінде (Астана қ., Алматы облысы, Жетісу облысы) енгізілді.

Сондай-ақ, құқық бұзушылықтың алдын алудың ең тиімді әдістерінің бірі – жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру және оларды спорт секциялары мен үйірмелердегі сабақтарға тарту. Үйірмелер мен секциялардың негізгі бөлігі ақылы негізде жұмыс істейтіндіктен, ІІМ тұрмыс жағдайы төмен отбасылардан шыққан 2 мыңнан астам балаға «Динамо» ведомстволық спорт залдарына тегін негізде баруға мүмкіндік берілді.

5.6. БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ДАМУҒА ҮШІН ҚАУІПСІЗ ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАУ, СУИЦИДТІҢ, БУЛЛИНГТІҢ ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Балаларға қатысты қылмыстар. 2022 жылы 100 000 балаға шаққанда балаларға қатысты қылмыстар саны 30,0 бірлікті құрады. 2021 жылмен салыстырғанда көрсеткіш азайды, бірақ шамалы, дәлірек айтқанда 2,7 бірлікке азайған.

Өңірлерде көрсеткіш айтарлықтай 11,1-ден 71,2 бірлікке дейін өзгереді.


Ең жоғары көрсеткіштер 2022 жылы Батыс Қазақстан (71,2 бірлік), Шығыс Қазақстан (54,5 бірлік), Қарағанды (53,0 бірлік), Солтүстік Қазақстан (51,9 бірлік) және Павлодар (39,4 бірлік) облыстары сияқты өңірлер үшін тән.

Жетісу облысының ең төменгі көрсеткіші – 11,1 бірлік, шамамен 20 бірлік деңгейінде көрсеткіш Абай, Ұлытау, Қостанай, Түркістан облыстары мен Астана және Алматы қалаларында байқалады.

2021-2022 жылдардағы динамика балаларға қатысты қылмыстар саны (100 000 балаға) азайған аймақтар бар және олар көп. Төмендеу шамамен 20 бірлікті (46,7 бірліктен 26,8 бірлікке дейін) құраған Ақмола облысын ерекше атап өткен жөн.

7 өңірде (Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары және Алматы қ.) қаралып отырған көрсеткіштің мәні артты.

5.8-диаграмма. 100000 балаға шаққандағы балаларға қатысты қылмыстар саны, бірл.



Дереккөз: ҚР БП ҚСЖАЕК деректері


Жалпы, қабылданып отырған шаралардың нәтижесінде соңғы 5 жылда кәмелетке толмағандардың өздеріне қарсы қылмыс саны абсолютті сандармен 2018 жылғы 2,1-ден 2022 жылы 1,9-ға дейін қысқарды, яғни 6%-ға азайды.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасауға ықпал ететін факторлардың бірі - отбасының қолайсыздығы. Жыл сайын балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін 6 мыңнан астам ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылады (ӘҚБТК-нің 127-бабы), полицияның ұсынуы бойынша 700-ге жуық ата-ана сот тәртібімен ата-ана құқықтарынан айырылады.

Қолайсыз отбасылардағы жағдайды сауықтыру мақсатында жергілікті атқарушы органдарға медициналық, психологиялық, әлеуметтік көмек көрсету, бейімдеу және оңалту үшін полиция есебінде тұрған кәмелетке толмағандар мен қолайсыз отбасылардың медициналық-әлеуметтік есебін жүргізу заңнамалық тұрғыдан жүктелген (2019 жылғы сәуірден бастап). Бірақ іс жүзінде бұл шаралар қолданылмайды, өйткені медициналық-әлеуметтік есепке алудың бірыңғай ережелері әзірленбеген. 2022 жылы ҚР ЕЖХӘҚМ Үкімет отырысында мемлекеттің көмегіне мұқтаж қолайсыз отбасыларды медициналық-әлеуметтік есепке алудың үлгілік қағидаларын әзірлеу тапсырылды (ҚР Үкіметі отырысының 2022 жылғы 18 қазандағы №39 хаттамасы).

2022 жылғы деректер бойынша **кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың саны** 100 000 балаға шаққанда 10,8 бірлікті құрады. Бір жыл бұрын осыған ұқсас көрсеткіш іс жүзінде 3 есе жоғары болды – 31,4 бірлік. Осылайша, жалпы ел бойынша өткен жылы көрсеткіш айтарлықтай төмендеді.

5.9-диаграмма. 100 000 бала тұрғынына кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар саны, бірл.



Дереккөз: ҚР БП ҚСЖАЕК деректері

Өңірлерде қаралып отырған көрсеткіш айтарлықтай 4,1-ден 27,8 бірлікке дейін өзгереді. Жоғары шама 2022 жылы Шығыс Қазақстан (27,8 бірлік), Солтүстік Қазақстан (25,6 бірлік), Қарағанды (22,1 бірлік), Павлодар (17,5 бірлік) және Алматы (16,2 бірлік) облыстары сияқты өңірлерде тіркеледі.

Салыстырмалы түрде төмен шама Жетісу облысына (4,1 бірлік), Жамбыл облысына (5,4 бірлік), Шымкент қаласына (6,3 бірлік), Қостанай облысына (6,7 бірлік), Түркістан облысына (6,9 бірлік) және Қызылорда облысына (7,0 бірлік) тән.

Жалпы ел бойынша кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар саны 100 000 балаға азайғанына қарамастан, көптеген өңірлерде бұл көрсеткіш, керісінше, өсті. Мысалы, Алматы, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында көрсеткіш кем дегенде 4 бірлікке өсті.

Бірақ оң динамика бар. Мәселен, Қызылорда облысында көрсеткіш 3,5 есе, Атырау облысында 2,5 есе, Шымкент қаласында кемінде 2 есе, Ақмола облысында орта есеппен 10%-ға төмендеді.

Жалпы, елде құқық қорғау органдары кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық қол сұғылмаушылық саласындағы қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты қатаңдатуға бағытталған курсты іске асыруда. Бұдан әрі шаралар ретінде 2022 жылғы 10 сәуірден бастап Оңтүстік Кореяның тәжірибесі бойынша республикада жұмыс істеп тұрған мамандандырылған орталықтардың базасында сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандарына кешенді көмек көрсету жөніндегі пилоттық жоба іске асырылуда, оның басты міндеттерінің бірі – жәбірленушілерге қатысты психотравматикалық әсерді болдырмау.


Балалар буллингi. Буллингке, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы ұшыраған балалардың үлесін анықтау мақсатында ҚР СЖА Ұлттық статистика бюросының сауалнамасы шеңберінде 10-18 жастағы балаларға мынадай сұрақ қойылды: «Соңғы 12 айда мектепте/әлеуметтік желілерде сіз қанишалықты жиі тап болдыңыз (бұл әрекеттер әлеуметтік желілерде де болуы мүмкін)?».

Әрекеттер тізімінде буллингтің келесі түрлері көрсетілген: «басқа білім алушылар мені іс-шараға қатысуға шақырмады», «басқа білім алушылар мені мазақ етті», «басқа білім алушылар мені қорқытты», «басқа білім алушылар маған тиесілі заттарды алып кетті немесе бүлдірді», «басқа білім алушылар мені ұрды немесе итеріп жіберді» және «басқа білім алушылар мен туралы жаман қауесет таратты».

Сауалнама нәтижелері балалардың кем дегенде 15%-ы, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы қорқытуға/қорлауға ұшырағанын көрсетеді.

Сауалнама барысында Алматы, Шымкент, Астана, Алматы, Батыс Қазақстан және Жетісу облыстарындағы әрбір 5-ші бала буллингке ұшырағанын шартты түрде мойындады. Сондай-ақ, көрсеткіш Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстары сияқты өңірлерде ел бойынша орташадан жоғары.

5.10-диаграмма. Қорқытуға/қудалауға ұшыраған 10-17 жас аралығындағы балалардың үлесі, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы (балалар сауалнамасының деректері бойынша), %-бен



Дереккөз: ҚР СЖА ҰСБ сауалнамасы

2022 жылы «Білім туралы» ҚР Заңына «баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) телекоммуникация желілері пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг)» (1-баптың 4-2-тармағы).

2022 жылы Балалардың хал-ахуалы индексі шеңберінде «Қорқытуға/қудалауға, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы ұшыраған 10-18 жас аралығындағы балалардың үлесі» индикаторы өлшенеді.¹⁷

Балаға қатысты жәбірленудің (буллингтің) алдын алу және анықтау жөніндегі қызмет тәртібін айқындайтын *Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидалары*, сондай-ақ білім алушылардың психологиялық әл-

¹⁷ ҚР Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 21 өкімі

ауқатын нығайту үшін мамандардың балалармен, ата-аналармен және педагогтармен жұмыс істеу алгоритмдерін сипаттайтын білім беру ұйымдары үшін *Психологиялық қызмет қызметінің қағидалары* бекітілді.

Сондай-ақ, 2022 жылы ҚР АЖҚДМ жанынан балаларға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтініштерді қарау үшін сараптамалық топ құрылды. Сараптама тобының құрамына орталық мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кірді.

Сараптама тобының негізгі міндеттері – балаға қатысты кибербуллинг туралы өтініштерді қарау, өтініштерде көрсетілген кибербуллинг фактілерін бағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ кибербуллинг фактілерінің болуы немесе болмауы туралы шешім шығару.

Кибербуллинг фактісі расталған жағдайда балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты жою үшін интернет-ресурстың меншік иесіне және (немесе) заңды өкіліне нұсқама дереу жіберіледі.

Кибербуллинг фактілеріне тап болған кезде ата-аналар сараптама тобына «Е-өтіш» азаматтарының барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы (<https://eotinish.kz/>) арқылы жүгінуге құқылы.

Білім беру ұйымдарындағы бейнебақылау. Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі маңызды шаралардың бірі білім беру мекемелерінде бейнебақылау жүйелерін орнату болып табылады. Республикада барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етілген. Білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйелерін ішкі істер органдарының жедел басқару орталығына (ЖБО) шығару бойынша жұмыс жалғасуда. Бүгінгі таңда ЖБО-ға жалпы санының 47%-ы немесе 4 713 білім беру ұйымдары қосылған.

Өңірлердегі мониторинг мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында:

- Астана, Алматы, Шымкент және Маңғыстау облыстарының әкімдіктері (100%) орындады;

- оң динамика (60% және одан жоғары) Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктерінде байқалады;

- төмен көрсеткіштер (60%-дан төмен) Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстарының әкімдіктерінен басқа барлық өңірлерде байқалады.

Орта білім беру ұйымдарында:

- Астана, Шымкент және Маңғыстау облыстарының әкімдіктері (100%) орындады;

- оң динамика (60% және одан жоғары) Алматы қаласының, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарының әкімдіктерінде байқалады;

– Ақмола, Абай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Ұлытау облыстарының әкімдіктерінде көрсеткіштер төмен (60%-дан төмен).

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында:

– Астана, Алматы, Шымкент және Маңғыстау облыстарының әкімдіктері (100%) орындады;

– оң динамика (60% және одан жоғары) Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктерінде байқалады;

– төмен көрсеткіштер (60%-дан төмен) Ақмола, Абай Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Павлодар, Түркістан және Ұлытау облыстарының әкімдіктерінде байқалады.

5.12-кесте. Білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз ету

Өңірлер	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары			Орта білім беру ұйымдары			Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары		
	Брлығы	ЖБО-ға қосылған, бірл.	ЖБО-ға қосылған, %-бен	Брлығы	ЖБО-ға қосылған, бірл.	ЖБО-ға қосылған, %-бен	Брлығы	ЖБО-ға қосылған, бірл.	ЖБО-ға қосылған, %-бен
Астана	96	96	100	96	96	100	8	8	100
Алматы	191	191	100	210	198	94	20	20	100
Шымкент	71	71	100	151	151	100	10	10	100
Ақмола облысы	124	44	35	536	152	28	23	13	57
Абай облысы	14	0	0	301	70	23	21	3	14
Ақтөбе облысы	225	44	20	404	169	42	24	11	46
Алматы облысы	101	0	0	425	16	4	18	1	6
Атырау облысы	152	8	5	200	76	38	15	6	40
ШҚО	114	67	58	342	206	60	24	14	58
Жамбыл облысы	224	5	2	445	126	28	19	13	68
Жетісу	90	0	0	338	96	28	90	0	28
БҚО	149	57	38	370	89	24	34	27	79
Қарағанды облысы	135	104	77	409	183	45	29	24	83
Костанай облысы	117	43	37	455	233	51	25	24	96
Қызылорда облысы	160	70	44	294	221	75	17	12	71
Маңғыстау облысы	139	139	100	145	145	100	14	14	100
Павлодар облысы	146	40	27	359	178	50	25	10	40
СҚО	62	45	73	300	457	66	18	14	78
Түркістан облысы	267	0	0	908	743	82	29	0	0
Ұлытау	42	0	0	88	6	7	9	0	0

Дереккөз: ҚР ОАМ деректері

Білім беру ұйымдарының Бейнебақылау жүйелерін ЖБО-ға қосымша қосу үшін өңірлерде 919,9 млн. теңге көлемінде қаржы қаражаты көзделген

(балабақшалар – 342,5 млн. теңге; мектептер – 550,1 млн. теңге; колледждер – 83,2 млн. теңге).

Осы бағыттағы жұмыс ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде жалғастырылатын болады, оның жобасына осы бағыт бойынша іс-шаралар енгізіледі.

Сондай-ақ, балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау мақсатында 2022 – 2023 оқу жылында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілді. Курсты оқу үшін 5-9 сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген оқытудың болжамды нәтижелерін көрсете отырып, алты тақырыптық бөлім енгізілді: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және отансүйгіштік», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану» деген алтыншы бөлім қосымша енгізілді. «Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық» 5-9 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттілік» курсының негізгі бөлімдерінің бірі болып табылады.

Колл-орталықтар арқылы балалардың құқықтарын бұзу фактілеріне жедел ден қою бойынша жұмыс жалғасуда. Ақтөбе облысы, Шымкент қаласындағы Call-орталықтар 2018 жылдың тамыз айында жұмысын бастады. 2019 жылдың қаңтар айынан бастап Астана, Алматы қалаларында, Маңғыстау облысында call-орталықтардың қызметі ұйымдастырылды. 2019 жылдың тамыз айынан бастап call-орталықтар республиканың барлық өңірлерінде жұмыс істей бастады. Call-орталықтар жұмысының мақсаты ашықтық және анонимдік шарттарында бір арналы байланыс режимінде шұғыл психологиялық және құқықтық көмек көрсету болып табылады.

2019 жылдан бастап BALA QORGAU чат жеделхаттарының, BalaQorgauBot2.0 автоматтандырылған ботының тәулік бойы тұрақты кері байланыспен жұмысы ұйымдастырылды. Чат-боттың тиімділігі әрбір қатысушы өтінішке жауап алатынын, тәулік бойы жұмыс істейтінін, өтініштер жағдай толық шешілгенге дейін шұғыл тәртіппен қаралатынын білдіреді.

2022 жылы жедел ден қою тетігін жетілдіру мақсатында «balaqorgau» цифрлық жобасы іске қосылды. Мектептерде QR-коды және <https://bala.gov.kz> «balaqorgau» веб-сайтының мекенжайы жазылған тақтайшалар орнатылған. Веб-сайт мектеп оқушыларын толғандыратын өзекті мәселелерді, сондай-ақ балалардың құқықтарын бұзу фактілерін анықтауға көмектеседі.

«Кибернадзор» ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – «Кибернадзор» АЖ) жұмыс жалғасуда. Жүйе ақпарат саласындағы уәкілетті органға деструктивті сипаттағы ақпараттық материалдарды анықтау және бұғаттауға беру бойынша

ең оңтайлы құрал болып табылады. Жүйеге еліміздің 15 өңірінің білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттері мен білім басқармалары қосылған, ведомстволарды қосу бойынша жұмыстар жалғасуда.

2022 жылы құқыққа қайшы мазмұны бар 16 мыңнан астам шетелдік интернет-ресурстар анықталды, оның ішінде порнографиялық материалдарды тарату бойынша 2 мыңнан астам ресурстар анықталды, олар бойынша ақпарат қолжетімділікті бұғаттау үшін ҚР АЖҚДМ «Кибернадзор» ақпараттық жүйесіне жіберілді.

Ата-аналармен қажетсіз «Қауіпсіз интернет», «Қазақтелеком» АҚ – «Ата-ана бақылауы» қызметі Интернет-ресурстарға шектеулі қолжетімділікті қосу қажеттілігі туралы жұмыс жүргізілуде.

Ағымдағы жылы ҚР АЖҚДМ «Жастар мен балалар арасында Интернетке тәуелділік пен құмар ойындардың алдын алу бойынша шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру» әлеуметтік жобасын іске асыруды бастады. Жобаның мақсаты жастарға интернет кеңістігінде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету, Интернетке тәуелділіктің және құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу үшін жағдай жасау болып табылады.

Мәдениет және спорт министрлігі (МжСМ) 2021 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысында берілген Президенттің тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 444-бабының екінші бөлігіне заңды тұлғалардың жиырма бір жасқа дейін жастағы жеке тұлғаларды құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге тартқаны немесе жол бергені үшін олардың лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруға дейінгі әкімшілік жауаптылығын енгізу бөлігінде түзетулер енгізілген.

Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың аппараттық-бағдарламалық кешеніне байланыс желілері арқылы қосылған бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық құралдар жиынтығы түрінде ұтыстарды есепке алу орталығын (бұдан әрі – ҰЕАО) енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Букмекерлік кеңседе, оның ішінде интернет желісінде ойыншыларды тіркеу ҰЕАО-ға алдын ала тіркелусіз мүмкін болмайды. ҰЕАО құмар ойындарға қатысуды және кәмелетке толмағандардың бәс тігуін шектеу мақсатында ойыншылардың жеке басын тексеруді жүргізетін болады. ҰЕАО құрылғаннан және толыққанды жұмыс істегеннен кейін 21 жасқа толмаған адамдар ҰЕАО-ға тіркеле алмайды және тиісінше заңды түрде ұйымдастырылған бәс тігуге қатыса алмайды.

Бұдан басқа, интернет-казино қызметіне қарсы іс-қимыл жасау мақсатында мынадай заңнамалық шаралар пысықталуда: 1) интернет-казино ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруы туралы мәліметтер бар адамдардың арнайы тізбесін жүргізу; 2) банктер мен Қазақстанның төлем жүйелеріне көрсетілген тізбеде тұрған адамдардың пайдасына қаржылық операциялар жүргізуге тыйым салуды белгілеу; 3) кредиттік карталардың көмегімен интернет-казино мен букмекерлік кеңселерде төлемдерді жүзеге асыруға немесе шоттарды толықтыруға тыйым салу; 4) бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып жасалған интернет-казино ұйымдастырғаны үшін жауапкершілікті белгілеу.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтен қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасына мемлекеттік органдардың балаларға зорлық-зомбылық (жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, зорлық-зомбылық, баланы саудалау) жағдайларына ден қою бірыңғай сектораралық алгоритм әзірлеу бойынша шаралар қамтылды. Жоба дайындық сатысында.

2022 жылғы 15 қыркүйекте «Адам, оның өмірі – Қазақстан Республикасының ең үлкен құндылығы» Қазақстандық Медиа Альянсының декларациясы өз-өзіне қол жұмсауды жариялау жөніндегі жұмысына басшылық ету үшін БАҚ-қа бекітілді және жіберілді.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында жанжалдарды реттеуге және шешуге бағытталған қызметті жүзеге асыру үшін педагогтердің, білім алушылардың және олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) ерікті күш-жігері негізінде Медиация қызметтері құрылғанын атап өткен жөн.

Мектеп медиациясын дамыту – балаларды тәрбиелеудегі басым міндет. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда. Қызметтер Ақмола облысында 327 мектепте, Ақтөбе облысында 171, Алматы облысында 251, Шығыс Қазақстан облысында 11, Жамбыл облысында 271, Батыс Қазақстан облысында 243, Қызылорда облысында 54, Павлодар облысында 24, Солтүстік Қазақстан облысында 369, Астана қаласында 25, Шымкент қаласында 243 мектепте құрылды.

5.7. «ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫ ИНДЕКСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ


«Елдің әл-ауқаты» бағыты. Осы бағыт шеңберіндегі индекс 14 компоненттен (12 статистикалық және 2 сауалнама индикаторы) тұрады.

«Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша индекс 2022 жылы жалпы ел бойынша 58,8 балды құрады.

Индекстің неғұрлым жоғары көрсеткіштері Алматы қаласында (70,04 балл), Павлодар (66,08 балл) және Атырау (64,97 балл) облыстарында тіркелді.

Ең төменгі индекс Батыс Қазақстан облысына тән (41,82 балл). Сондай-ақ, басқа өңірлерге қатысты индекс көрсеткіштерінің төмендеуі Солтүстік Қазақстан (51,67 балл), Қызылорда облыстарында (52,3 балл) тіркелді. Жалпы, «Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша индекстің мәні 8 өңірдегі ел бойынша орташа мәннен төмен.

5.11-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде «Елдің әл-ауқаты» бағыты бойынша балалардың хал-ахуалы индексінің қорытындылары



Тұжырымдар мен ұсыныстар

Тұжырымдар:

1. Соңғы жылдары елдің жалпы аймақтық өнімі (ЖАӨ) өсуде. Өңірлік ЖАӨ айтарлықтай өзгереді, ең төменгі көрсеткіштер Жамбыл, Жетісу және Түркістан облыстарында. Өткен жылы ел деңгейінде ЖАӨ өскеніне қарамастан, жекелеген өңірлерде төмендеу орын алды, бұған елдің батысындағы барлық облыстар, сондай-ақ Қызылорда облысы мен Астана жатады. ЖАӨ НКИ де өткен жылы өсті, алайда өңірлерде ЖАӨ-нің өсуі әрдайым ЖАӨ НКИ өсуімен байланысты бола бермейді.

2. Өткен жылы ресми деректер бойынша жұмыссыздық деңгейі сол деңгейде қалды. Өңірлік көрсеткіштер Түркістан, Маңғыстау және Жетісу облыстарында жоғары. Бұл ретте Маңғыстау облысында әйелдер жұмыссыздығы 3 есе жоғары.

3. 2022 жылы 15-17 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық көрсеткіші соңғы 5 жылдағы ең төмен көрсеткіштердің бірі болып шықты, Ақмола, Қарағанды, Павлодар және Түркістан облыстарында үлесі салыстырмалы түрде жоғары болды. Динамикадағы байқау Ақтөбе облысында проблема бар екенін көрсетеді – мұнда жұмыс істемейтін және оқымайтын 15-17 жастағы балалардың үлесі 5 жыл ішінде біртіндеп өсуде.

4. Балалар табысы күнкөріс деңгейінен төмен ел халқының жартысына жуығын құрайды. Бұл ретте ауылдық елді мекендерде балалардың кедейлік

деңгейі қалаларға қарағанда жоғары.

5. Қазақстанда атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының біршама төмендеуі байқалады. Ластаушы заттардың негізгі көлемі Павлодар және Қарағанды облыстарының аумақтарында қалыптасты. Атмосфералық ауаның ластануының жоғары деңгейі Астана, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған және Риддерге тән. Ластанудың негізгі себептері: өнеркәсіптің барлық салаларында негізгі өндірістік қорлардың тозуы, ескірген технологиялар, автокөлік құралдарының санының едәуір өсуі, сондай-ақ жылу-энергетикалық орталықтар, қазандықтар және мегаполистердегі көмірмен жылытылатын жеке үй иелері. Елдегі шығарындылар көлемінің төмендеуіне қарамастан, 2022 жылы Қазақстан AQI Ауаның ластануының жаһандық рейтингінде 131 елдің ішінде 40-орынға ие болды, бұл ретте PM_{2.5} орташа концентрациясы ДДҰ ұсынған ауа сапасының орташа жылдық шамасынан 4,6 есе жоғары болды.

6. Соңғы жылдары елдегі қатты жабыны бар автожолдардың үлесі өсті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш Жамбыл, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында салыстырмалы түрде төмен. Аудандық маңызы бар жолдарда (облыстық маңызы бар жолдармен салыстырғанда) қатты жабыны бар автожолдардың үлесі төмен болуды жалғастыруда. Жалпы алғанда, елдегі жол сапасының проблемасы жалпыға ортақ пайдаланылатын қатты жабыны бар автожолдардың ресми санына қарамастан өзекті болып қала береді, өйткені бұл тәсіл сол қатты жабынның нақты сапасын ескермейді.

7. Кәрізбен жабдықталған жалпы алаңның үлес салмағы Қазақстанда өсуді жалғастыруда, бірақ өсу қарқыны өте әлсіз – 2017 жылдан бері көрсеткіш небәрі 6%-ға өсті. Жекелеген өңірлерде әлі де кәрізбен қамтамасыз ету деңгейі өте төмен: Түркістан облысында 25%-дан сәл астам, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында 50%-дан аспайды, сондай-ақ Жетісу, Абай және Алматы облыстарында 60%-дан аспайды. Бұл ретте Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында орталық кәріз жағдайы өзгермейді.

8. Тұрғын үй қоры жалпы аумаққа қарағанда Орталық кәрізбен нашар жабдықталған. Өсу қарқыны да әлсіз. Бұл ретте ауылдарда көрсеткіш қалаларға қарағанда орта есеппен 2 есе төмен. Тұрғын үй қорының орталық кәрізбен жабдыкталуының әлсіздігі Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Абай және Жетісу облыстарына тән. Бұл ретте Абай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Қызылорда облыстарында алғашқы (бірнеше есе) пайдасына қалалық және ауылдық елді мекендер арасында кәрізбен жарақтандыруда алшақтық байқалады.

9. Қазақстан халқының саны өсуде. Бұл үрдіс елдің көптеген аймақтарына тән. Төмендеу Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Шығыс

Қазақстан облыстарына тән.

10. Қалаларда халықтың 61%-дан астамы тұрады. Бұл ретте қала халқының саны үздіксіз өсуде (10 жыл ішінде өсім 31%-дан асты), ауыл тұрғындарының саны азайып келеді (2022 жылға қарай 1%-ға азайды). Еліміздің көптеген аймақтарында халық санының өсуі байқалды. Жалпы, бұл үрдіс көбінесе батыс, оңтүстік аймақтар мен республикалық маңызы бар қалаларды көрсетеді.

11. Елдегі жасөспірімдер қылмыстарының саны 2018 жылдан бастап жартысына жуық қысқарды және 2022 жылы 1,7 мыңды құрады. Алайда, кәмелетке толмағандар жасаған немесе 14-17 жас аралығындағы 100000 балаға шаққандағы құқық бұзушылықтардың үлесі өткен жылы өсті. Бұл ретте көрсеткіш өңірлерде біркелкі бөлінбеген, ең жоғары шама Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарына тән.

12. Соңғы 5 жылда кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс саны 6%-ға қысқарды. 2022 жылы 100000 балаға шаққандағы балаларға қатысты қылмыстар саны да азайды. Бұл көрсеткіш ел өңірлерінде айтарлықтай өзгереді. Оның мәні Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары.

13. Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың саны 2021 жылмен салыстырғанда 100 000 балаға шаққанда 3 есе азайды. Сонымен қатар, аймақтарда көрсеткіш айтарлықтай өзгереді.

14. Балалардың кем дегенде 15%-ы өткен жылы кемсітуге/қорлауға, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы ұшырады.

15. Республикадағы барлық ұйымдар бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етілгеніне қарамастан, білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйелерін ішкі істер органдарының жедел басқару орталығына (ЖБО) шығару бойынша жұмыс әлі де жалғасып, бүгінде білім беру ұйымдарының жалпы санының кемінде 50%-ы (дәлірек айтсақ, 47%) қосылған.

Ұсыныстар:

1. Қазақстан бойынша әртүрлі санаттағы отбасылар, оның ішінде ауылдық елді мекендерде тұратындар үшін қолжетімді тұрғын үй бағдарламаларын әзірлеу және енгізу қажет. Бұл ретте мұндай бағдарламаларды әзірлеу кезінде отбасының бір мүшесіне қажетті тұрғын үй алаңының нормативтерін сақтау қажеттілігін ескеру міндетті өлшемдердің бірі болуы тиіс.

2. Балалардың хал-ахуалының индексын зерделеу шеңберінде ата-аналар үшін әлеуметтік сауалнаманы қалыптастыру кезінде тұрғылықты жері туралы сұрақта жауап нұсқаларының шкаласын қайта қарау ұсынылады. Атап айтқанда: «Өз үйімізде/пәтерімізде», «Ата-аналарымыздың/туыстарымыздың үйінде», сондай-ақ «Ипотека/бөліп төлейтін пәтерде/үйде» жеке жауап

нұсқаларын қарастыру. Бұл тәсіл балалардың өмір сүру жағдайлары туралы маңызды ақпаратты жинап қана қоймай, Қазақстандағы отбасылардың әлауқатына тереңірек талдау жасауға мүмкіндік береді.

3. Талдау нәтижелері Ақтөбе облысында еш жерде оқымайтын және жұмыс істемейтін 15-17 жас аралығындағы балалар үлесінің теріс динамикасы байқалатынын көрсетеді. Бұл NEET жастары деп аталады. Білім беру саласынан және еңбек нарығынан алшақтау NEET жастарының өзі үшін де, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай үшін де жағымсыз салдарлар мен тәуекелдерге әкелуі мүмкін. Осылайша, арнайы шараларды тереңірек талдау және әзірлеу мақсатында аймақтың осы мәселелеріне мұқият назар аудару қажет. Сондай-ақ, Ақмола, Қарағанды, Павлодар және Түркістан облыстарында 15-17 жас аралығындағы халық арасында жұмыссыздық деңгейі жоғары өңірлерге ерекше назар аударған жөн.

4. Елімізде тұрғын үй қорын орталық кәрізбен жабдықтау деңгейі мәселесі, әсіресе ауылдық елді мекендерде әлі де проблемалы болып қалуда. Талдау көрсеткендей, 5 жыл ішінде динамикада өсу қарқыны бүкіл ел бойынша төмен болып қалады, елдің кейбір аймақтарында кәрізбен жабдықтаудағы ауылдар мен қалалар арасындағы алшақтық өте үлкен, яғни іс жүзінде бұл бағыттағы ауылдық елді мекендерде жұмыс мүлдем жүргізілмейді және өз бетімен жіберілген. Сонымен қатар, орталық кәріз жүйесі инфрақұрылым мен жайлы өмір сүрудің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Абай және Жетісу сияқты еліміздің облыстарында кәрізбен төмен жарақтандыруды жою жөнінде ерекше назар аударып, бірқатар шаралар қабылдау қажет.

5. Қазақстандағы балалар кедейлігінің жағдайы осы баяндама шеңберіндегі ресми деректерді талдау кезінде ғана емес, соңғы жылдары сарапшылар қауымдастығында да елеулі алаңдаушылық туғызады. Балалардың кедейлігі – ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіптердің бірі. Сонымен қатар, елдегі кедейліктің ресми статистикасы тым оптимистік көрінеді. Халықтың кедейлік деңгейін, оның ішінде балалар кедейлігін бағалау тәсілдері мен критерийлерін қайта қарау қажеттілігі туындағаны анық. «Балалар кедейлігі статистикасы» жеке бағытын бөліп көрсету ұсынылады, оның шеңберінде әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар тұрғысынан балалар кедейлігінің жай-күйін жан-жақты сипаттайтын деректерді мұқият жинау жүргізілетін болады. Балалардың кедейлігі туралы мәліметтер ашық және үнемі жаңартылып отыруы керек.

